

АЛҒЫ СӨЗ

Казақ тілін үйренушілер үшін кәсіби сала ерекшеліктеріне сәйкес мәтіндерді сұрыптау аса маңызды. Себебі мәтін тіл үйренушінің ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыруға, жазба тілін дамытуға, сөздік қорын молайтуға, сауаттылығын арттыруға, мәнерлеп оқу шеберлігін жетілдіруге, жалпы білім деңгейін көтеруге көмектеседі. Тіл үйрету барысында тілдің түрлі салалары, мәселен, фонетика, лексика және грамматика бөлшектенбей тұтас меңгерілуі тиіс деп санаймын. Осы ретте мәтін жекелеген сөздердің сөйлем ішіндегі орын тәртібін байқауға, олардың өзара қарым-қатынасын түсінуге, байланысу амалдарын меңгеруге және сөйлемнің түр-түрін танып ажыратуға үйретеді. Сондықтан да мәтіннің мазмұнына қойылатын талап та жоғары болмақ. Мәтін мазмұны қандай болу керек деген сұраққа ең әуелі қазақ халқының, Қазақстан Республикасының төл тарихы, әлеуметтік-экономикалық, мәдени жетістіктері жөнінде мәліметтер қамтылуы тиіс дегім келеді. Қазақстан азаматтарының бойында Отанға құрмет сезімін тәрбиелейтін, адамгершілікті дәріптейтін, салауатты өмір салтын насихаттайтын мәтіндер қажет. Мәтін мазмұны тартымды, қызықты, ең бастысы, қоғам өміріндегі зәру мәселелерге арналғанда немесе тіл үйренушінің кәсіби біліктігін арттыруға көмектесетіндей болғанда олардың тілді меңгеруге деген белсенділігі артады. Берілген тақырып төңірегінде өзіндік ой-пікірін жүйелеп, ортаға салуға тырысады. Мәтіндегі дайын тірек сөздер мен қалыпты сөйлеу үлгілерін пайдалана отырып, қарастырылған мәселеге байланысты өзіндік ұстанымын қазақша жеткізуге талпыныс жасайды. Тапсырма сұрақтары әрбір жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пысықтай отырып, олардың есте сақталуын қамтамасыз етеді.

Мәтінді меңгеруге арналған тапсырмалардың түр-түрі көп. Мен солардың өз тәжірибемде жақсы нәтиже берген он шақты амал-тәсілін қолдандым.

Оқулық кімде-кімнің кәдесіне жарап жатса, автор үшін ол үлкен қуаныш. Осы еңбекке байланысты сын-ескертпе, ұсыныс-пікірлеріңіз болса, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қазақ тіл білімі кафедрасына хабарласуға болады.

Автор

I бөлім

1-сабақ

ХАЛҚЫН СҮЙГЕН, ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛПЫН СҮЙЕДІ

1-тапсырма. Оқыңыз. Батырдың ойына қатысты өз пікіріңізді білдіріңіз.

Б ізде ата тегі деген сөз бар. Оны біз өзгертіп, ескілік деп жүрміз. Ол қателігімізді біз соңғы жылдар ғана түзей бастадық. Кімнің арқасында біз осындай дәрежеге жеттік, олар кім болған, не істепті, не қалдырыпты деп, алдымен, әркім ата тегін білуі керек. Осыдан семья дәстүрі шығады. Мұны қазақта ата жолын қуу дейді. Бұл – жақсы дәстүр. Жаман жерден шықпапты, тегі жақсы екен дегеннің мәні терең.

Мұны айтып отырған себебім, бұл – бір мектеп. Семейның тарихын, ата тегін құрметтеп сүймей, Отанды құрметтеп сүю мүмкін емес. Өз семьясының намысын қорғамаған адам басқаның намысын қорғай алмайды.

Бабалардың, әкелердің тарихы – халық ерлігінің тарихы (**Уважение к прошлому рождает ответственность к настоящему**).

(Бауыржан Момышұлы)



2-тапсырма. Үлгі бойынша берілген сөздерді III жақта тәуелдеп жазыңыз. Тәуелдеу барысында болатын дыбыстық өзгерістің мәнісін түсіндіріңіз.

Үлгі: Менің тегім

Тек
Ерлік
Қателік

3-тапсырма. қ, к, п дауыссыз дыбыстарына аяқталатын сөздерге мысал келтіріңіз.

4-тапсырма. Ата жолын қуу және жаман жерден шықпапты, тегі жақсы екен деген қазақы ұғымдардың мәнін түсіндіріңіз.

5-тапсырма. Омонимдер сөздігі арқылы біз, тек сөздерінің мағыналарын анықтаңыз. Олармен сөйлем құрастырыңыз.

6-тапсырма. «Бабалардың, әкелердің тарихы – халық ерлігінің тарихы» деген тақырыпта эссе жазыңыз.

2-сабақ

ТІЛІН БІЛМЕГЕН, ТҮБІН БІЛМЕЙДІ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, ой-пікіріңізбен бөлісіңіз.

1. Сіз отбасында, көшеде қай тілде қарым-қатынас жасайсыз?
2. Сіздің құрбы-құрдастарыңыз өзара қай тілде сөйлеседі? Неліктен?
3. Жоғарыда берілген мақалдың мәнін қалай түсінесіз?

2-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Жаңа сөз, сөз тіркестерін теріп жазып, олардың мән-мағынасын сөздік арқылы анықтаңыз.

ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕ НЕШЕ ТІЛ БАР?

Дүние жүзіндегі тілдердің жалпы саны туралы нақты дерек жоқ. Мәселен, 1992 жылы шыққан «Халықаралық лингвистикалық энциклопедияда» жер шарындағы тілдердің саны 300 өлі тілді қоспағанда 6 604 деп көрсетілсе, 1994 жылы шыққан «Әлем тілдері атласының» мәліметтері бойынша дүние жүзінде 6 796 тіл бар. Тілдердің санына қатысты мәліметтердің нақты болмауының бірнеше себебін атауға болады.

Біріншіден, лингвистер Орталық Африка, Жаңа Гвинея, Фиджи аралдарында бұрын белгісіз болып келген халықтардың мекендейтінін енді анықтап отыр.

Екіншіден, кейбір тілдердің нақты атаулары болмағандықтан, олардың санаққа ілінбей қалуы да мүмкін. Африкадағы көптеген банту тілдері осы пікірді растайды. Ондағы халық өз тілін өзеннің, таудың аттарымен атай салатын көрінеді.

Үшіншіден, кейбір тілдердегі диалекті мәселесі әлі айқындалмаған. Мысалы, қытай тілінде диалектілік айырмашылықтар өте үлкен. Соның салдарынан тек иероглифті қолданатындар ғана диалектілік тілді түсінетін көрінеді.

Төртіншіден, қолданыстан шыққан, яғни өлі тілдерді анықтаудың нақты жолдары айқындалмаған. Мысалы, Австралиядағы жергілікті халықтың 250 тілінің 100-і бүгінде өлі тілдер қатарынан орын алған. Тағы 100 тіл осы қатарды болашақта толтыра түспек. 1926 жылы Кеңес республикаларында 194 тіл болса, қазіргі ТМД аймағында тілдер саны 120-150-ге дейін кеміген. Әлемде тек 100 адам ғана қолданатын 455 тіл бар көрінеді. Ғалымдардың болжауы бойынша, мұндай тілдер екі-үш ұрпақтан соң мүлдем жойылады.

1992 жылы Х.П. Грайс әлемде 6 528 тіл бар дей отырып, олардың аймақтар мен құрлықтарға шаққандағы пайыздық үлесін анықтады. Нәтижесінде, тілдер-



дің ең үлкен тобы Азия құрлығында шоғырланғаны белгілі болды. Сонымен, Азияда 2 034 тіл бар, ол жалпы тілдердің 31 пайызын құрайды. Ал қазақ тілі 1999 жылғы санақ бойынша әлем тілдерінің ішінде миллиондаған сөйлеушісі бар 93-орынды иеленген. Осыған байланысты ғалымдар қазақ тілінің болашағы үлкен деген үмітте.

(Э. Дүйсенқызы)

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Жер бетінде неше тіл бар?
2. Бұл сандар нақты ма?
3. Тілдердің аймақтар мен құрлықтардағы пайыздық үлесі қандай?
4. Әлем тілдері қатарында қазақ тілінің алатын орны қандай?

4-тапсырма. Сөйлемдерді тиісті сөз, сөз тіркестерімен толықтырыңыз.

А. 1. Дүние жүзіндегі тілдердің жалпы саны туралы _____ жоқ. 2. «Халықаралық лингвистикалық энциклопедияда» жер шарындағы тілдердің саны 300 _____ тілді қоспағанда 6 604. 3. «Әлем тілдері атласының» _____ дүние жүзінде 6 796 тіл бар. 4. Тілдердің санына қатысты мәліметтердің нақты болмауының _____ атауға болады. 5. Лингвистер Орталық Африка, Жана Гвинея, Фиджи _____ бұрын белгісіз болып келген халықтардың _____ анықтап отыр. 6. Кейбір тілдердің _____ болмағандықтан, санаққа _____ да мүмкін. 7. Кейбір тілдерде диалектілік _____ өте үлкен. 8. Қолданыстан шыққан, яғни өлі тілдерді _____ нақты жолдары айқындалмаған.

Ә. 1. Австралиядағы жергілікті халықтың 250 тілінің 100-і бүгінде өлі тілдер қатарынан _____. 2. Тағы 100 тіл осы қатарды болашақта _____. 3. 1926 жылы Кеңес республикаларында 194 тіл болса, қазіргі ТМД аймағында тілдер саны 120-150-ге дейін _____. 4. Әлемде тек 100 адам ғана қолданатын 455 тіл _____. 5. Ғалымдардың болжауы бойынша, мұндай тілдер екі-үш ұрпақтан соң _____ . 6. 1992 жылы Х.П. Грайс әлемде 6 528 тіл бар _____, олардың аймақтар мен құрлықтарға шаққандағы пайыздық үлесін анықтады. 7. Нәтижесінде, тілдердің ең үлкен тобы Азия құрлығында _____. 8. Сонымен, Азияда 2 034 тіл бар, ол жалпы тілдердің 31 пайызын _____. 9. Ал қазақ тілі 1999 жылғы санақ бойынша әлем тілдерінің ішінде миллиондаған сөйлеушісі бар 93-орынды _____. 10. Осыған байланысты ғалымдар қазақ тілінің болашағы үлкен _____.

5-тапсырма. Дұрыс па? Бұрыс па? Мәтінде берілген мәліметтермен салыстыра анықтаңыз.

1. Дүние жүзіндегі тілдердің жалпы саны туралы нақты дерек жоқ.
2. Тілдердің санына қатысты мәліметтердің нақты болмауының бірнеше себебін атауға болады.

3. Қазіргі ТМД аймағында тілдер саны 120-150-ге дейін кеміген. Әлемде тек 100 адам ғана қолданатын 455 тіл бар көрінеді. Ғалымдардың болжауы бойынша, мұндай тілдер екі-үш ұрпақтан соң мүлдем жойылады.
4. Х.П. Грайс әлем тілдерінің аймақтар мен құрлықтарға шаққандағы пайыздық үлесін анықтады.
5. Нәтижесінде, тілдердің ең үлкен тобы Африка құрлығында шоғырланғаны белгілі болды.
6. Азияда 2034 тіл бар, ол жалпы тілдердің 31 пайызын құрайды.
7. Ал қазақ тілі 1999 жылғы санақ бойынша әлем тілдерінің ішінде миллиондаған сөйлеушісі бар 93-орынды иеленген.

6-тапсырма. Тиісті әріптерді қойып, сөздер мен сөз тіркестерін аударыңыз.

Ә-А : ___лі ___йқындалмаған, қосп___ғанда, ___лем тілдері атласы, ___ліметтер бойынша, н___қты дерек, м___тін, ___лемде, н___тиже. **Ө-О :** ___лі тіл, ___з тілі, ___зеннің аттарымен, ___те үлкен, атай салатын к___рінеді, ш___ғырланған, ___рын алған, с___ның салдарынан. **Ұ-Ү-У :** д___ние ж___зі, м___мкін, болашағы ___лкен, ғалымдардың б___лжауы б___йынша, ата___ға болады, т___сін___, м___лдем жойыл___, пайыздық ___лесі, Азия қ___рлығы, ең ___лкен топ, деген ___мітте, 31 пайызды қ___райды, шағ___, мекенде___, анықта___, ___мітті, екі-___ш ___рпақтан соң, толтыра т___спек. **І-Ы :** Халықарал___қ лингвистикал___қ энциклопедия, жер шар___, б___рнеше себеб___, пікірд___растайд___, қолдан___стан ш___ққан, жергіл___кті хал___қ, кем___ген, белг___сіз арал, белг___лі болд___, иероглифт___қолданат___ндар, ос___қатард___, нақты атау болмағанд___қтан, тілдерд___ң жалпы сан___, қазірг___ТМД аймағ___, бірінш___ден, кеңест___қ республикалар, накт___жолдары айқ___ндалмаған. **И-Й :** миллиондаған сө___леушісі бар, орынды ___еленген, осыған ба___ланысты, дүн___е жүзі, 1999 жылғы санақ бо___ынша, санаққа ілінбе___қалу, диалектілік а___ырмашылық, нәт___жесінде.

7-тапсырма. Дүние жүзіндегі тілдердің жалпы саны туралы нақты деректердің болмауының бірнеше себебін мәтіннен тауып, оларды қысқаша жазыңыз.

Біріншіден, _____
 Екіншіден, _____
 Үшіншіден, _____
 Төртіншіден, _____

8-тапсырма. Диалогті толықтырыңыз.

- Дүние жүзінде неше тіл бар?

- «Әлем тілдері атласында» 6 796 тіл бар делініпті ғой?

- Тілдер санының нақты болмауының себебі неде?

- Ал кейбір тілдердің нақты атаулары жоқ көрінеді ғой?

- _____
– Тағы қандай себепті айтуға болады?
— _____
– Бұған мысал келтіруге бола ма?
— _____
– Өлі тілдер туралы не айтуға болады?
— _____

9-тапсырма. Тиісті жалғауларды жалғаңыз.

-да, -де, -та, -те, -нда, -нде

1. 1926 жылы Кеңестік республикалар _____ 194 тіл болған. 2. Қазіргі ТМД аймағы _____ тілдердің саны 120-150-ге дейін кеміген. 3. Әлем _____ тек 100 адам ғана қолданатын 455 тіл бар көрінеді. 4. Тілдердің ең үлкен тобы Азия құрлығы _____ шоғырланған. 5. Азия _____ 2 034 тіл бар, ол жалпы тілдердің 31 пайызын құрайды. 6. Қазақ тілі 1999 жылғы санақ бойынша әлем тілдерінің іші _____ миллиондаған сөйлеушісі бар 93-орынды иеленген. 7. Осыған байланысты ғалымдар қазақ тілінің болашағы үлкен деген үміт _____.

10-тапсырма. Лингвистикалық терминдерді есте сақтаңыз.

сөз, сөз тіркесі, мәтін, әлем тілдері, халықаралық тілдер, ана тілі, ұлттық тіл, мемлекеттік тіл, ресми тіл, екінші тіл, шет тілі, өлі тіл

11-тапсырма. Үлгі бойынша тілдерге сипаттама беріңіз.

Үлгі: Қазақ тілі – менің ана тілім. Ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілі қазақ халқының – ұлттық тілі. Бұл тіл әлем тілдерінің қатарына кіреді. Қазақ тілі екінші тіл ретінде, шет тілі ретінде оқу орындарында, арнайы тіл курстарында үйретіледі және оқытылады.

Қарақалпақ тілі – _____

Ағылшын тілі – _____

3-сабақ

АНА СҮТІ БОЙ ӨСІРЕДІ, АНА ТІЛІ ОЙ ӨСІРЕДІ

1-тапсырма. Тапсырмалар мен сұрақтар бойынша ой бөлісіңіз.

1. Жоғарыда берілген мақалдың мәнін қалай түсіндіңіз? Ой бөлісіңіз.
2. Сіздің ана тіліңіз қай тіл? Ол туралы не айтып бере аласыз?
3. Қазақ тілінің ерекшелігі, тарихы туралы не білесіз?

2-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңыз, жаңа сөздерді теріп жазыңыз. Олардың мән-мағынасын сөздік арқылы анықтаңыз.

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Казақ тілі туралы зерттеуші ғалымдар В.В. Радлов: «Қазақтардың тілі – жатық та шешен әрі өткір», – десе, П.М. Мелиоранский: «Қазақ тілін зерттеушілердің бәрі де бірауыздан қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза әрі ең бай тіл деп куәландырып отыр», – деген. Расында да, қазақ тілі – түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын бай да көркем, көне тілдердің бірі. Қазақ тілінен басқа түркі тілдерінің тобына: әзірбайжан, қырғыз, өзбек, татар, түрікмен, чуваш, қарақалпақ, түрік, башқұрт, саха (якут), тува, хакас, алтай, құмық, қарашай, балқар, гагауз, ұйғыр тілдері жатады.

Түркі тілдердің көне қыпшақ-ноғайлы тобына: қазақ, ноғай, қарақалпақ, қарашай, балқар, қырғыз, татар, башқұрт, құмық тілдері жатады.

Түркі тілдердің туыстығы олардың лексикалық мағыналарынан, дыбыстық жүйелерінен, грамматикалық құрылыстарынан байқалады. Сонымен қатар түркі тілдерінің өзіндік фонетикалық, лексикалық, грамматикалық өзгешеліктері де болады. Мәселен:

1. Басқа түркі тілдерінде сөз басында **И** дыбысы келетін жерде, қазақ тілінде **Ж** дыбысы айтылып жазылады. Мысалы: *йол-жол, йаиш-жас, йыл-жыл*.
2. Басқа түркі тілдерінде сөз соңында **Ш** дыбысы келетін жерде, қазақ тілінде **С** дыбысы айтылып жазылады. Мысалы: *баиш-бас, таиш-тас*.
3. Басқа түркі тілдерінде *-лар* көптік жалғауы үндестік заңына байланысты өзгермейді, ал қазақ тілінде бұл жалғау үндестік заңына сай *-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер* болып өзгереді. Мысалы: *ат-атлар-аттар, йыл-йыллар-жылдар*.

3-тапсырма. Сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша жауап беріңіз.

1. Ғалымдар қазақ тілі туралы қандай пікір айтқан?
2. Қазақ тілі қандай тілдердің тобына жатады?
3. Қазақ тілі қандай тілдермен туыс?
4. Тілдердің туыстығы неден байқалады?
5. Қазақ тілінің өзге түркі тілдерінен қандай басты айырмашылықтары бар?

4-тапсырма. Мәтін ішінен **Ж** дыбысына басталатын, **С** дыбысына аяқталатын сөздерді және көптік жалғауы жалғанған сөздерді табыңыз. Оларды өзге түркі тілдерінде қалай оқуға болатынын түсіндіріңіз.

5-тапсырма. Сұрақ бойынша сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Қазақ тілі туралы зерттеуші ғалымдар В.В. Радлов: «Қазақтардың тілі – (қандай?) _____ әрі өткір» десе, П.М. Мелиоранский: «Қазақ тілін (кімдер?) _____ де бірауыздан: қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең (қандай?) _____ әрі ең бай тіл деп куәландырып отыр», – деген. 2. Қазақ тілі – түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын бай да, (қандай?) _____ көне тілдердің бірі. 3. Қазақ тілінен басқа (қандай тілдің?) _____ тобына: әзірбайжан, қырғыз, өзбек, татар, түрікмен, чуваш, қарақалпақ, түрік, башқұрт, якут (саха), тува, хақас, алтай, құмық, қарашай, балқар, гагауз, ұйғыр тілдері жатады. 4. Түркі тілдерінің (қандай?) _____ тобына: қазақ, ноғай, қарақалпақ, қарашай, балқар, қырғыз, татар, башқұрт, құмық тілдері жатады. 5. Түркі тілдерінің (несі?) _____ олардың лексикалық мағыналары, дыбыстық жүйелері, грамматикалық құрылыстарынан байқалады. 6. Сонымен қатар түркі тілдерінің өзіндік фонетикалық, лексикалық, грамматикалық (несі?) _____ болады.

6-тапсырма. Тиісті әріптерді жазыңыз. Олардың жазылу ерекшелігін түсіндіріңіз.

Ғ - Г : зерттеуші ___ алымдар, түркі тілдерінің ішінде ___ і, сөз ая ___ ында, грамматикалық өз ___ ешеліктер, тілдердің туысты ___ ы, но ___ ай, қыр ___ ыз, ұй ___ ыр, жал ___ ау.

Қ - К : түр ___ і тілдері, жаты ___ тіл, бас ___ а, өт ___ ір тіл, ___ ыпшақ тобы, көпті ___ жалғауы, бай да ___ өркем тіл, ___ уәландырып отыр, грамматикалық ___ ұрылысы, ___ ұмық, дыбысты ___ жүйе, қыпша ___, түрі ___ мен, қара ___ алпа ___.

Ң - Н : шеше ___ тіл, өзі ___ дік өзгешелігі, лексикалық мағы ___ а, «ж» келеті ___ жерде, дыбыс ү ___ дестігі, е ___ таза әрі е ___ бай тіл, бірауызда ___, кө ___ е тілдерді ___ бірі, соныме ___ қатар, расы ___ да да, көркем тілдерді ___ бірі, сөзді ___ мағынасы, жуа ___ дауысты дыбыс, жі ___ ішке дауысты дыбыс, буы ___ ү ___ дестігі, ката ___ дауыссыз, ү ___ ді дауыссыз, ұя ___ дауыссыз, туы ___ ды сөз.

7-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестеріне көптік жалғауларын жалғап жазыңыз.

Зерттеуші ғалым, көне тіл, топ, мағына, дыбыстық жүйе, грамматикалық құрылыс, грамматикалық өзгешелік, жалғау, заң.

8-тапсырма. Мақал-мәтелдерді толықтырыңыз.

1. Ана сүті бой өсіреді, ана тілі _____
2. Жеті елдің тілін біл, _____
3. _____ түбін білмейді.

9-тапсырма. Сұхбатты оқыңыз.

- В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский деген кім?
- Олар түркітанушы ғалымдар.
- А, сондықтан В.В. Радлов «Қазақтардың тілі – жатық, шешен» деген екен ғой.
- Иә, қазақ тілін зерттеп, жатық, шешен әрі өткір тіл деп бағалапты.
- П.М. Мелиоранский ше?
- Ол кісі де қазақ тілін зерттеген. Сондықтан тіл туралы басқа ғалымдардың ортақ пікірлерін айтады.
- Сонда өзге ғалымдар не депті?
- Бәрі бірауыздан: «Қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза әрі ең бай тіл», – депті.
- Расында да, қазақ тілінің сөздік қоры бай.
- Иә, солай. Қазақ тілі – қыпшақ тобына жататын көне тілдердің бірі.
- Қыпшақ тобына? Әзірбайжан тілі де қыпшақ тобына жатады ғой.
- Иә, мына мәтінде әзірбайжан, қырғыз, өзбек, татар, түрікмен, қарақалпақ, түрік, башқұрт, якут (саха), тува, чуваш, хақас, алтай, құмық, қарашай, балқар, гагауз, ұйғыр тілі – бәрі қыпшақ тобына жатады депті.
- Демек, туыс тілдер болды ғой.
- Дәл солай. Туыс тілдер.
- Өзгешеліктері де бар шығар?
- Әрине, мәтіннің соңында ол туралы да жазылған.
- Солай ма? Онда соңына дейін оқып көрейік.

10-тапсырма. «Қазақ тілі» мәтіні бойынша жоспар құрып, мазмұнын баяндап беріңіз.

11-тапсырма. «Қазақ тілі» энциклопедиясын пайдалана отырып, түркі тілдері немесе түркітанушы ғалымдар туралы шағын ақпарат, таныстырылым әзірлеңіз.

Есте сақтаңыз!

- **к, ғ** әріптері тек жуан буынды сөздерде жазылады;
- жуан буынды сөз жуан дауыстылардан құралады;
- жуан дауыстылар: **а, о, ы, ұ, (у, и);**
- жіңішке дауыстылар: **ә, ө, і, ү, (ү, и), е;**
- жіңішке дауыстылар жіңішке буын құрады.

4-сабақ

ЖЕТІ ЕЛДІҢ ТІЛІН БІЛ, ЖЕТІ ТҮРЛІ БІЛІМ БІЛ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз қандай тілдерде еркін сөйлей аласыз?
2. Болашақта қандай тіл үйренгіңіз келеді? Неліктен?
3. Жоғарыда келтірілген мақалдың мәнін қалай түсінесіз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазыңыз. Олардың мағынасын сөздік арқылы анықтаңыз.

66 ТІЛ БІЛЕТІН АДАМ

Көп тіл білу ешкімге артық болмайды. Мысалы, 45 жастағы Зияддин Фазаллах 66 тілде еркін сөйлей алады екен. Сондықтан оның аты «Гиннес» рекордтар кітабына енген. Зияддиннің мұндай жетістікке жетуіне өскен ортасы себепші болған көрінеді. Ол Африкадағы Ливерия мемлекетінде туылған. Ата-анасы – ливерандық арабтар. Зияддин он жасында ата-анасымен Ливанға көшіп барғанда 10 шақты африкалық тіл білген. 17 жасында 54 тіл меңгеріп үлгерген. «Көп тіл білемін» деп Гиннес кітабына жазылу үшін өзі өтініш жазған. Оны сынақтан өткізу үшін Испанияның астанасы Мадридке шақырып, теледидарға түсірді. Ол сынақтан ойдағыдай өтті. Залда әлемнің 40 шақты елінен келген тіл мамандары жігіттің көп тіл білетініне таң қалды. Осылайша, оның аты рекордтар кітабына жазылды. Зияддин көп тіл білумен қатар, Құран аяттарын жатқа айтумен де жұртты таң қалдырған екен.



Ол өзі туралы: «Қытай тілін үйрене бастағанымда, Қытайдың елшілігіне барып ақыл-кеңес сұрадым. Ондағылар маған: – Бұл тілді өздігіңнен үйрене алмайсың, – деген болатын. Арада екі ай уақыт өткенде, оларға барып қытайша сөйлегенімде бәрі аң-таң болды», – дейді.

Қазір Зияддин Бразилияда тұрады. Әйелі Маргарита – бразилиялық итальян қызы. Маргарита 20 шақты тіл біледі.

(«Жас Алаш» газетінен)

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Зияддин Фазаллах деген кім?
2. Ол бала кезінде қандай ерекшелігімен көзге түсті?
3. Зияддиннің ерекше табысқа жетуінің құпиясы неде?
4. Маргарита деген кім? Ол туралы не білдіңіз?

4-тапсырма. Сөйлемдерді мағыналарына қарай толықтырыңыз.

1. Көп тіл білу _____ . 2. 45 жастағы Зияддин Фазаллах 66 тілде _____ сөйлей алады екен. 3. Сондықтан оның аты «Гиннес» рекордтар кітабына _____. 4. Зияддиннің мұндай жетістікке жетуіне өскен ортасы _____ көрінеді. 5. Ол Африкадағы Ливерия мемлекетінде _____. 6. _____ – ливерандық арабтар. 7. Зияддин он жасында ата-анасымен Ливанға _____ 10 шақты африкалық тіл білген. 8. 17 жасында 54 тіл _____ үлгерген. 9. «Көп тіл білемін» деп Гиннес кітабына жазылу үшін өзі _____ жазған. 10. Оны _____ үшін Испанияның астанасы Мадридке шақырып, теледидарға түсірді. 11. Ол сынақтан _____ өтті. 12. Залда әлемнің 40 шақты елінен келген _____ жігіттің көп тіл білетініне таң қалды. 13. _____ оның аты рекордтар кітабына жазылды.

5-тапсырма. Дұрыс па? Бұрыс па? Мәтінмен салыстыра отырып анықтаңыз.

1. Зияддин Фазаллах 66 жаста.
2. Ол 45 тілде еркін сөйлей алады.
3. Бірақ оның аты «Гиннес» рекордтар кітабына енген жоқ.
4. Зияддиннің жетістікке жетуіне өскен ортасы себепші болыпты.
5. Зияддин он жасында 10 шақты африкалық тіл білген.
6. Ол 17 жасында 54 тіл меңгеріп үлгерген.
7. Зияддин екі жылда қытайша сөйлеп үйренген.

6-тапсырма. Маргарита туралы жазбаша мәлімет беріңіз.

7-тапсырма. Жуан буынды сөздердің астын сызыңыз. Жуан және жіңішке буындардың ерекшеліктерін атап көрсетіңіз.

Артық, еркін сөйлей алу, ену, жетістікке жету, өскен орта, себепші болу, көшіп бару, меңгеріп үлгеру, өтініш жазу, сынақтан өткізу, теледидарға түсіру, ойдағыдай өту, тіл маманы, таң қалу, осылайша, жатқа айту, елшілік, ақыл-көненес сұрау, өздігінен, тұрмысқа шығу.

8-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіздің жасыңыз нешеде?
2. Бүгінге дейін неше тіл меңгеріп үлгердіңіз?
3. Қазақшаңыз қалай? Еркін сөйлесе аласыз ба?
4. Тіл үйрену барысында қандай әдіс-тәсілдерді қолданасыз?
5. Көп тіл білудің қандай пайдасы бар деп ойлайсыз?

8-тапсырма. Жоспар құрып, «66 тіл білетін адам» атты мәтіннің мазмұнын айтып беріңіз.

5-сабақ

ЕРЕКШЕ ІС ІСТЕСЕҢ, ЕЛ ТАҢЫРҚАЙДЫ ЕШНӘРСЕ ІСТЕМЕСЕҢ, ЕЛ ТАНЫМАЙДЫ

1-тапсырма. Сұрақтар бойынша ой-пікіріңізбен бөлісіңіз.

1. Қазіргі кезде кеңінен қолданылатын қандай жазу үлгілері белгілі?
2. Көне түркілердің жазу мәдениеті туралы қандай мәліметтер білесіз?
3. Жоғарыда келтірілген мақалдың мәнін қалай түсінесіз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын сөздік арқылы анықтаңыз.

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗУЫ

Көне түркілердің адамзат мәдениетіне қосқан үлестерінің бірі – оның ежелгі жазуы. Тасқа қашалып жазылған көне руникалық жазба ескерткіштер туралы алғашқы деректер XVI ғасырдың екінші жартысында белгілі бола бастады. 1793 жылы П.С. Паллас көне түркі жазба нұсқаларының кейбір үлгілерін жариялайды. Осы кезден бастап, жазба ескерткіштерді жинап бастыруды шетел және орыс ғалымдары жедел қолға алады. Сібір өлкесіне арнайы экспедициялар шығарылады.

1889 жылы Н.М. Ядринцев бастаған орыс экспедициясының жұмысы сәтті болды. Олар Моңғолиядағы Орхон өзені бойында, Көкшоқы деп аталатын жерден 2 үлкен ескерткіш тапты. Бірақ ондағы жазуды қалай оқу керектігін ешкім білмеді. Сондықтан тасқа қашалып жазылған мәтін суретке түсіріліп, дүние жүзіндегі ең атақты тілші мамандарға жіберілді.

Ал ғалымдар жазу туралы түрлі болжам айтты. Біреулері оны көне фин жазуы десе, енді біреулері оны ежелгі герман, үшіншілері скиф-славян жазуы деген пікірде болды. Скандинавия елдерінің ғалымдары бұл ескерткіштерді «Рунь», яғни «Руна» жазуы деп атап кетеді. Бұл сөздің қазақша мағынасы «сыры ашылмаған, құпия» деген ұғымды білдіреді.

Ақыры 1893 жылы 15 желтоқсанда Дания корольдік ғылым академиясының мәжілісінде Вильгельм Томсен деген ғалым 15 беттік баяндама жасап, бұл белгісіз жазудың көне түркі тілінде жазылғанын жариялады.

Томсен жетістікке қалай жетті? Ол жазуды солдан оңға қарай емес, керісінше, оңнан солға қарай оқыды. Ескерткіштердегі таңбаларды салыстырып, онда негізгі 38 таңба бар екенін анықтады. Сонымен қатар дауысты дыбыстардың





жуан және жіңішке айтылатынын байқады. Ғалымның, ең алдымен, оқыған сөздері *т әң і р і* және *т у р к і* деген сөздер еді. Бір кездері Ұлы Түрік империясының астанасы орналасқан Орхон өзені бойынан табылған бұл ескерткіштер VII-VIII ғасырларда өмір сүрген Білге қаған мен Күлтегін батырға арналыпты. Бұлардан басқа Тоныкөк ескерткіші де бар. Географиялық, тілдік ерекшеліктеріне қарай көне түркі жазба ескерткіштері үшке бөлінеді. Олар: Орхон, Енисей және Талас ескерткіштері.

2001 жылы 18 мамырда Күлтегін ескерткішінің көшірмесі салтанатты түрде Қазақстанның елордасы Астанаға жеткізіліп, Еуразия университетіне қойылды. 2002 жылы 19 ақпанда «Жас Алаш» газеті сенсациялық ақпарат таратты. Онда 2001 жылы Түркия мен Моңғолия зерттеушілері қазба жұмысын жүргізіп, нәтижесінде Білге қаған мен оның ұлына тиісті құс бейнеленген алтын тәж және басқа да алтын, күміс әшекейлердің табылғанын жариялады. Табылған олжалар бүгінде Моңғолияның тарихи мұражайында сақтаулы көрінеді.

(Баспасөз материалдарынан)

4-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін тиісті қосымшаларымен сөйлемдегі орнын тауып орналастырыңыз.

Сібір өлкесі, жедел қолға алу, қалай оқу керектігі, алғашқы деректер, суретке түсірілу, тасқа қашалып жазылу, кейбір үлгілері, тілші мамандар, сәтті, бойында.

1. _____ көне руникалық жазба ескерткіштер туралы _____ XVI ғасырдың екінші жартысында белгілі бола бастады. 2. 1793 жылы П.С. Паллас көне түркі жазба нұсқаларының _____ жариялайды. 3. Осы кезден бастап, жазба ескерткіштерді жинап бастыруды шетел және орыс ғалымдары _____. 4. _____ арнайы экспедициялар шығады. 5. 1889 жылы Н.М. Ядринцев бастаған орыс экспедициясы _____ болды. 6. Олар Моңғолиядағы Орхон өзені _____, Көкшоқы деп аталатын жерден 2 үлкен ескерткіш тапты. 7. Бірақ ондағы жазуды _____ ешкім білмеді. Сондықтан тасқа қашалып жазылған мәтін _____, дүние жүзіндегі ең атақты _____ жіберілді.

5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ғалымдар көне жазу туралы қандай болжам айтқан?
2. «Рунь» жазуы деген қандай ұғымды білдіреді?
3. Белгісіз жазудың құпиясын кім, қалай ашты?
4. Құпия жазудың кілті қандай сөздер болды?
5. Көне жазба ескерткіштер кімге арналған?
6. Көне ескерткіштерді Қазақстанның қай жерінен көруге болады?
7. Мәтінде көне ескерткіштерге қатысты қандай газет ақпараты келтірілген?

6-тапсырма. Сөйлемдерді мәтін мазмұнына сәйкес аяқтаңыз.

1. Көне түркілердің адамзат мәдениетіне қосқан үлестерінің бірі –
2. Тасқа қашалып жазылған көне руникалық жазба ескерткіштер туралы алғашқы деректер
3. 1793 жылы П.С. Паллас көне түркі жазба нұсқаларының
4. Осы кезден бастап, жазба ескерткіштерді жинап бастыруды
5. 1889 жылы Н.М. Ядринцев бастаған
6. Олар Моңғолиядағы Орхон өзені бойында,
7. Ғалымдар көне руна жазуы туралы
8. «Рунь», яғни «Руна» деген сөздің қазақша мағынасы
9. Көне жазуды қалай оқу

7-тапсырма. Мәтін мазмұнына сәйкес сөйлемдерді белгілеңіз.

1. 1893 жылдың желтоқсан айында белгісіз жазудың көне түркі тілінде жазылғаны мәлім болды .
2. Томсен жазуды солдан оңға қарай оқыды .
3. Ескерткіштерде қолданылған таңбалардың жалпы саны .
4. Көне мәтіндегі дауысты дыбыстар бірыңғай жуан қолданылған .
5. Ең бірінші тәңір және түркі деген сөздер оқылды .
6. Жазба ескерткіштер Білге қаған мен Күлтегін батырға арналған .
7. Ертеде Ұлы Түрік империясының астанасы Орхон өзені бойында орналасқан .
8. Көне түркі жазба ескерткіштері географиялық, тілдік ерекшеліктеріне қарай бөлінеді .
9. Күлтегін ескерткішінің көшірмесі Қазақстанға жеткізілген .
10. Қазба жұмыстары жүргізілді, бірақ Білге қаған мен оның ұлының әшекей бұйымдары табылмады .

8-тапсырма. Берілген Тоныкөк сөздерінің мәнісін түсіндіріп, жаттап алыңыз.

Жұқаны бүктеу оңай.
Жіңішкені үзу оңай.
Жұқа қалындаса,
(Оны тек) алып бүктейді.
Жіңішке жуандаса,
(Оны тек) алып үзеді.

Есте сақтаңыз!

- көптік жалғаулары (КЖ): **-тар, -тер, -лар, -лер, -дар, -дер**;
- КЖ түбірге үндестік заңына сай жалғанады;
- КЖ заттың саны көрсетілгенде сөзге жалғанбайды. Мысалы: **3 ескерткіш табылды, баяндама 15 бет болды, 38 таңба анықталды**;
- есептік сан есімдерден кейін дефис қойылмайды.

6-сабақ

ЖАҚСЫ ЖҮРГЕН ЖЕРІНЕ КЕНТ САЛАДЫ, ЖАМАН ЖҮРГЕН ЖЕРІНЕ ӨРТ САЛАДЫ

1-тапсырма. Сұрақтар бойынша ой бөлісіңіз.


1. Қазақстанда қандай көне қалалар бар? Олардың тарихы туралы не білесіз?
2. Сіз қандай қалада тұрып жатырсыз? Оның тарихы туралы не білесіз?
3. Жоғарыда келтірілген қанатты сөздің мәнін қалай түсіндіңіз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздердің мағыналарын есте сақтаңыз.

ТҮРКІСТАН

Ғ алымдардың айтуынша, ежелгі қазақ жерінде алғашқы қалалар осыдан екі жарым мың жыл бұрын пайда болған. Бірақ ол қалалардың көбі қазір жоқ. Бірен-саран қалалар ғана сақталған. Көбі түрлі себептермен қирап, үлкен үйінділер мен төбелерге айналған. Археологтар сол қалалардың орындарын тауып, түрлі қазба зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Қазақстандағы ең көне қалалардың бірі – Түркістан. IV-X ғасырларда бұл қаланың орнында Шабғар деп аталған үлкен қала болыпты. IX-X ғасырларда



Шабғар шаһары көрікті қалалардың бірі болған екен. Сол кездерден бастап, ол Йасы (Яссы) деп атала бастаған көрінеді. Ал XV ғасырдан бастап, бұл көне қала Түркістан деген атпен белгілі болған. «Түркістан» сөзі «түріктер елі, мекені» деген мағынаны білдіреді. XVII ғасырдан бастап, Түркістан шаһары мен оның төңірегі қазақ хандығының билігінде болды. Қазақ хандығының құрылтай жиыны, билер кеңесі, ру-тайпа мәслихаты осы

қалада өткізіліпті. Түркістан қаласында атақты Ахмет Яссауи кесенесі бар. Бұл кесене ұлы Әмір Темірдің жарлығымен тұрғызылған көрінеді.

Қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев Түркістанды:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің тәңірі берген несібі ғой, –

деп жырлаған.

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ежелгі қазақ жерінде алғашқы қалалар қашан пайда болған?
2. Көне қалалардың сақталмауына не себеп болған деп ойлайсыз?
3. «Түркістан» атауы нені білдіреді?
4. Қазақ хандығы кезінде Түркістан қаласы қандай рөл атқарған?
5. Көне дәуірде Түркістан қаласы қандай атпен белгілі болған?
6. Қазіргі Түркістан қаласында қандай тарихи ескерткіштер бар?
7. Мағжан Жұмабаев Түркістанды қалай жырға қосты?

4-тапсырма. Мәтіннің көмегімен сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Ғалымдардың айтуынша, ежелгі қазақ жерінде _____ осыдан екі жарым мың жыл бұрын пайда болған. 2. Бірақ ол қалалардың _____ қазір жоқ. 3. _____ қалалар ғана сақталған. 4. Көбі түрлі себептермен қирап, үлкен _____ айналған. 5. Археологтар сол қалалардың орындарын тауып, түрлі _____ жұмыстарын жүргізуде. 6. Қазақстандағы ең көне _____ – Түркістан. 7. IV-X ғасырларда бұл қаланың _____ Шабғар деп аталған үлкен қала болыпты. 8. IX-X ғасырларда ол Йасы деп атала бастаған _____. 9. Ал XV ғасырдан бастап, бұл көне қала Түркістан _____ белгілі болған. 10. «Түркістан» сөзі «түріктер елі, мекені» _____ білдіреді. 11. XVII ғасырдан бастап, Түркістан шаһары мен оның _____ қазақ хандығының билігінде болды. 12. Қазақ хандығының құрылтай жиыны, _____, ру-тайпа мәслихаты осы қалада өткізіліпті. 13. Түркістан қаласында атақты Ахмет Яссауи _____ бар. 14. Бұл кесене Әмір Темірдің _____ тұрғызылған.

5-тапсырма. Сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.

1. Көне қалалар туралы. 2. Ахмет Яссауи жайында. 3. Кесене сияқты. 4. Алғашқы қалалар жөнінде. 5. Көне шаһар үшін. 6. Үйінді секілді. 7. Құрылтай жиындарын өткізу арқылы. 8. Түркі қағанаты туралы. 9. Жарлық бойынша. 10. Түркістан тәрізді. 11. Жыл сайын.

6-тапсырма. Берілген сөздерді аударып, оларды мәтіннен тауып оқыңыз.

Бірен-саран, билік, белгілі болу, тайпа, тұрғызу, пайда болу, қазба зерттеу жұмыстары, айналу, мағына, көрікті.

7-тапсырма. секілді, тәрізді, сайын, бойынша, туралы, үшін, жайында, сияқты, арқылы септеулік шылауларына кітап, газет-журналдардан мысал теріп жазыңыз.

8-тапсырма. Көне де, жаңа Түркістан тарихын баяндайтын таныстырылым әзірлеңіз.

Есте сақтаңыз!

- атау септігінің (АС) сұрақтары: кім? кімдер? не? нелер?
- арнайы жалғаулары жоқ;
- атау септігінен соң үшін, туралы, жайында, жөнінде, сияқты, секілді, тәрізді, арқылы, бойынша, сайын сияқты септік шылаулары қолданылады.

7-сабақ

ҚАЛА – ХАЛҚЫНЫҢ САЛТАНАТЫ, БАЛА – АТА-АНАНЫҢ ҚОЛҒАНАТЫ

1-тапсырма. Сұрақтар бойынша ой-пікір білдіріңіз.

1. Алматы қаласының тарихы туралы не білесіз?
2. Алматының қандай көрікті жерлерінде болдыңыз?
3. Жоғарыда келтірілген қанатты сөздің мәнін қалай түсіндіңіз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздердің мағыналарын есте сақтаңыз.

АЛМАТЫ

Алматы туралы көне жазба деректердің бірі XVI ғасырда түркі тілінде жазылған «Бабыр наме» атты шығармада кездеседі. Бұл шығарманың авторы – Захираддин Мұхамед Бабыр. Ол қазіргі Өзбекстанның Әндіжан қаласында туып өскен. Кейін Кабул аймағын билеп, Үндістанда Ұлы моғол империясының негізін қалаған. Бабыр әулеті Үндістанда ағылшындар жаулап алғанға дейін 300 жыл билік құрды.



Бабырдың жоғарыда аталып өткен еңбегінде Алматы қаласының ертеректе *Алмату* деп аталғандығы және ол қаланың моңғол шапқыншылығы кезінде қирап қалғандығы айтылады. Сол сияқты *Алмату* жөнінде қазақ тарихшысы Мұхамед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты шығармасында да деректер келтірілген. Бір қызығы, Бабыр мен Мұхамед Хайдар бөле, олардың аналары апалы-сіңлілі болған.

Алмату немесе *Алматы* атауы «алма өсетін тау» деген мағынаны білдіреді. Е. Қойшыбаев деген ғалымның пікірінше, «ту» лексемасы көне түркі тілінде «*тау*» деген мағынаны білдірген. Кейін ол ұсақ өзгерістің әсерінен «*ты*» түрінде қолданылады.

1979, 1990 жылдары Алматыдағы шекарашылар училищесінің аумағында күміс теңгелер табылған. Ғалымдар оны зерттеп, Жетісу өңірінде XIII ғасырда теңге сарайы болған деген болжам жасады. Теңгелерде теңге сарайының аты *Алмату* деп көрсетілген.

1854 жылы көне Алмату қаласының орнына Верный бекінісі салынды. 1867 жылы оған Алмалы деген атау берілді. Бірақ оның бұл атауы заңды түрде

бекітілмеген. 1921 жылы Верный қаласы Алма-Ата деп аталды. Ал 1993 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қала өзінің тарихи атымен Алматы деп аталды.

(«Жас Алаш» газетінен)

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Алматының көнелігін қандай деректер растайды?
2. Захираддин Мұхамед Бабыр деген кім?
3. Алматы қаласының қандай көне атаулары болған?
4. Алматы атауы қандай мағынаны білдіреді?
5. Алматы қаласының тарихи атауы қашан қайтарылды?

4-тапсырма. Мәтінде кездесетін жаңа сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазып, олардың мән-мағынасын сөздік арқылы анықтаңыз.

5-тапсырма. Сөйлемдерді мәтін мазмұнына сәйкес толықтырыңыз.

1. Захираддин Мұхамед Бабыр Үндістанда Ұлы моғол империясының _____ . 2. Бабыр _____ Үндістанда ағылшындар _____ дейін 300 жыл билік құрды. 3. Бабырдың еңбегінде қаланың моңғол _____ кезінде қирап қалғандығы айтылады. 4. Бабыр мен Мұхамед Хайдар _____, олардың аналары _____ болған. 5. Ғалымдар Жетісу _____ XIII ғасырда теңге сарайы болған деген болжам айтты. 6. Алмалы деген атау заңды түрде _____.

6-тапсырма. Мәтіннен ілік септігінде тұрған сөздерді тауып, астын сызыңыз. Олардың қай сөзбен жұп құрайтынын анықтаңыз.

7-тапсырма. Сөздерге ілік септігін жалғап жазыңыз.

1. Көне жазба деректер _____ бірі. Шығарма _____ авторы – Захираддин Мұхамед Бабыр. 2. Бабыр қазіргі Өзбекстан _____ Әндіжан қаласында туып өскен. 3. Ол Үндістанда Ұлы моғол империясы _____ негізін қалаған. 4. Бабыр _____ әулеті Үндістанда 300 жыл билік құрды. 5. Е. Қойшыбаев деген ғалым _____ пікірінше, «ту» лексемасы көне түркі тілінде «тау» деген мағынаны білдірген. 6. Кейін ол ұсақ өзгеріс _____ әсерінен «ты» түрінде қолданылады. 7. Алматыдағы шекарашылар училищесі _____ аумағында күміс теңгелер табылған. 8. Теңгелерде теңге сарайы _____ аты *Алмату* деп көрсетілген. 9. Көне Алмату қаласы _____ орнына Верный бекінісі салынды. 10. Қазақстан Республикасы _____ Конституциясына сәйкес қала өзі _____ тарихи атымен Алматы деп аталды.

8-тапсырма. Мәтіннен Мұхамед Хайдар Дулати туралы келтірілген деректерді оқып, олардың төменде дұрыс не бұрыс берілгендігін анықтаңыз.

1. «Бабыр наме» шығармасының басты кейіпкері – Мұхамед Хайдар Дулати. 2. Мұхамед Хайдар Дулати Кабул аймағында туып өскен. 3. Ол кісі –

Бабыр әулетінің бір мүшесі болған. 4. Бабыр сияқты Үндістанда билік құрған. 5. Тұңғыш қазақ тарихшысы деп саналады. 6. «Тарих-и Рашиди» атты шығарманың авторы – Бабыр. 7. Мұхамед Хайдар мен Бабыр ағалы-інілі кісілер. 8. Мұхамед Хайдар Дулатидің пікірінше, *Алмату* немесе *Алматы* атауы «алма өсетін тау» деген мағынаны білдіреді. 9. Мұхамед Хайдар Дулати Жетісу өңірінде теңге сарайын салдырған.

9-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, көрсетілген мерзім ішінде Алматы қаласының тарихына қатысты қандай маңызды оқиғалардың орын алғанын қысқаша жазыңыз.

1979, 1990 жылдары _____
 XIII ғасырда _____
 1854 жылы _____
 1867 жылы _____
 1921 жылы _____
 1993 жылы _____

10-тапсырма. Сөйлемдерді мағынасына қарай сәйкестендіріп нөмірлеңіз.

Сөйлемнің басы	Сөйлемнің аяғы
① Алматы немесе Алматы атауы ...	<input type="radio"/> деген атау берілді.
② «ту» лексемасы көне түркі тілінде ...	<input type="radio"/> Алматы деп аталды.
③ «ту» лексемасы ұсақ өзгерістің әсерінен кейін ...	<input type="radio"/> Алма-Ата деп аталды.
④ 1979, 1990 жылдары Алматыдағы шекарашылар училищесінің аумағында ...	<input type="radio"/> Оқуіс теңгелер табылған.
⑤ Ғалымдар Жетісу өңірінде XIII ғасырда ...	<input type="radio"/> <i>Алмату</i> деп көрсетілген.
⑥ Табылған күміс теңгелерде теңге сарайының аты ...	<input type="radio"/> Верный бекінісі салынды.
...	<input type="radio"/> « <i>ты</i> » түрінде қолданылады.
⑦ 1854 жылы көне Алматы қаласының орнына ...	<input type="radio"/> теңге сарайы болған деген болжам жасады.
⑧ 1867 жылы оған Алмалы ...	① ... «алма өсетін тау» деген мағынаны білдіреді.
⑨ 1993 жылы қала өзінің тарихи атымен ...	<input type="radio"/> « <i>тау</i> » деген мағынаны білдірген.
⑩ 1921 жылы Верный қаласы ...	

11-тапсырма. Алматы туралы таныстырылым әзірлеп, қала тарихын баяндап беріңіз.

Есте сақтаңыз!

- ілік септігінің (IC) сұрақтары: *кімнің? кімдердің? ненің? нелердің?*
 - IC жалғаулары: **-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің;**
 - ілік септігіндегі сөз өзінен кейін міндетті түрде тәуелдік жалғауында тұрған сөзді қажет етеді.
- Мысалы: 1. *Мұхамед Хайдар Дулатидың шығармасы*; 2. *өзгерістің бірі*;
- IC кейде жасырын тұрады: Мысалы: 1. «*Жетісу*» өңірі; 2. *Бабыр әулеті*.

ҰЛТАРАҚТАЙ БОЛСА ДА, АТА ҚОНЫС ЖЕР ҚЫМБАТ, АТ ТӨБЕЛІНДЕЙ БОЛСА ДА, ТУЫП ӨСКЕН ЕЛ ҚЫМБАТ

1-тапсырма. Сұрақтар бойынша ой-пікір бөлісіңіз.

1. Отырар қаласы Қазақстанның қай бөлігінде орналасқан?
2. Отырар қаласының даңқын айғақтайтын қандай тарихи деректер білесіз?
3. Жоғарыда келтірілген мақалдың мәнін қалай түсінесіз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөз, сөз тіркестерінің мағыналарын есте сақтаңыз.

ОТЫРАР

Отырар – ертеде бүкіл шығысқа танымал болған. Ол да Түркістан, Тараз, Алматы сияқты Ұлы Жібек Жолы бойында салынған Қазақстанның ежелгі қалаларының бірі. Тарихи деректерге қарағанда, Отырардың орнында алғашқы қоныстар осыдан екі мың жылдай бұрын пайда болған. Ал VI-VIII ғасырларда бұл шаһар Сырдарияның орта тұсында құрылған көне түркі мемлекетінің астанасы болған. Қыпшақтар қаланы Қарашоқы, ал арабтар Фараб деп атаған. Отырар қаласы биік темікты қыш дуалдармен қоршалған. Шаһардың әр тұсында бес қақпасы болған. Билеушілер, байлар мен ірі саудагерлер қаланың орталығында тұрыпты. Қаланың сыртында тұрған шаруалар шаһарды азық-түлікпен қамтамасыз еткен көрінеді.



XVI-XVII ғасырларда бұл қала қазақ хандығының саяси, шаруашылық және мәдени орталығына айналады. Қалада мешіт, медресе, монша, ұстахана, базар, қонақ үйі, сауда дүкендері сияқты түрлі ғимараттар салынған. Көне Отырар қаласының мақтанышы әлемдегі ең үлкен әрі бай кітапхана еді. Өкінішке орай, ол сақталмаған. Әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби осы көне шаһарда дүниеге келген.

3-тапсырма. Мәтіннен жаңа сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазып, олардың мән-мағынасын сөздік арқылы анықтаңыз.

4-тапсырма. Мәтіннен ілік септігінде тұрған сөздерді табыңыз. Олардың қандай сөзбен тіркесіп, меншіктік қатынасты білдіріп тұрғанын анықтаңыз.

5-тапсырма. Ілік септігін жалғап жазыңыз.

1. Отырар Түркістан сияқты Қазақстан _____ ежелгі қалалары _____ бірі.
 2. Ол VI-VIII ғасырларда көне түркі мемлекеті _____ астанасы болған. 3. XVI-XVII ғасырларда бұл қала қазақ хандығы _____ саяси, шаруашылық және мәдени орталығына айналады. 4. Көне Отырар қаласы _____ мақтанышы әлемдегі ең үлкен әрі бай кітапхана еді. 5. Әлем _____ екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби осы көне шаһарда дүниеге келген.

6-тапсырма. Сөздермен меншіктік қатынасты білдіретін сөз тіркестерін жасап, олармен сөйлемдер құрастырыңыз.

Шығыс, дерек, қоныс, шаһар, мемлекет, дуал, қақпа, билеуші, саудагер, азық-түлік, шаруашылық, қонақ үй, ғимарат.

7-тапсырма. Дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

	Дұрыс	Бұрыс
Қазақстанда Отырар тәрізді көне қалалар аз емес.	<input checked="" type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Отырар Ұлы Жібек Жолы бойында орналасқан.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Ол көне түркі мемлекетінің астанасы болған.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Қыпшақтар қаланы Фараб деп атаған.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Қаланың биік дуалдары тастан тұрғызылған.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Шаһардың төрт бұрышында төрт қақпасы болған.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Билеушілер мен саудагерлер қаланың сыртында тұрған.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

8-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Отырар шаһарының	{	ортасында _____
		маңайында _____
		айналасында _____
		төңірегінде _____
		сыртында _____
		тұсында _____

9-тапсырма. Кестені толтырып, ауызша баяндаңыз. Осы көне қалаларға ортақ белгілерді анықтаңыз.

Қалалар	Көне атауы	Орналасқан жері	Тарихи дерек
Отырар			
Түркістан			
Алматы			

Есте сақтаңыз!

- географиялық атауларда (*Баласағұн қаласы, Каспий теңізі, Балқаш көлі, Іле өзені*);
- саяси-әкімшілік бөлініс атауларында (*Қазақстан Республикасы, Бостандық ауданы*);
- ұйым, мекеме, мәдени-сауда орталық атауларында (*Мәдениет министрлігі, тіл орталығы, «Алатау» кинотеатры, «Жібек жолы» сауда орталығы*);
- лауазым атауларында (*қала әкімі, басқарма төрағасы, кафедра меңгерушісі*);
- көше атауларында (*Әл-Фараби даңғылы, Абай көшесі, т.б.*) ІС жалғаулары жазылмайды, алайда 3-жақтың тәуелдік жалғауы сақталады;
- бұл күрделі атаулар **қай** немесе **қандай** деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *Қай (қандай) қала? Түркістан қаласы.* Сұраулы сөйлемде ТЖ жалғауы қолданылмайды;
- мұндай күрделі атаулар септеледі (*қала әкімінің орынбасары; қай әкімнің орынбасары?*).

9-сабақ

АДАМ МАҚСАТЫНА ӨЗІН-ӨЗІ ЖЕТІЛДІРУ АРҚЫЛЫ ЖЕТЕДІ

Әбу Насыр әл-Фараби

1-тапсырма. Сұрақтар бойынша ой-пікір бөлісіңіз.

1. Әл-Фараби туралы не білесіз?
2. Қандай ғалымдарды үлгі тұтасыз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөз, сөз тіркестерінің мән-мағыналарын анықтаңыз.

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ

Әбу Насыр әл-Фараби – ойшыл, математик, астролог, музыка зерттеушісі. Әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырдария өзеніне құятын жеріндегі қазақтың ежелгі қаласы Фараб қаласында дүниеге келді. Бұл көне қаланың орны – қазіргі Отырар ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында. Отырар IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған. Отырарда атақты Александрия кітапханасынан соң екінші орындағы үлкен кітапхана болған.



Әл-Фараби Аристотель, Платон және басқа да ежелгі грек философтары шығармаларының түпнұсқасымен танысқан. Оның білімге құштарлығы сол замандағы мәдени әлемнің орталықтары: Хорасан, Бағдад, Дамаскі (Шам), Алеппа, Каирге (Мысыр) апарды. Өмірінің көп бөлігі араб халифатының саяси-мәдени орталығы Бағдадта өтті. Мұнда ол білімін жетілдірді. Сөйтіп, білімдарлығы, ақылы, алғырлығы арқасында өзге ғалымдардың арасында үлкен абырой, беделге ие болады. Әл-Фараби 950 жылы 80 жасында Сирияда, Шам қаласында қайтыс болған.

Біздің заманымызға әл-Фарабидің тек негізгі шығармалары ғана келіп жетті. Ол шығармалар ежелден танымал болған және ғылыми, философиялық ойдың дамуына орасан зор әсер еткен. Әл-Фараби Аристотельдің, әл-Киндидің ізін қуып, философия мен ғылымның барлық салалары бойынша үлкен жетістіктерге жетеді.

Әл-Фараби Аристотельдің «Категориялар», «Метафизика», «Герменевтика» мен «Софистикасына» түсініктемелер жазды. Сөйтіп, Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін таныстыруда үлкен рөл атқарды. Сондықтан да XI ғасырда өмір сүрген Фарабидің ізін қуушы атақты ибн-Сина (980-1037) тек Әбу Насыр түсіндірмелері арқылы ғана Аристотель еңбектерінің ойын ұғып, қуанғанынан қайыршыларға садақа үлестіргені жайлы жазған екен. Анығырақ айтсақ, Аристотель шығармалары сол кездің өзінде-ақ араб тіліне аударылып үлгерген. Бірақ көп еңбектері аударылмағандықтан ұлы грек философының ойын түсіну қиын болды. Сондықтан да көп тілдерді жетік білген әл-Фараби Аристотель шығармаларына араб тілінде түсіндірме жазуды ұйғарды. Сондықтан да шығыс философтары оны «Ал муаллим ас-сани» – екінші ұстаз деп атаған. Әл-Фараби Аристотельдің философиясына түсініктемелер жазып, өз тарапынан да «Ғылымдардың шығуы», «Ғылымдар энциклопедиясы немесе тізбесі», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Музыканың үлкен кітабы», «Философияны аңсап үйрену үшін алдын ала не білу қажеттігі жайлы», «Ақылдың мәні туралы», «Әлеуметтік этикалық трактаттар», «Философиялық трактаттар» және т.б. философиялық еңбектер жазған. Әл-Фараби ғылымның философиялық-логикалық іргетасын қайта қалады. Ол музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді. Фарабидің метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика, т.б. ғылымдар туралы жазған еңбектерінің мәні зор.

(Уикипедия – ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет).

3-тапсырма. Ілік септігі жасырын тұрып, жазылмайтын күрделі атауларды теріп жазыңыз.

4-тапсырма. а) мәтін мазмұны бойынша сұраулы сөйлем (7-9) дайындаңыз; ә) сұрақтар бойынша өзара сұхбат жүргізіңіз.

5-тапсырма. Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірбаяны бойынша көрсетілім әзірлеңіз.

10-сабақ

ЕЛ БОЛҒАН ЕСКІСІН САҚТАЙДЫ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. *Кітап адам өмірінде қандай орын алады деп ойлайсыз?*
2. *Сіз кітапханалардың қызметін пайдаланасыз ба?*
3. *Қандай ірі кітапханаларды білесіз?*
4. *Жоғарыда берілген мақалдың мәнісін қалай түсіндіңіз?*

2-тапсырма. Мәтінді оқып, кездескен жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мән-мағынасын сөздік арқылы анықтаңыз.

ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫ

Ежелгі Александрия кітапханасы сияқты көне Отырарда да аса үлкен кітапхана болған. Бірақ ол моңғол шапқыншылығы кезінде өртеніп кеткен екен. VIII-IX ғасырларда Отырар кітапханасының атағы мен даңқы бүкіл мұсылман әлеміне тараған. Ол туралы көне жазба деректер мен археологиялық материалдар сақталған. Мәселен, Отырар қаласының орнында жүргізілген қазба жұмыстары барысында қаланың XII-XIII ғасырларға қатысты қабатынан айна табылыпты. Сол айнаның сыртына көне кітаптың 5-6 парағы жабысып қалған екен. Сол сияқты қаланың IX-XII ғасырларға қатысты Бердібек цитаделінің маңынан көне кітапхананың сілемдері табылған. Отырар кітапханасына қатысты табылған осындай барлық заттар Шәуілдір мұражайында сақтаулы. Бұл заттар көне Отырарда қағазға, пергаментке, папирусқа, тіпті кермикаға жаза алатын каллиграфистердің болғандығын дәлелдейді.

Қазақстан тәуелсіздігінің он жылдығы қарсаңында Отырар кітапханасын қайта жаңғырту мәселесі көтерілді. Осыған орай, Отырар кітапханасы қайда болу керек деген сұрақ туды.

Тарихқа сүйенсек, Флоренциядағы Лауренциан кітапханасы, Ватикан кітапханасы және т.б. әйгілі кітапханалар шіркеулерде болған. Кейін олар білім-ғылым орталықтарында және университеттерде шоғырланады. 1602 жылы әйгілі Оксфорд университетінің құрамында Бодли кітапханасы жұмыс істей бастады. Кейін ірі кітапханалар Кембридж, Сорбонна, Прага, Гейдельберг университеттерінде ашылған.

Осындай тарихи деректерді ескере отырып, Отырар кітапханасын Еуразияның кіндігі Астана қаласындағы Еуразия университетінің жанынан ашу туралы шешім қабылданды.

3-тапсырма. Мәтін ішіндегі меншік мәндес күрделі атаулар құрамында ілік септігінің жазылған жазылмағандығын анықтаңыз. Оның себебін түсіндіріңіз.

4-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Ежелгі Александрия кітапханасы сияқты 2. Бірақ ол моңғол шапқыншылығы кезінде 3. VIII-IX ғасырларда Отырар кітапханасының атағы мен даңқы 4. Ол туралы көне жазба деректер мен 5. Отырар кітапханасына қатысты табылған барлық заттар 6. Бұл заттар көне Отырарда қағазға, пергаментке, папирусқа, тіпті керамикаға жаза алатын 7. Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы қарсаңында

5-тапсырма. Асты сызылған сөз, сөз тіркестеріне сұрақ қойып, сұраулы сөйлемдерді жазыңыз.

1. Лауренциан, Ватикан кітапханалары шіркеулер жанында болған. 2. Кейін олар білім-ғылым орталықтарының және университеттердің маңайында шоғырланған. 3. 1602 жылы Оксфорд университетінің құрамында Бодли кітапханасы ашылды. 4. Ірі кітапханалар Кембридж, Сорбонна, Прага, Гейдельберг университеттерінде ашылған. 5. XXI ғасырдың басында Отырар кітапханасын Еуразияның кіндігі Астана қаласындағы Еуразия университетінің жанынан ашу туралы шешім қабылданған.

6-тапсырма. Жақшаның ішіне сөздердің синонимдерін жазыңыз.

1. *Көне* (_____) қалада үлкен кітапхананың болғандығы туралы жазба деректер сақталған. 2. Отырар кітапханасы шапқыншылық кезінде *өртеніп* (_____) кеткен. 3. Кітапхананың *даңқы* (_____) бүкіл мұсылман әлеміне тараған. 4. Көне қаланың *маңында* (_____) қазба жұмыстары жүргізілген. 5. Ертеде *ірі* (_____) кітапханалар шіркеулерде, білім-ғылым орталықтарында шоғырланған.

7-тапсырма. Берілген сөз, сөз тіркестерімен бірнеше сөйлем құрастырыңыз.

Сүйену, дәлелдеу, қайта жаңғырту, жабысып қалу, таралу, шоғырлану, шешім қабылдау, шапқыншылық, құрамы, сілем, шіркеу, әйгілі, осыған орай.

8-тапсырма. Барыс септігінде тұрған сөздердің астын сызып, сұрақ қойыңыз.

1. VIII-IX ғасырларда Отырар кітапханасының атағы мен даңқы бүкіл мұсылман әлеміне тараған. 2. Отырар кітапханасына қатысты табылған барлық заттар Шәуілдірдегі мұражайда сақтаулы. 3. Көне Отырарда қағазға, пергаментке, папирусқа, керамикаға жазатын каллиграфистер болған.

Есте сақтаңыз!

- Барыс септігінің (БС) сұрақтары: **кімге? неге? қайда?**
- БС-ның негізгі жалғаулары: **-ға, -ге, -қа, -ке;** Мысалы: *айна+ға, шешім+ге; зат+қа, дерек-ке*
- БС-ның қосымша жалғаулары: **-а, -е; -на, -не;**
- I және II жақтың ТЖ-ның анайы түрінен кейін жалғанатын БС жалғаулары: **-а, -е;** Мысалы: *шешім+ім+е, шешім+ің+е; зат+ым+а, зат+ың+а;*
- III жақтың ТЖ-дан кейін жалғанатын БС жалғаулары: **-на, -не;** Мысалы: *шешім+і+не, зат+ы+на.*

ЗАТ ЖАҚСЫСЫ ШЕБЕРДЕН

1-тапсырма. Сұрақ төңірегінде ой бөлісіңіз.

1. Қағаздың қандай пайдасы бар?
2. Қағаз шығару үшін қандай шикізат пайдалануға болады?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мән-мағынасын сөздік арқылы анықтаңыз. Барыс септігінде тұрған сөздерді атап шығыңыз.

КӨНЕ ТҮРКІЛЕРДІҢ КІТАП ШЫҒАРУ ІСІ

Зерттеуші ғалымдар көне түркі халықтарының қағаз жасау ісін шебер меңгергендігін айтады.

Әсіресе қағаз жасаудың батыстық және шығыстық үлгілері кеңінен танымал болған екен. Көне түркілер қағаз жасау үшін тұт ағашын, сондай-ақ сора, мақта және күріш сабақтарын қолданған.

VIII ғасырда қытайлық шеберлер Самарқанда қағаз өндіретін орын ашқан. Жалпы Қытайдың өзінде және Шығыс Түркістанда қағаз өндірісі б.з.д. IV ғасырда болған деген тарихи деректер бар. Қағаз жасау тәсілі ұлы Жібек жолы арқылы батысқа тарап, пергамент, папирустарды ығыстырып шыққан.

Көне түркі тілінде жазылып, біздің дәуірімізге дейін жеткен ең көне кітаптардың қатарында 583 жылы шыққан «Нирванасутра» деп аталатын кітап бар. Ал түркі тілінде жазылған «Хуастуанифт» кітабын С.Е. Малов сияқты ғалымдар V ғасырда жазылған деп санайды.

Шығыс Түркістан аумағынан табылған VIII-IX ғасырларға жататын кітаптар *ойып басу*, яғни *ксилографиялық* тәсілмен жасалған. Ксилографиялық тәсіл мөр дайындау ісінен бастау алады. Бұл тәсіл бойынша кітап басып шығару үшін болашақ кітаптың көлеміндей тақтайлар алынады. Сондай көлемде жұқа қағазға мәтін жазылады. Қағазды тақтайға жапсырып, әрбір әріпті ояды. Әріптері бар тақтайларды бояп, мәтінді қағаз бетіне түсіреді.

Осы тәсілмен жасалған көне түркі кітабы «Ырық бітік» бізге жеткен. Кітапша бүктелген 29 парақтан тұрады. Көлемі 13,2 x 8 см, мәтіні 108 жолдан, 65 бөлімнен тұрады. Әр жолы «бұл жақсы» немесе «бұл жаман» деген ой қорытумен аяқталады. Кітап түркі халықтарының сол кездегі тұрмыс-тіршілігі мен



наным-сенімі туралы жазылған екен. Дания ғалымы Вильгельм Томсен «Ырық бітік» VIII-IX ғасырларда жазылған деген пікір айтқан.

(А. Махаева, тарихшы)

3-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Зерттеуші ғалымдар көне түркі халықтарының қағаз жасау ісін
 2. Әсіресе қағаз жасаудың батыстық және шығыстық үлгілері 3. Көне түркілер қағаз жасау үшін 4. VIII ғасырда қытай шеберлері 5. Жалпы Қытайдың өзінде және Шығыс Түркістанда қағаз өндірісі 6. Қағаз жасау тәсілі ұлы Жібек жолы арқылы тарап, 7. Көне түркі тілінде жазылып, біздің дәуірімізге дейін жеткен ең көне кітаптардың қатарында 9. Ал түркі тілінде жазылған «Хуастуанифт» кітабын С.Е. Малов сияқты ғалымдар

4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Көне түркілер қағаз жасау үшін қандай шикізатты пайдаланған?
2. Қағаз жасаудың қандай үлгілері болған?
3. Қағаз жасайтын орын қай қалада болған? Оны кімдер ашқан?
4. Ұлы Жібек жолы қағаз өндіру ісінің жандануына қандай ықпал жасаған?
5. Біздің дәуірімізге дейін жеткен қандай көне түркі кітаптары бар?
6. Ежелде ксилографиялық тәсіл бойынша кітаптар қалай жасалды?
7. Осы тәсілмен жасалған қандай түркі тілінде шыққан кітаптар бар?
8. Бұл кітаптардың ерекшеліктері қандай?

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөз тіркестерін қойыңыз.

Керек сөздер: «Ырығ бітік», ксилографиялық тәсілмен, жұқа қағазға, әрбір әріпті ояды, мөр дайындау, болашақ кітаптың көлеміндей, мәтінді қағаз бетіне.

1. VIII-IX ғасырлардағы кітаптар ойып басу, яғни ... жасалған.
 2. Ксилографиялық тәсіл ... ісінен бастау алады. 3. Бұл тәсіл бойынша кітап басып шығару үшін ... тақтайлар алынады. 4. Сондай көлемде ... мәтін жазылады. 5. Қағазды тақтайға жапсырып, 6. Әріптері бар тақтайларды бояп, ... түсіреді. 7. Осы тәсілмен жасалған көне түркі кітабы ... бізге жеткен.

6-тапсырма. Дұрыс па? Бұрыс па? Белгі қойыңыз.

		Д	Б
1.	«Ырығ бітік» бүктелген 9 парақтан тұрады.		✓
2.	Оның көлемі 13,2 x 8 см.		
3.	Мәтіні 108 жолдан, 65 бөлімнен тұрады.		
4.	Әр жол «бұл жақсы» немесе «бұл жаман» деген ой қорытумен аяқталады.		
5.	Кітап көне кездегі кітап жасау ісі туралы жазылған.		
6.	«Ырығ бітік» шамамен VIII-IX ғасырларда табылған.		

12-сабақ

ШӘР КІТАПТЫ ОҚЫСАҢ, ӘР КІТАПТЫ ОҚЫРСЫҢ


1-тапсырма. Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіз.

1. Сіз соңғы рет қандай кітап оқыдыңыз?
2. Сізге ерекше ұнайтын кітап бар ма? Болса, ол сіз үшін несімен құнды?

2-тапсырма. 1) Әбу Әли ибн Синаның өзінен бір ғасыр бұрын өмір сүрген ұлы ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби еңбегі жөнінде жазғанын оқып, мәтінге тақырып қойыңыз; 2) мәтінде кездесетін жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мән-мағынасын сөздік арқылы анықтаңыз; 3) барыс септігінде тұрған сөздерді атап шығыңыз.

Мен мантик (логика), жаратылыстану және риезиет (математика, геометрия) ғылымдарын жақсы меңгердім. Сосын теологияны үйренуге кіріскенімде, Аристотельдің «Метафизика» деген кітабын оқыдым. Бірақ онда не жазылғанын түсіне алмадым. Бұл кітапты жазған кісінің мақсаты мен үшін құпия болып қала берді. Кітапты қырық рет қайталап оқып, түгел жаттап алдым. Бірақ соның өзінде де мен оны түсіне алмадым. Ақыры үмітімді үзіп, бұл түсінуге болмайтын кітап екен деген қорытындыға келген едім.

Бір күні бесін намазы кезінде кітап сатушыларға бардым. Онда бір делдал мұқабалы кітапты қолына ұстап, мақтап тұр екен. Ол мені қасына шақырып алып, кітапты көрсетті. Сонда мен бұл ғылымды білудің пайдасы жоқ деген оймен әлгіні жақтырмай, алмайтынымды айттым. Делдал маған: «Бұл кітапты ал, бағасы арзан – бар болғаны үш дирхам, кітаптың иесі – ақшаға мұқтаж», – деді. Осылайша, мен кітапты сатып алдым. Анықтап қарасам, бұл кітап Әбу Насыр әл-Фарабидің «Метафизика» деген кітаптың мақсаты жайында жазылған шығармасы екен. Үйге келген бойда оны оқуға кірістім. «Метафизика» ойымда жатталып қалғандықтан, сол сәтте-ақ кітаптың мақсатын түсініп алдым. Бұған қатты қуанып кеттім... Мұндай кітаптың табылғанына шүкіршілік жасап, ертеңіне-ақ кедейлерге біраз нәрсе садақа бердім.



(«Ежелгі дәуір әдебиеті» кітабынан)

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ибн-Сина деген кім? Ол туралы не білесіз?
2. Ибн-Сина Аристотельдің «Метафизикасымен» қалай танысты?
3. Оның қолына Әл-Фарабидің «Метафизика» туралы жазылған кітабы қалай түсті?

4-тапсырма. 1) мәтіннен барыс септігінде тұрған сөздерді тауып, олардың қай сөз табына жататынын анықтаңыз; 2) барыс септігі жалғаулы сөздің қандай сөздермен тіркесетінін анықтаңыз.

5-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастырыңыз.

Үйренуге кірісу, оқуға болады, түсінуге болмайды, жаттап алуға тырысу, сұрауға батпау, тәуекелге бел буу.

6-тапсырма. Сөз тіркестерін көп нүктенің орнына 3-жақта қойып жазыңыз.

Керек сөздер: *үйренуге кірісу, үміті үзілу, түсіне алмау, қорытындыға келу, жақсы меңгеру, құпия болу, жаттап алу.*

1. Ибн Сина мантик, жаратылыстану, риезиет ғылымдарын 2. Сосын теологияны 3. Ол Аристотельдің «Метафизика» деген кітабын 40 рет оқып, бірақ онда не жазылғанын 4. Бұл кітапты жазған кісінің мақсаты ол үшін 5. Кітапты қырық рет қайталап оқып, түгел 6. Бірақ соның өзінде де, ол оны 7. Ақыры оның үміті үзіліп, бұл түсінуге болмайтын кітап екен деген

7-тапсырма. Мәтін мазмұнына сәйкес дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

	Д	Б
Бір күні Ибн Сина кітапханаға барды.		✓
Мұқабалы кітап оқып тұрған жас жігітке көзі түсті.		
Ибн Сина кітаптың мұқабасын ұнатып қалды.		
Сондықтан Ибн Сина кітапты сатып алуды ойлады.		
Делдал оған: «Бұл кітаптың иесі ақшаға мұқтаж», – деді.		
Бұл кітап Әбу Насыр әл-Фарабидің «Метафизикасы» еді.		
Үйіне жеткенше кітапты оқып барды.		
Бірақ кітаптың мазмұнын түсінбеді.		
Шүкіршілік жасап, кедейлерге садақа берді.		

8-тапсырма. а) жоспар құрып, мәтіннің мазмұнын айтып беріңіз; ә) «Кітап – білім бұлағы» деген тақырыпқа шағын эссе жазыңыз; б) төмендегі лексика-грамматикалық тіркестерге әдеби шығармалардан мысал теріп жазыңыз.

Есте сақтаңыз!

✓ ...+(y)ға // ... +(y)ге КІРІСУ (БЕЛ БУУ, БАТПАУ, МӘЖБҮР БОЛУ)
Мысалы: *Кітапты оқуға кірісті.*

✓ ...+(y)ға // ... +(y)ге БОЛАДЫ (БОЛМАЙДЫ, БОЛА МА?)
Мысалы: *сатып алуға бола ма?*

✓ ...+(y)ға // ... +(y)ге ТЫРЫСУ
Мысалы: *кітапты түсінуге тырысты.*

13-сабақ

КІТАП – БІЛІМ БҰЛАҒЫ, БІЛІМ – ӨМІР ШЫРАҒЫ

1-тапсырма. Сұрақтар төңірегінде жауап беріп, ой-пікірлеріңізбен бөлісіңіз.

1. Сіз қандай мұражайларда болдыңыз?
2. Кітап мұражайында болып көрдіңіз бе?
3. Мұражайлардың маңызы неде деп ойлайсыз?

2-тапсырма. а) мәтінді оқып, жаңа сөз, сөз тіркестерінің мағыналарын есте сақтаңыз; ә) кімде? неде? қайда? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді тауып, астын сызыңыз.

КІТАП МҰРАЖАЙЫ

1 978 жылы Алматы қаласында Республикалық кітап мұражайы ашылды. Бұл – бұрынғы Кеңес Одағындағы Мәскеу мен Киевтен кейінгі үшінші, ал күллі кіндік Азиядағы жалғыз кітап мұражайы. Мұнда елу мыңнан астам кітап сақтаулы. Мұражайдың алты залында түрлі халықтардың баспа ісі мен жазу тарихына қатысты экспонаттар қойылған. Қазақ жерінде туған, тұрған ғұламалардың кітаптары, түрлі түсті суреттер, қару-жарақтар мен киіз үйдің әсем жабдықтарымен жарасым тауып тұр. Мұражайдың қорында аса сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры бар. Олар араб, парсы, шағатай, латын, кирилл әріптерімен жазылған. Мәселен, онда Құранның 98 түрі сақтаулы. Олардың ішінде XVII ғасырда алтын сиямен көшірілген Құран да бар. Ал кішкентай сегіз қырлы Құран әлемде екеу-ақ екен, соның біреуі осы мұражайда сақтаулы.



1831 жылы Молда Самарқанди көшірген Әлішер Науаидың құнды қолжазбасы, 1891 жылы Қазан қаласында басылып шыққан Әбілғазы Баһадүрдің «Түріктердің тарихи шежіресі» атты кітабын және басқа да қиссалар мен дастандарды, шежіре жазбаларды осы мұражайдан көруге болады. Орыс ғалымдарын қатты қызықтырған Яков Гроттың бұдан жүз жыл бұрын Санкт-Петербургте шыққан «Пушкиннің лицейлік жолдастар мен ұстаздары» деп аталатын еңбегін де осы мұражайдан табуға болады.

«Жас Алаш» газетінен

3-тапсырма. Берілген сөз, сөз тіркестерімен сөйлемдерді толықтырыңыз.

Керек сөздер: *күллі кіндік Азиядағы, ғұламалардың, қорында, сақтаулы, баспа ісі мен жазу, қару-жарақтар, бұрынғы Кеңес Одағындағы, қолжазбалар, жабдықтары, әріптерімен.*

1. 1978 жылы Алматы қаласында ... ашылды. 2. Бұл – ... Мәскеу мен Киевтен кейінгі үшінші, ал ... жалғыз кітап мұражайы. 3. Мұнда елу мыңнан астам кітап 4. Мұражайдың 6 залында түрлі халықтардың ... тарихына қатысты экспонаттар қойылған. 5. Қазақ жерінде туған, тұрған ... кітаптары, түрлі түсті суреттер, ... мен киіз үйдің әсем ... жарасым тауып тұр. 7. Мұражайдың ... аса сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры бар. Олар парсы, шағатай, араб, латын, кириллица ... жазылған.

4-тапсырма. Оқыңыз. Аударыңыз. 10 сөйлем құрастырыңыз.

Түрлі түсті суреттер, қару-жарақтар, киіз үйдің әсем жабдықтары, сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар, қолжазбалар қоры, қисса, шежіре жазбалар, алтын сиямен көшірілген қолжазба, қатты қызықтыру, жүз жыл бұрын шыққан еңбек.

5-тапсырма. а) асты сызылған сөз бен сөз тіркестеріне сұрақ қойып, сұраулы сөйлем жасаңыз; ә) есімдіктердің түрін және қосымшаларын анықтаңыз.

1. Мұражайдың қорында аса сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры бар. 2. Олар парсы, шағатай, араб, латын, кириллица әріптерімен жазылған. 3. Бұл мұражайда Құранның 98 түрі сақтаулы. 4. Олардың ішінде XVII ғасырда алтын сиямен көшірілген Құран бар. 5. Ал кішкентай 8 қырлы Құран әлемде кеуе-ақ екен. 6. Соның біреуі осы мұражайда сақтаулы.

6-тапсырма. а) үлгі бойынша сөйлемдерді түрлендіріңіз; ә) асты сызылған сөздерге сұрақ қойып, олардың өзара ұқсастығы мен айырмашылығын түсіндіріңіз.

Үлгі: *1831 жылы Молда Самарқанди көшірген Әлішер Науаидың құнды қолжазбасы. 1831 жылы Молда Самарқанди Әлішер Науаидың құнды қолжазбасын көшірген.*

1. 1891 жылы Қазан қаласында басылып шыққан Әбілғазы Баһадүрдің «Түріктердің тарихи шежіресі». 2. Орыс ғалымдарын қатты қызықтырған Яков Гроттың еңбегі. 3. Оның бұдан жүз жыл бұрын Санкт-Петербургте шыққан «Пушкиннің лицейлік жолдастары мен ұстаздары» деп аталатын еңбегі.

7-тапсырма. Дұрыс па? Бұрыс па?

1. 1978 жылы Алматы қаласында Республикалық кітап мұражайы ашылды.
2. Бұл – кіндік Азиядағы екінші кітап мұражайы.
3. Мұражайда елу мыңнан астам кітап сақтаулы.
4. Мұражайдың 6 залында түрлі халықтардың баспа ісі мен жазу тарихына қатысты эспонаттар қойылған.

5. Мұражайдың қорында аса сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалардың қоры бар.

6. Олар латын әріптерімен жазылған.

7. Онда Құранның 98 түрі сақтаулы.

8. Олардың ішінде XVII ғасырда алтын сиямен көшірілген Құран да бар. Ал кішкентай 8 қырлы Құран әлемде біреу-ақ екен, ол осы мұражайда сақтаулы.

8-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстанда алғашқы кітап мұражайы қай қалада ашылған?

2. Мұражай қорында қанша кітап сақталған?

3. Мұражайда басқа қандай экспонаттар бар?

9-тапсырма. Тиісті септік жалғауларын жалғаңыз.

1. Алматы қаласы_____ Республикалық кітап мұражайы бар. 2. Мәскеу мен Киев_____ де кітап мұражайы ашылған. 3. Мұражай_____ елу мыңнан астам кітап сақтаулы. 4. Мұражайдың алты залы_____ түрлі халықтар_____ баспа ісі мен жазу тарихы_____ қатысты экспонаттар қойылған. 5. Қазақ жері_____ туған, тұрған ғұламалар_____ кітаптары қойылған. 6. Мұражайдың қоры_____ аса сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры бар. 7. Сирек кітап, қолжазбалардың іші_____ араб, парсы, шағатай, латын, кирилл әріптерімен жазылған шығармалар кездеседі. 8. Ол жер_____ Құранның 98 түрі сақтаулы. 9. XVII ғасыр_____ алтын сиямен көшірілген Құран да бар. 10. Әлемдегі екі кішкентай сегіз қырлы Құран_____ біреуі осы мұражай_____ сақтаулы. 11. Әбілғазы Баһадүрдің «Түріктердің тарихи шежіресі» атты кітабы мен басқа да қисса, дастан, шежіре жазбаларды осы мұражайдан көру_____ болады. 12. Яков Гроттың өткен ғасыр_____ Санкт-Петербург_____ шыққан «Пушкиннің лицейлік жолдастар мен ұстаздары» деп аталатын еңбегін де осы мұражайдан табу_____ болады.

10-тапсырма. а) берілген жоспар бойынша мәтін мазмұнын айтып беріңіз; ә) кітап мұражайларының бірі туралы таныстырылым әзірлеңіз.

1. Қазақстанның кітап мұражайы.

2. Мұражайдың ерекшелігі.

3. Кітап мұражайының экспонаттары.

Есте сақтаңыз!

– жатыс септігінің (ЖС) сұрақтары: **кімде? неде? қайда? қашан?**

– ЖС-ның негізгі жалғаулары: **-да, -де, -та, -те.** Мысалы: *Азия+да, одақ+та, XVII ғасыр+да;*

– III жақтың тәуелдік жалғауынан кейін жалғанатын ЖС жалғаулары: **-нда, -нде;**

Мысалы: *мұражай қор+ы+нда.*

ӨНЕРЛІГЕ ӨЛІМ ЖОҚ

1-тапсырма. Сұрақтар бойынша ой-пікірлеріңізбен бөлісіңіз.

1. Сіз музыканың қандай түрін жақсы көресіз? Не үшін?
2. Қазақтың ұлттық музыка өнері туралы не білесіз?

2-тапсырма. а) мәтінді оқып, жаңа сөз, сөз тіркестерінің мағыналарын түсіндіріңіз; ә) мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

КҮЙ АТАСЫ – ҚОРҚЫТ

К азақ музыкасының тарихында қобыз өнері ерекше орын алады. Аңыз бойынша қобыз аспабын жасаған адам – Қорқыт ата. Ол шамамен VIII-IX ғасырларда Сырдария өзенінің жағасында өмір сүріпті. 1952 жылдарға дейін Сырдарияның жағасында Қорқыттың күмбезі болған деседі. 1980 жылы сол жерде Қорқытқа үлкен ескерткіш орнатылған.

Қорқыт ата есімі шығыстану ғылымында да жақсы белгілі. Ол – түркі халықтарының көне ескерткіші «Китаби дәдем Қорқуттың» («Қорқыт ата кітабы») авторы және негізгі кейіпкері. Бұл шығарма



шамамен XIV-XVI ғасырларда араб әрпімен көшірілген. Бүгінде қолжазбаның екі нұсқасы бар. Оның 12 жырдан тұратын бір кітабы 1815 жылы Дрезден кітапханасынан, 6 жырдан тұратын екінші кітабы кейінірек Ватиканнан табылған.

«Қорқыт ата кітабы» – батырлар туралы жазылған эпикалық жыр. «Қорқыт ата кітабы» туған жерін, елін, үйін сыртқы жаулардан қорғау үшін қан майданға шыққан алып батырлардың ерлігі туралы толғайды. Сонымен қатар онда түркі халықтарының мақал-мәтелдері жинақталған. Көне шығарма қазіргі түрік, әзірбайжан, итальян тілдеріне аударылған. 1986 жылы ол қазіргі қазақ тілінде жарық көрді.

Халық арасында Қорқыт ата және ол шығарған күйлер туралы аңыздар жақсы сақталған.

1. Қорқыт атаны түркі халықтары неліктен «күй атасы» деп атайды?
2. Қорқыт ата қашан және қайда өмір сүрген?



3. Қорқыт ата есімімен байланысты қандай көне түркі жазба ескерткіші бар?
4. Кітаптың көне жазба нұсқалары қайда сақталған?
5. «Қорқыт ата кітабы» не туралы?
6. «Қорқыт ата кітабы» қазір қандай тілдерге аударылған?

3-тапсырма. Берілген сөз, сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.

Аңыз, күмбез, кейіпкер, қолжазба, нұсқа, эпикалық жыр, қазіргі қазақ тілі.

4-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Қазақ музыкасының тарихында қобыз өнері
2. Аңыз бойынша қобыз аспабын
3. Қорқыт шамамен VIII-IX ғасырларда
4. 1952 жылдарға дейін Сырдарияның жағасында
5. 1980 жылы сол жерде
6. Қорқыт ата есімі шығыстану
7. Ол «Кітаби дәдем Қорқыттың» –
8. Бұл көне шығарма шамамен XIV-XVI ғасырларда
9. Қолжазбаның 2 нұсқасы бар. Олар

5-тапсырма. а) мәтінді оқыңыз; ә) өлең үзіндісін жаттап алыңыз.

1. Күйшінің дүниеге келуі және оның Қорқыт атануы туралы аңыз

Қорқытты туарда оның анасы құланның жаясына жерік болыпты дейді. Жыл сайын бір рет толғатып, баланы үш жыл тоғыз күн көтеріпті. Бір күні нәрестенің дүниеге келер сәті жетеді. Ана толғатқанда күн күркіреп, найзағай жарқылдап, қатты дауыл тұрады. Жер дүниені қара түнек басып, ел-жұрттың үрейі ұшады. Олар дүниеге жеті басты жалмауыз келетін шығар деп қорқыпты. Бірақ баланы көргенде, көңілдері жайланады. Шілдеханаға жиылып: «Бұл бала дүниеге ерекше болып келіп, бәрімізді қатты қорқытып еді, сондықтан оның аты Қорқыт болсын», – деп нәрестенің атын Қорқыт қояды.

Қорқыт туған кезінде,
Қара аспанды су алған.
Қара жерді құм алған.
Ол туғанда ел қорқып,
Туғаннан соң қуанған, –

деген жыр жолдары осы айтылған аңызды растай түседі.

6-тапсырма. а) мына сөз, сөз тіркестерінің мән-мағынасын анықтаңыз; ә) олармен сөйлем құрастырыңыз.

Құланның жаясы, жерік болу, толғату, бала көтеру, үрейі ұшу, жеті басты жалмауыз, нәресте, шілдехана.

7-тапсырма. Табиғат құбылыстарын суреттейтін сөйлемдерді теріп жазыңыз.

8-тапсырма. а) мәтін бойынша дұрыс жауапты белгілеңіз; ә) бұрыс жауаптың дұрыс жауабын беріңіз.

Қорқытты туарда анасы құланның жаясына жерік болыпты	<input checked="" type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Ана толғатқанда күн жарқырап кетіпті.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Нәресте дүниеге келер сәтте найзағай түсіпті.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Қорқыт туарда қатты жел тұрады.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Нәресте туарда ел қатты қуанады.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Ана толғатқанда ел-жұрттың көңілі жайланады.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Шілдехана боларда жер дүниені қара түнек басыпты.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

9-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөз, сөз тіркестерінің мән-мағынасын анықтаңыз.

2. Қобыз аспабының жасалуы туралы аңыз



Қорқыт кішкентай кезінен өте ұғымтал, құйма құлақ болып өсіпті. Сол кездегі аспаптардың бәрінде керемет ойнаған екен. Алайда оның жаңа бір аспап жасап алғысы келіп, он ойланып, тоғыз толғаныпты.

Қарағайды кесіп әкеліп, одан бір нәрсенің жобасын жасап көреді. Бірақ бұдан әрі не істерін білмей қиналыпты. Бір күні шаршап, көзі ілініп кетіп түс көреді. Түсіне періште кіріпті. Ол балаға: «Қорқыт, жасап жатқан қобыздың 6 жасар нар атанның жілігіндей екен. Енді оған нар түйенің терісінен шанақ, ор текенің мүйізінен тиек, бесті айғырдың құйрығынан қыл ішек жетпей тұр. Осылар болса, аспабың сайрағалы тұр екен», – деп аян беріпті. Қорқыт оянып кетеді де, періштенің айтқандарының бәрін орындайды. Осылайша, қобыз аспабы жасалған екен.

Ұлытау мен Қарқаралы жерінде IV-VIII ғасырларда тасқа қашалған қобыз аспабының бейнесін тапқан ғалымдар Әлкей Марғұлан, Михаил Чулакилердің айтуларына қарағанда, бұл көне аспап арабтар арқылы Испания мен Византияға тарап, кейінірек күллі Еуропада жақсы танымал болған көрінеді. Бүгінде көне қобыз аспабының түрі де, үні де жетілдірілген. Алматыда Республикалық Ықылас Дүкенұлы атындағы халық саз аспаптары мұражайынан қобыз және басқа да қазақ халқының 40-тан астам музыкалық аспаптары көруге болады.

Ұлытау мен Қарқаралы жерінде IV-VIII ғасырларда тасқа қашалған қобыз аспабының бейнесін тапқан ғалымдар Әлкей Марғұлан, Михаил Чулакилердің айтуларына қарағанда, бұл көне аспап арабтар арқылы Испания мен Византияға тарап, кейінірек күллі Еуропада жақсы танымал болған көрінеді. Бүгінде көне қобыз аспабының түрі де, үні де жетілдірілген. Алматыда Республикалық Ықылас Дүкенұлы атындағы халық саз аспаптары мұражайынан қобыз және басқа да қазақ халқының 40-тан астам музыкалық аспаптары көруге болады.

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қорқыт кішкентай кезінде қандай болған?
2. Қорқытты он ойландырып, тоғыз толғандырған не?
3. Қорқыт қобыз жасауды неден бастады?
4. Қорқытқа кім көмектесті? Ол қандай кеңес берді?
5. Қобыз ішегі неден жасалды?

11-тапсырма. Үлгі бойынша сөйлемді аяқтаңыз.

Үлгі: Қобыз жасау үшін қарағайдан бір нәрсенің жобасын жасады.

Шанақ жасау үшін _____

Тиек жасау үшін _____

Ішек жасау үшін _____

12-тапсырма. Берілген тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріп, сөйлем құрастырыңыз.

Көз ілу • құйма құлақ • он ойланып, тоғыз толғану

13-тапсырма. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойып, сұраулы сөйлем жасаңыз.

Сұраулы сөздер: *кімнің? кім? кімдерге? қайда? қалай? қай жерден? кімнің? қайдан? неден? қандай?*

1. Аңыз бойынша қобыз аспабын жасаған адам – Қорқыт ата. 2. Ол шамамен VIII-IX ғасырларда Сырдария өзенінің жағасында өмір сүріпті. 3. «Қорқыт ата кітабының» 12 жырдан тұратын бір нұсқасы 1815 жылы Дрезден кітапханасынан табылған. 4. Алты жырдан тұратын екінші кітап Ватиканнан табылды. 5. Көне шығарма туған жерін, елін, үйін сыртқы жаулардан қорғау үшін қан майданға шыққан алып батырлардың ерлігі туралы толғайды. 6. Қобызға нар түйенің терісінен шанақ жасады. 7. Ор текенің мүйізінен тиек керек екен. 8. Бесті айғырдың құйрығынан қыл ішек жетпей тұрыпты. 9. Қобыз аспабы арабтар арқылы Испания мен Византияға тараған. 10. Еуропалықтарға жақсы танымал болған. 11. Көне қобыз аспабының түрі, үні жетілдірілген. 12. Алматыда Республикалық Ықылас Дүкенұлы атындағы халық саз аспаптары мұражайынан қазақ халқының музыкалық аспаптарын көруге болады.

14-тапсырма. Өлең үзіндісін толықтырыңыз.

Қорқыт _____ кезінде,
_____ су алған.
Қара жерді _____ алған.
Ол _____ ел қорқып,
_____ соң қуанған.

15-тапсырма. Жоспар құрып, Қорқыт ата туралы жоғарыда берілген мәтін, аңыз-әңгімелердің мазмұнын айтып беріңіз.

Есте сақтаңыз!

– шығыс септігінің (ШС) сұрақтары: **кімнен? неден? қайдан? қашаннан бері?**
– ШС-ның негізгі жалғаулары: **-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен**. Мысалы: **нұсқасы+нан, қарағай+дан, аспап+тан;**
– ШС жалғауларынан кейін жалғанатын септеулік шылаулар: **бұрын, кейін, соң, бері, әрі, басқа, бастап.**

15-сабақ

ТАЛАП – ТАЛМАС ҚАНАТ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Замандастарыңыздан кімді мақтан тұтасыз? Не үшін?
2. Замандастарыңыздың көпшілігіне ортақ қандай жақсы әрі жағымсыз қасиеттерді атап едіңіз.

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мән-мағынасын анықтаңыз.

АЙМАН – ӘЛЕМ ӘРТІСІ

Д арынды скрипкашы, біздің замандасымыз Айман Мұсаходжаева «Әлем әртісі» атағын алды. Оған бұл атақтың арнайы дипломын Париж қаласында ЮНЕСКО-ның бас директоры Федерико Майор тапсырды. Осы бір құрметті атақты жер-жаһанда жеті-ақ адам иеленген екен. Солардың ішінде ресейлік Мстислав Ростропович сияқты ғажап өнер жұлдызы бар. Федерико Майор Айманға диплом тапсырып тұрып: «Мен Қазақстанды



сүйемін. Ұлы Абай туған елде болғанмын. Президенттеріңіз Нұрсұлтан Назарбаевқа сәлем айта барыңыз. Сіз сияқты өнерлі перзенті көп ел тарих көшінің тек алдыңғы легінен көрінуі тиіс», – депті.

Айман дарыны мен табандылығының арқасында жас кезінде Нұрғиса Тілендиев, Ғазиза Жұбанова, Арам Хачатурян, Валерий Климов сияқты өнер корифейлерінің көзіне түскен. Талай халықаралық байқауларға қатысып, жеңімпаз болған. 2000 жылы Айман Мұсаходжаева Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанды. Ақшалай сыйлығын өз мұғалімдеріне теңдей бөліп берді. Ол республикада тұңғыш рет музыкалық аспаптар коллекциясын жинаған. «Солистер академиясы» деп аталатын камералық оркестр құрған. Шетелдік сапарларында АҚШ, Германия, Австрияның музыкалық білім беру жүйесіне қызығып, сондай оқу орындарын Қазақстанда ашуды армандайды. Ақыры елбасының қолдауымен Астанада Ұлттық музыка академиясын ашты. Бұл академияның мақсаты – кәсіби шеберліктері әлемдік талаптарға сай мамандар даярлау. Айман: « ... қазақ елін дүниенің төрт бұрышына танытсақ, кейінгі ұрпақ бізге рақмет айтады. Одан үлкен рақмет болмайды», – дейді.

Бірде ол Австрияда өткен байқауға қазылар алқасының мүшесі ретінде қатысыпты. Сонда көптеген шетелдік әріптестерінің көзі қазақстандық қобызшының қолындағы қобызға түсе беріпті. Қобызды қайта-қайта тартқызып тыңдапты. Олардың біреуі: «Бұл ғажап аспаптың аты не?» – деп сұрапты. Сонда Айман зор мақтанышпен: «Біздің қазақ мұны қобыз дейді, ол скрипканың атасы», – деп жауап берген.

(Т. Батырхан)

3-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. А. Мұсаходжаева деген кісі кім? Ол қандай атақ алған?
2. А. Мұсаходжаева нені армандаған? Арманы орындалды ма?
3. А. Мұсаходжаева жас кезінде кімдердің көзіне түсті?
4. А. Мұсаходжаева нені зор мақтаныш тұтады?
5. А. Мұсаходжаеваның қандай атақ, сыйлықтары бар?

4-тапсырма. Аударыңыз, 10-15 сөйлем құрастырыңыз.

Дарынды, өнерлі, замандас, ғажап өнер жұлдызы, арнайы диплом, ақшалай сыйлық, қазылар алқасы, қазылар алқасының мүшесі, кәсіби шеберлік, халықаралық байқауға қатысу, жеңімпаз болу, көзге түсу, көштің алдыңғы легінен көріну, Әлем әртісі атағын алу, Мемлекеттік сыйлықтың иегері атану, иелену, ұлттық аспаптар коллекциясын жинау, оркестр құру, Ұлттық музыка академиясы, байқауға қатысу, музыкалық білім беру жүйесі, әлемдік талаптарға сай, қолдау, қол соғу, дүниенің төрт бұрышы.

5-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді тиісті қосымшаларымен бос орынға жазыңыз.

1. Дарынды скрипкашы, біздің замандасымыз Айман Мұсаходжаева «Әлем әртісі» _____ (атақ алу). 2. Оған бұл атақтың арнайы дипломын Париж қаласында ЮНЕСКО-ның бас директоры _____ (тапсыру). 3. Осы бір құрметті атақты жер-жаһанда жеті-ақ адам _____ (иелену). 4. Ф. Майор Айманға диплом тапсырып тұрып: «Мен Қазақстанды _____ (сүю). Ұлы Абай туған елде _____ (болу). Президенттеріңіз Нұрсұлтан Назарбаевқа _____ (сәлем айта бару)», – депті. 5. Айман дарыны мен табандылығының арқасында жас кезінде өнер корифейлерінің _____ (көзге түсу). 6. Талай халықаралық байқауларға қатысып, _____ (жеңімпаз болу). 7. 2000 жылы А. Мұсаходжаева Мемлекеттік _____ (сыйлықтың иегері атану).

6-тапсырма. Үлгі бойынша төл сөздерден төлеу сөз жасаңыз.

Үлгі: *Күшіңе сенбе, ісіңе сен (мақал). Халық мақалы адам күшіне емес, ісіне сену керектігін айтады.*

1. Федерико Майор Айманға диплом тапсырып тұрып: «Мен Қазақстанды сүйемін. Ұлы Абай туған елде болғанмын. Президенттеріңіз Нұрсұлтан Назар-

баевқа сәлем айта барыңыз. Сіз сиякті өнерлі перзенті көп ел тарих көшінің тек алдыңғы легінен көрінуі тиіс», – депті. 2. Айман « ... қазақ елін дүниенің төрт бұрышына танытсақ. Кейінгі ұрпақ бізге рақмет айтады. Одан үлкен рақмет болмайды», – дейді. 3. Шетелдік әріптестерінің біреуі: «Бұл ғажап аспаптың аты не?» – деп сұрапты. 4. Сонда Айман зор мақтанышпен: «Біздің қазақ мұны қобыз дейді, ол скрипканың атасы», – деп жауап беріпті.

7-тапсырма. Адамдарға Айман Мұсаходжаеваның қандай қасиеттері үлгі бола алады деп ойлайсыз? Мәтінді пайдаланып жауап жазыңыз.

Айман	Мұсаходжаева

8-тапсырма. Тиісті орындарға табыс септігін қойып жазыңыз.

1. Дарынды скрипкашы «Әлем әртісі» атағы_____ алды. 2. Бұл атақтың арнайы дипломы_____ ЮНЕСКО-ның бас директоры тапсырды. 3. Осы бір құрметті атақ_____ әлемде санаулы адам иеленген. 4. Федерико Майор Айманға: «Мен Қазақстан_____ сүйемін», – депті. 5. Айман ақшалай сыйлығы_____ өз мұғалімдеріне теңдей бөліп берді. 6. Ол музыкалық аспаптар коллекциясы_____ жинаған. 7. «Солистер академиясы» деп аталатын камералық оркестр_____ құрған. 8. Сондай оқу орындары_____ Қазақстанда ашу_____ армандайды. 9. Елбасының қолдауымен Астанада Ұлттық музыка академиясы_____ ашты.

9-тапсырма. Жоспар құрып, мәтіннің мазмұнын айтып беріңіз.

10-тапсырма. Өзіңіз ұнататын бір өнер жұлдызының өнердегі табыстары туралы қысқаша ақпарат, таныстырылым әзірлеңіз.

Есте сақтаңыз!

- табыс септігінің (ТС) сұрақтары: **кімді? нені?**
- ТС-ның негізгі жалғаулары: **-ды, -ді, -ты, -ті.** Мысалы: *сыйлық+ты, қобыз+ды;*
- III жақтағы ТЖ-дан кейін жалғанатын ТС жалғауы: **-н;** Мысалы: *қазақ ел+i+n* білемін.
- ТС жалғаулары кейде жасырын тұрып, сөзге жалғанбауы мүмкін;**
- егер табыс септігі жалғанған сөз бен баяндауыш қатар тұрса: *Диплом(ды) тапсырды;*
- егер олардың арасына сөз қойылса, ТС жалғауы міндетті түрде жалғанады: *Дипломды өзі тапсырды;*
- егер сөйлемде сілтеу есімдіктері (мына(у), ана(у), бұл, осы) болса, ТС жалғауы міндетті түрде жалғанады: *Осы дипломды тапсырды.*

16-сабақ

ЖАҚСЫ АДАМНЫҢ ЖАСЫН СҰРАМА

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақша күн, ай, жыл атауларын жақсы білесіз бе?
2. Қазақтардың мүшел жас ұғымы туралы не білесіз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мән-мағыналарын есте сақтаңыз.

ҚАЗАҚША ЖЫЛ САНАУ ЖӘНЕ МҮШЕЛ ЖАС

К азақ халқы 12 жылды бір мүшел деп атайды. Қазақ күнтізбесінде жылдар 12 жан-жануардың атымен аталады. Олардың алтауы – үй жануарлары, қалған алтауы – түз хайуандары. Жыл басы тышқан жылы деп аталады. Тышқан жылынан соң *сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз* жылы келеді. Он екі жылдан кейін он үшінші жыл қайтадан тышқан жылынан басталады. Осы мерзім бір мүшел деп аталады.

Қазақ күнтізбесі бойынша жаңа жыл 22 наурыздан басталады. Адамның жасын есептегенде оның ана құрсағында жатқан кезі бір жыл деп есептеледі. Оған мүшелдің 12 жылы қосылады. Демек, адам бірінші мүшелге 13 жаста толады. Оған 12 жылдан қосып отырсаңыз, келесі мүшелді білуге болады. Сонымен, бірінші балалық мүшел – 13 жаста. Екінші ержету мүшелі – 25 жаста. Үшінші жігіттік мүшел – 37 жаста. Төртінші орта жас мүшел – 49 жаста. Бесінші ақсақалдық мүшел – 61 жаста. Алтыншы қарттық мүшел – 73 жаста. Жетінші кәрілік мүшел – 85 жаста. Мүшел жаста қазақтар әлдебір қауіп-қатерден сақтанып жүреді. Садақа беріп, келесі мүшелге дейін жаратқаннан аман-есендік тілейді. Жақын достарына киімдерін сыйлайды. Бұл іс-әрекет құдайдан кейін достың көзі, пиғылы дұрыс болсын дегенді білдіреді.



«Қазақ әдебиеті» газетінен

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақ күнтізбесі бойынша жаңа жыл қай кезден басталады?

2. Қазақтар мүшел деп нені атайды?
3. Адамның мүшел жасы қалай есептеледі?
4. Мүшел жасқа байланысты қандай атаулар қолданылады?
5. Адам мүшел жасқа толғанда қандай рәсімдер жасалады?
6. Қазіргі жыл атауларының аталуында өзгешеліктер бар ма?
7. Сіздің отбасыңызда мүшел жасты атап өту дәстүрі бар ма?
8. Сіз алдағы мүшел жасқа қашан толасыз? Оны атап өтуге мән бересіз бе?

4-тапсырма. Сөз тіркестерін аударып, олармен 10 сөйлем құрастырыңыз.

Қазақ күнтізбесі, үй жануарлары, түз хайуандары, мүшел жасқа толу, мүшел жастан шығу, ана құрсағы, қауіп-қатерден сақтану, жаратқаннан аман-есендік тілеу, қайтадан бастау, пиғыл.

5-тапсырма. Берілген сөз тіркестерімен сөйлемдерді толықтырыңыз.

Керек сөздер: *Жыл басы, қайтадан, үй жануарлары, бір мүшел, қазақ күнтізбесі бойынша, 12 жылдық мерзім, осы ретпен, түз хайуандары, 12 жануардың.*

1. Қазақ халқы 12 жылды _____ деп атайды.
2. Қазақ күнтізбесінде жылдар _____ атымен аталады.
3. Олардың алтауы _____, қалған алтауы _____.
4. _____ тышқан жылы деп аталады.
5. Тышқан жылынан соң сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз жылы _____ келеді.
6. Он екі жылдан кейін он үшінші жыл _____ деп аталады.
8. _____ жаңа жыл 22 наурыздан басталады.

6-тапсырма. Дұрыс па? Бұрыс па?

Мүшел жаста әркім

әлдебір қауіп-қатерден сақтанып жүру керек;
досына жан-жануарлардың бірін сыйға береді;
жақын достарына киімдерін сыйлау керек;
жаратқаннан аман-есендік тілеу керек;
түз хайуандарын асырайды;
үй жануарларын бағады;
садақа беру керек.

7-тапсырма. Асты сызылған сөздер мен сөз тіркестеріне сұрақ қойып, олардың қай септікте тұрғанын анықтаңыз.

1. Қазақ халқы 12 жылды бір мүшел деп атайды.
2. Қазақ күнтізбесінде жылдар он екі жан-жануардың атымен аталады.
3. Олардың алтауы – үй жануарлары, қалған алтауы – түз хайуандары.
4. Тышқан жылынан соң сиыр жылы келеді.
5. Қазақ күнтізбесі бойынша жаңа жыл 22 наурыздан басталады.
6. Адамның жасын есептегенде оның ана құрсағында жатқан кезі бір жыл деп есептеледі.
7. Адам бірінші мүшелге 13 жаста толады.
8. Он үшке 12 жылдан қо-

сып отырсаңыз, келесі мүшелді білуге болады. 9. Мүшел жаста қазақтар әлдебір қауіп-қатерден сақтанып жүреді. 10. Жақын достарына киімдерін сыйлайды. 11. Бұл іс-әрекет құдайдан кейін достың көзі, пиғылы дұрыс болсын дегенді білдіреді.

8-тапсырма. Берілген тақырыптың бірі бойынша шағын әңгіме құрастырып айтып беріңіз.

1. Менің жұлдызнамам.
2. Отбасымыздың туған күнді атап өту дәстүрі.

9-тапсырма. Жоспар құрып, мәтіннің мазмұнын айтып беріңіз.

10-тапсырма. Сөзі мен әнін жазған Мұхтар Шахановтың «Туған күн кешінде» әнін жаттап, әуенімен айтып үйреніңіз.

Бірінші шумағы:

Тойыңа гүл алып,
Келіп ем қуанып,
Қарсы алдың, күлімдеп, көктемдей.
Жүзіңе нұр толып,
Кетіпсің құлпырып,
Бір бакыт сәулесін төккендей.

Қайырмасы:

Сен туған күн мерекеміз,
Ән бастайық кел, екеуміз,
Ұмытпа сен құрбым,
Есте қалсын мәңгі бұл күн.

Екінші шумағы:

Жасқанба, жасыма,
Отыршы қасыма,
Басталсын бір терең әңгіме.
Қолыңды бер еркем,
Қуансын ел ертең,
Жалғыздық жойылсын мәңгіге.

11-тапсырма. а) өлең мәтнінде кездесетін мына сөз, сөз тіркестерінің мән-мағынасын түсіндіріңіз; ә) олармен сөйлем құрастырыңыз.

Күлімдеу, жүзіне нұр толу, құлпыру, сәуле төгу, құрбы, мәңгі, жасқанбау, жасымау, жалғыздық.

12-тапсырма. Өлең сөздерін кара сөзбен баяндаңыз.

АЛУАН-АЛУАН ЖҮЙРІК БАР, ӘЛІНЕ ҚАРАЙ ЖҮГІРЕР

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Жан-жануарлар туралы қандай ертегі білесіз?
2. Сіздің бала кезден жақсы көретін ертегіңіз бар ма? Болса, ол не туралы?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мән-мағыналарын есте сақтаңыз.

ЖАНУАРЛАРДЫҢ ЖЫЛ БАСЫ БОЛУҒА ТАЛАСУЫ

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, жан-жануарлар жиналып, жыл басы болуға таласыпты. **Жылқы:** «Мен адамның алыс жолын жақын етемін, олар менің күшімді пайдаланады, сүтімді ішеді, қылымнан арқан, жіп еседі. Адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл басы мен боламын», – дейді.

Сонда **түйе:** «Сен адамның жұмысын істейсің. Арпа, сұлы, шөбін жеп, тамақ үшін құл боласың. Мен болсам, сен көтере алмайтын жүкті көтеріп, неше айлық жолға шығамын. Аш болдым деп, арпа, сұлы сұрамаймын. Жусан болса, жусан, көде болса, көде, не кез келсе, соны қорек етемін. Табылса, су ішемін, табылмаса жүре беремін. Жыл басы болу маған лайық», – дейді.



Ал **сиыр:** «Адам мені жегіп, жер жыртады. Егін егеді. Сүтімді ішеді, құрт, май жасайды», – дейді.

Қой болса: «Мен болмасам, қазақ үйін немен жабар еді? Жүнімнен киіз басады, жабағымнан киім тігеді. Арқан, жіп еседі. Сүтімнен құрт, май алады», – дейді.

Ит тұрып: «Мен болмасам, сендерді қасқыр жеп тауысар еді. Мен – сендердің бақташыларыңмын. Дұшпанға үріп, абалап қожайынға хабар беремін», – дейді.

Тауық: «Мен болмасам, адамдар ұйықтап қалар еді. Мен таңертең тұрып, «таң атты» деп хабар айтамын. Көп отырса, «жұмысыңнан қаласың, жатар уақыт болды» деп, түн ортасында шақырамын», – депті.

Ал **тышқан** не айтарын білмей тұрып қалады. Содан соң ойына бір қулық келеді де: «Таласқанмен ешнәрсе өнбейді. Одан да Күннің шығуын аңдиық. Оны кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын», – дейді. Бұған бәрі келісті. Түйе өз бойының биіктігіне сеніп: «Оны менен басқа кім көреді», – деп ойлайды. Ал

тышқан болса, байқатпай түйенің үстіне шығып отырады. Осылайша, Күннің шыққанын бірінші болып тышқан көреді. Сөйтіп, ол жыл басы болады. Қазақтың: «Түйе бойына сеніп құр қалыпты», – деген сөзі осыдан қалған екен.

«Қазақ ертегілері» кітабынан

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ертегінің басты кейіпкерлері қандай жануарлар?
2. Жан-жануарлар не үшін таласты?
3. Олар қандай уәж айтты?
4. Сіздіңше қай жануардың уәжі сенімді болды?
5. Жан-жануарлардың таласы қалай аяқталды?
6. Сіз қай жануарды жыл басы болуға лайықты деп ойлайсыз?

4-тапсырма. Берілген сөз, сөз тіркестерімен 10-15 сөйлем құрастырыңыз.

Таласу, аңду, бойына сеніп құр қалу, алыс жолды жақын ету, арқан есу, егін егу, жер жырту, шөп жеу, жүк көтеру, аш болу, құл болу, қорек ету, ешнәрсе өндіremeу, осыдан қалу, киіз үйді жабу, киіз басу, ұлу, тауысу, үру, абалау, киім тігу, қожайын, бақташы, сұлы, жусан, көде, жабағы, арқан, жүн, жіп, қыл, жатар уақыт, түн ортасы, баяғы заманда, лайық, ауыр, кез келген.

5-тапсырма. Үлгі бойынша сөйлемді толықтырыңыз.

Үлгі: Қой өрісте жайылады, күйіс қайырады, маңырайды, қоздайды.

Тышқан

Жылқы

Тауық

Сиыр

Түйе

Ит

6-тапсырма. Мұны қай жануардың айтқанын анықтап, атын жазыңыз.

«Мен адамның алыс жолын жақын етемін, олар менің күшімді пайдаланады, сүтімді ішеді, қылымнан арқан, жіп еседі, адамға менен пайдалы мал жоқ», – дейді _____.

«Адам менімен жер жыртып егін егеді, сүтімді ішеді, құрт-май жасайды», – дейді _____.

«Мен болмасам, сендерді қасқыр жеп тауысар еді. Мен сендердің бақташыларыңмын. Дұшпанға үріп, абалап қожайынға хабар беремін», – дейді _____.

«Ауыр жүкті көтеріп, неше айлық жолға барамын. Аш болдым деп арпа, сұлы сұрамаймын, жусан болса, жусан, көде болса, көде не кез келсе, соны қорек етемін. Табылса, су ішемін, табылмаса жүре беремін», – дейді _____.

«Мен болмасам, адамдар ұйықтап қалар еді. Мен таңертең тұрып «тан атты» деп хабар айтамын. Көп отырса, «жұмысыңнан қаласың, жатар уақыт болды» деп, түн ортасында шақырамын», – депті _____.

«Жүнімнен киіз басады, жабағымнан киім тігеді. Арқан-жіп жасайды. Сүтімнен құрт-май алады», – дейді _____.

«Оны менен басқа кім көреді», – деп ойлайды _____.

«Таласқанмен ешнәрсе өнбейді. Одан да күннің шығуын андиық», – дейді _____.

7-тапсырма. Мәтін мазмұнына сәйкес жауаптарды белгілеңіз.

- | | | |
|--|--------------------------|--------------------------|
| Тауық адамның алыс жолын жақын етеді. | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> |
| Түйе не кез келсе, соны қорек етеді. | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> |
| Адам сиырдың жүнінен киіз басады. | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> |
| Тышқанның жабағысынан киім тігеді. | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> |
| Қасқыр үріп, абалап қожайынға хабар береді. | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> |
| Ит болмаса, қасқыр қойды жеп тауысар еді. | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> |
| Тауық болмаса, адамдар жұмыртқа жей алмайды. | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> |

8-тапсырма. Ертегіні айтып беріңіз.

ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН, АҚ МОЛ БОЛСЫН

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Наурыз қандай мейрам?
2. Сіз бұл мейрамды қарсы алуға қалай дайындаласыз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мән-мағынасын анықтаңыздар.

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

Наурыз – баяғы заманнан бері келе жатқан мейрам. Жер шарындағы көптеген халықтардың дәстүрлі мейрамына айналған осы бір мерекенің қашаннан бері тойланып келе жатқанын дөп басып айту қиын. Бұл мейрамды ежелгі гректер «Патрих», тәжіктер «Бәйшешек», «Гүлнаурыз», татарлар «Нардуган», армяндар «Наварсарды» деп атайды екен.

«Наурыз» атауы парсы тілінің «ноу» – жаңа, «руз» – күн деген сөздерінен қалыптасқан. Ұлыстың ұлы күні күн мен түн теңеледі. Мұның өзі ежелгі түркілер мен парсылардың ежелден-ақ астрономия ғылымын жақсы білгендігін көрсетеді.

Наурыз айы – көктемнің басы. Күн жылып, қар еріп, жыл құстарының ұшып келетін кезі. Сондықтан оны жылдың алғашқы айы есебінде, жылдың құт мезгілі есебінде, төл басы есебінде халық ерекше құрметтейді.

*Малың базарлы,
Ұлың назарлы,
Қызың ажарлы болсын!*



Шығыс халықтарының осы бір мейрамы туралы көне деректерді Махмұд Қашқари, Әбу Райхан Бируни, Ибн Балхи, Әбілхасым Фердоуси, Омар Хаям, Әлішер Науаи, Бабырдан бастап, Абай Құнанбаев, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин сияқты ғұламалардың еңбектерінен табуға болады. Мысалы, парсы тілдес халықтар бұл күні әр жерге от жағып, отқа май құяды. Жеті ақ кесемен «сумалақ» деп аталатын дәстүрлі ұлттық тағамды ұсынады.

Үйдің қабырғасына күннің белгісі ретінде дөңгелек ою салып, бір-біріне гүл шоқтарын сыйлайды.

Қазақтар Ұлыстың ұлы күнін көрісуден бастайды. Ер кісілер қос қолдасып, төс соғыстырады, ал әйелдер бір-бірімен құшақтасады. Ерлер мен әйелдер бір-бірімен құшақ айқастырады. Бұл «өмір тірегім, тіршілік көзім – екі қолым амансау болсын» деген ойды білдіретін көрінеді. Ең бастысы, Наурыз күні ет, сүт тағамдары, бидай, тары сияқты жеті түрлі дәмнен қазан толы көже жасалады. Наурыз көжені тойып ішу «жыл бойы тоқшылық болсын» деген ұғымды білдіреді екен.

2009 жылдың қыркүйек айында Наурыз мерекесі ЮНЕСКО-да адамзаттың материалды емес мәдени мұраларының тізіміне қосылды. Ал 2010 жылы ақпанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 64-інші сессиясында 21 наурыз Халықаралық мереке болып белгіленді.

«Жаңғырған салт-дәстүрлер» кітабы және БАҚ материалдарынан

3-тапсырма. Мәтінді пайдаланып сұрақтарға жауап беріңіз.

1. «Наурыз» атауы нені білдіреді?
2. Наурыз мейрамын түрлі халықтар қалай атайды?
3. Бұл мейрам туралы көне деректерді қайдан табуға болады?
4. Наурыз мейрамын парсы тілдес халықтар қалай тойлайды?
5. Қазақ халқы Ұлыстың ұлы күнін қалай атап өтеді?
6. ЮНЕСКО, БҰҰ сияқты халықаралық ұйымдар Наурыз мерекесіне қатысты қандай шешімдер қабылдады?

4-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Керек сөздер: *«Ұлыстың ұлы күні», дөп басып айту, деп атаған, көрісуден, қазан толы, дәстүрлі мейрамына, баяғы заманнан бері келе жатқан.*

1. Наурыз – мейрам. 2. Ол жер шарындағы көптеген халықтардың айналған. 3. Бұл мерекенің қашаннан бері тойланып келе жатқанын қиын. 4. Бұл мейрамды ежелгі гректер «Патрих», тәжіктер «Бәйшешек», «Гүлнаурыз», татарлар «Нардуган», армяндар «Наварсарды» 5. Ал қазақтар бұл күнді немесе «Ұлыс күні» деп атайды. 6. Қазақтар Ұлыстың ұлы күнін бастайды. 7. Ең бастысы, бұл күні ет, сүт тағамдары, бидай, тары сияқты жеті түрлі дәмнен наурыз көже жасалады.

5-тапсырма. Сұраққа жауап беріңіз.

	<i>не істейді?</i>
Еркектер Әйелдер Еркектер мен әйелдер	} <i>бір-бірімен көріскенде</i> {
	{ { {

6-тапсырма. Дұрыс па? Бұрыс па?

1. Ұлыстың ұлы күні күн мен түн теңеледі.
2. Ежелгі түркілер мен парсылар астрономия ғылымын жақсы білген.
3. Парсы тілдес халықтар бұл күнді көрісуден бастайды.

4. Қазақтар үйдің қабырғасына күннің белгісі ретінде дөңгелек ою салып, бір-біріне гүл шоқтарын сыйлайды.

5. Наурыз көжені тойып ішу «өмір тірегім, тіршілік көзім – екі қолым аман-асау болсын» деген ойды білдіретін көрінеді.

6. Көрісу «жыл бойы тоқшылық болсын» деген ұғымды білдіреді.

7-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерінің көмегімен бірнеше сөйлем құрастырыңыз.

Жыл құстары, жыл басы, тоқшылық, отқа май құю, дөңгелек ою, үйдің қабырғасы, гүл шоқтары, қос қолдасу, құшақтасу, құшақ айқастыру, дөп басып айту, қашаннан бері, ұлттық тағам, тары, сүт тағамдары, көрісу.

8-тапсырма. Ұлыс күні берілетін Наурыз батасынан үзінді жаттаңыз.

Ұлыс **ақ** болсын,
Ақ мол болсын!
Қайда барсаң, жол болсын!
Малың тоқ,
Уайым-қайғың жоқ болсын!
Ұлың назарлы,
Қызың ажарлы болсын!

Құдай оңдасын,
Әулие қолдасын!
Кеткенің келсін,
Кемісің толсын!
Айдай жарқыра,
Жұлдыздай жылтыра.
Маңдайың ашық болсын,
Дұшпаның қашық болсын!

9-тапсырма. а) мәтіннің мазмұнын айтып беріңіз; ә) қосымша материалдар негізінде бойжеткендер мен бозбалалардың бір-біріне жасайтын көне «селт еткізер» және «ұйқы ашар» деп аталатын сыйлықтары туралы айтып беріңіз.

ГҮЛ ӨССЕ, ЖЕРДІҢ КӨРКІ ҚЫЗ ӨССЕ, ЕЛДІҢ КӨРКІ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сізге қандай гүлдер ұнайды? Олар қазақша қалай аталады?
2. Көктемде ең алғаш шығатын гүлдер мен гүлдейтін ағаштардың қазақша атауларын білесіз бе?
3. Қыз бен гүлдің қандай ұқсастықтары бар деп ойлайсыз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздердің мән-мағынасын түсіндіріңіз.

ГҮЛДЕРДІҢ СЫРЫ

А

дамдар туған күн, үйлену тойы, мерейтой, мерекелерде бір-біріне гүл шоқтарын сыйлайды. Сол нәзік гүлдердің түсіне және басқа да биологиялық сипаттары бойынша олардың өзіндік қасиеттері анықталады.



Мәселен, раушанды көне римдіктер ұнамдылықтың белгісі, кепілі деп білген. Ал гректер оны махаббат пен сұлулық құдайы Афродита храмының маңында ғана өсіретін болған. Жас жұбайлардың жолына оның жапырақтарын сепкен. Бұл бақытты болындар, махаббаттарың ешуақытта сөнбесін» деген мағынаны білдірген. Раушан гүлінің қызыл түсі – махаббатың, сары түсі бақыттың белгісін білдіретін көрінеді.



Лотос көне Қытайда, Үндістанда, Мысырда аса қасиетті өсімдік деп саналған. Одан иіс май, иіс су, әтір жасаған. Лотостың ақ түсі пәктіктің, адалдықтың белгісі деп саналған.



Лилия, оны кейде мадонна гүлі деп те атайды. Көне римдіктер лилияны раушан гүлінен кейінгі ең әдемі гүл деп санаған. Оның ақ түсі тазалықтың, әдеміліктің белгісі көрінеді.



Пионды гректер денсаулықтың құдайы Пионның құрметіне осылай атапты. Көне Қытайда пионды император гүлі деп, императрицалар бағында ғана өсірген көрінеді. Пион денсаулық пен тәкаппарлықтың белгісі деп саналады.



Ал қызғалдақтың отаны – Қазақстан. Ол Түркия арқылы Голландияға жеткен. Қызғалдақ – нәзіктік пен пәктіктің белгісі. Сондықтан да қазақтар қыз баланы қырдың қызыл гүлі қызғалдаққа теңейді.

«Қазақ әдебиеті» газетінен.

3-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Адамдар қандай жағдайларда бір-біріне гүл шоқтарын сыйлайды?
2. Гүлдердің қасиеттері немен анықталады?
3. Раушан қандай гүл? Ол ненің белгісі?
4. Лотос туралы не білдіңіз?
5. Лилия туралы ше?
6. Пионның ерекшелігі неде?
7. Қызғалдақ туралы не айтуға болады?

4-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Керек сөздер: бақыт, махаббат, бақ, өсімдік, қызғалдақ, жапырақ, гүл шоқтары, нәзік, ұнамдылық, тәкаппарлық, пәктік, әдемілік.

1. Адамдар бір-біріне ... сыйлайды. ... гүлдердің түсі, биологиялық сипаттары бойынша олардың өзіндік қасиеттері анықталады. 2. Раушанды көне римдіктер ... белгісі, кепілі деп білген. 3. Жас жұбайлардың жолына оның ... сепкен. 4. Раушан гүлінің қызыл түсі – ..., сары түсі ... білдіретін көрінеді. 5. Лотос көне Қытайда, Үндістанда, Мысырда аса қасиетті ... деп саналған. 6. Лотостың ақ түсі ..., адалдықтың белгісі деп саналған. 7. Лилияның ақ түсі тазалықтың, ... белгісі көрінеді. 8. Көне Қытайда пионды императрицалар ... ғана өсірген көрінеді. 9. Пион денсаулық пен ... белгісі деп саналады. 10. Қызғалдақ – ... пен пәктіктің белгісі. 11. Қазақтар қыз баланы қырдың қызыл гүлі ... теңейді.

5-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын есте сақтаңыз. Олармен 5-6 сөйлем құрастырыңыз.



6-тапсырма. Сұрақтарды пайдаланып, өзара сұхбаттасыңыз.

1. Саған қандай гүл ұнайды?
2. Оны не үшін ұнатасың?
3. Ол гүл қайда өседі?
4. Сен қандай иіссу, иісмайды пайдаланасың?
5. Олардың құрамында қандай өсімдіктер бар?

7-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын айтып беріңіз.

8-тапсырма. а) сөздіктің көмегімен төменде берілген өсімдік атауларын аударыңыз; ә) ағаш, гүл, дәрілік шөптерді топтап жазыңыз; б) олардың бірі туралы көрсетілім әзірлеңіз.

Терек, ши, қайың, жауқазын, бақбақ, қарағай, арша, жалбыз, тұт, жуа, шырша, тобылғы, жусан, киік оты, сарғалдақ, адыраспан, шашыратқы.

АДАСҚАНҒА ЖҰЛДЫЗ АЙДАЙ КӨРІНЕР

1-тапсырма. Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіз.

1. Дүние жүзінде қандай ғарыш айлақтары бар?
2. Қазақстан ғарышты игеруге қандай үлес қосты?
3. Байқоңыр ғарыш айлағының атауы туралы не білесіз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздердің мән-мағынасын түсіндіріңіз.

БАЙҚОҢЫР ҒАРЫШ АЙЛАҒЫ

Байқоңыр – дүние жүзінде тұңғыш рет салынған ірі ғарыш айлағы. Оның құрылысы 1955 жылы басталған. Кейін айлақ маңында кең көлемді зерттеу жұмыстарын жүргізуге қажетті көптеген есептеу пунктері, ұшыру кешендері бой көтерді. Байқоңырдан Жердің алғашқы жасанды серігі, адамзат тарихындағы бірінші ғарышкер Юрий Гагарин, қазақтың тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевтар ғарышқа сапар шекті. Күн жүйесіндегі ғаламшарларды зерттеу мақсатында Байқоңырдан автоматты ғаламшараралық кемелер ұшырылды. Олар Айдан топырақ алып, Марс пен Шолпан сияқты планеталарды зерттеді.



Ғарыш айлағының Байқоңыр атауы туралы не білеміз? Елдің айтуына қарағанда, Байқоңыр – адамның аты. Ол кісі тарихта болған. Өзі дәулетті, парасатты, қайырымды адам болыпты. Көріпкелдік қасиеті де болған екен. Алдағы күнді болжап, келешекті айтып отырыпты. Ауыл сыртында төңіректі, жыл мезгілдерін бағдарлап отыратын төбесі болыпты. Бірақ төбе бүгінде тегістеліп кеткен. Қария шамамен 1816 жылы туып, 80 жасында қайтыс болған.

Баспасөз материалдарынан

3-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Байқоңыр айлағы қашан салынды?
2. Айлақтың ерекшелігі неде?
3. Айлақтың маңында қандай құрылыстар салынған?
4. Байқоңырдан қандай ғарыш кемелері ұшырылады?
5. Қандай ғарышкерлерді білесіз?

4-тапсырма. Сөйлемдерді сәйкестендіріңіз.

<p>❶ Байқоңыр – дүние жүзінде ...</p> <p>❷ Айлақ маңында кең көлемді зерттеу жұмыстарын жүргізуге қажетті автоматты ...</p> <p>❸ Байқоңырдан Жердің алғашқы жасанды серігі, ...</p> <p>❹ Күн жүйесіндегі ғаламшарларды зерттеу мақсатында көптеген ...</p> <p>❺ Олар Айдан топырақ алып, ...</p>	<p>○ Марс, Шолпан сияқты планеталарды зерттеді.</p> <p>○ ғаламшараралық кемелер ұшырылды.</p> <p>○ есептеу пунктері, ұшыру кешендері бой көтерді.</p> <p>❶ тұңғыш салынған ірі ғарыш айлағы.</p> <p>○ адамзат тарихындағы бірінші ғарышкер, қазақтың тұңғыш ғарышкерлері ғарышқа сапар шекті.</p>
--	---

5-тапсырма. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойып, сұраулы сөйлем жасаңыз.

1. Байқоңыр – адамның аты. 2. Ол кісі тарихта болған. 3. Өзі дәулетті, парасатты да қарапайым адам болыпты. 4. Байқоңырдың көріпкелдік қасиеті болған екен. 5. Қария алдағы күнді болжап, келешекті айтып отырған. 6. Ауыл сыртында оның төніректі, жыл мезгілдерін үнемі бағдарлап отыратын төбесі болған. 7. Бірақ ол төбе бүгінде тегістеліп кеткен. 8. Байқоңыр қария шамамен 1816 жылы туып, 80 жасында қайтыс болған.

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Байқоңыр деген кім? Ол кісі қандай адам болған?
2. Байқоңыр қай кезде өмір сүрген?
3. Байқоңырдың қандай қасиеттері болған?

7-тапсырма. Берілген сөз, сөз тіркестерімен бірнеше сөйлем құрастырыңыз.

Ғарыш айлағы, ғарыш кемесі, ғарыш кешені, ғарышқа сапар шегу, Жердің жасанды серігі, зымыран, ғаламшар, ғаламшараралық кеме, зерттеу мақсатында, бой көтеру, тегістеу, болжау, Күн жүйесі, парасатты, қайырымды, көріпкел, келешек, төбе, төнірек, топырақ.

8-тапсырма. Дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Байқоңыр – ғаламшар аты
2. Байқоңыр қария 100 жыл жасаған
3. Байқоңыр ғарыш айлағы 1955 жылы салынған
4. Байқоңыр қарияның емшілік қасиеті болған екен
5. Байқоңырдан ғаламшараралық кемелер ұшырылады
6. Айлақ маңында зымыран ұшыру кешендері салынған
7. Байқоңырдан Жердің жасанды серіктері ұшырылады
8. Байқоңыр дәулетті, парасатты, қайырымды адам болған

9-тапсырма. а) оқып, ауа райын болжауға көмектесетін құстар мен жәндіктердің әрекеттерін есте сақтаңыз; ә) бос орынға өзіңіз білетін болжамдардың түрін жазыңыз; б) гидромет ақпараттарын пайдаланып, алдағы күннің ауа райы туралы мәлімет дайындаңыз.

1. Құстар жер бауырлап ұшса, ауа райы бұзылады.
2. Қарғалар қыста тобымен шуылдап ұшса, күн суық болады.
3. Құмырскалар илеуінен шықпай қойса, кешікпей жаңбыр жауады.
4.
5.

10-тапсырма. Жоспар құрып, мәтіннің мазмұнын айтып беріңіз.

21-сабақ

ТАЛАПТЫ ЕРГЕ НҮР ЖАУАР

1-тапсырма. Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіз.

1. Сіздің ғарышкер болғыңыз келе ме?
2. Ғарышкер қандай болу керек деп ойлайсыз?
3. Қазақстан ғарышкерлерінен кімдерді білесіз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөз, сөз тіркестерінің мән-мағынасын түсіндіріңіз.

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ҒАРЫШКЕРЛЕРІ

Тоқтар Әубәкіров Қарқаралыдағы орталау мектепті бітірген соң кешкі мектепте оқыды. Ал күндіз жүкші болып жұмыс істеді. Бір жылдан соң зауытқа токарь болып орналасты. Бос уақытында Кеңес Одағының Батыры Нүркен Әбдіров атындағы аэроклубта парашютпен айналысты. Бұл қызығушылық оны ұшқыштар даярлайтын училищеге алып келеді.



Училищені үздік бітірген соң Тоқтар Әубәкіров Қиыр Шығысқа жол тартты. Ол сынақшы-ұшқыштар мектебін бітіріп, соңғы үлгідегі ұшақтарды еркін меңгерді. I класты сынақшы-ұшқыш Т. Әубәкіров «Миг-29» ұшағын сынақтан өткізгені үшін 1988 жылы 5 қарашада Кеңес Одағының Батыры атағын алады. 1991 жылы 2 қазанда Байқоңырдан ғарышқа сапар шегіп оралды.

Талғат Мұсабаев Рига қаласындағы авиация институтын бітірген. Ол – III класты азаматтық авиация ұшқышы. 1994 жылы Талғат Мұсабаев ғарышкер-зерттеуші ретінде космоста 126 тәулік болып қайтты. Ал 1998 жыл 29 қаңтарда «Союз ТМ-27» ғарыш кемесінің командирі ретінде ұшты. Бұл жолы ғарышта 208 тәулік болды. Осы сапарында «Мир» кешеніндегі ақауларды жөндеу үшін 4 рет ашық космосқа шығып, рекорд жасады. Талғат Мұсабаевтың жасаған рекорды әйгілі Гиннес рекордтар кітабына жазылды.

«Ұлан» газетінен

3-тапсырма. Сөйлемдерді берілген сөз, сөз тіркестерімен толықтырыңыз.

Керек сөздер: Кеңес Одағының Батыры, сынақшы, орталау мектеп, жүкші, соңғы үлгідегі ұшақ, қызығушылық, орналасу.

1. Т. Әубәкіров Қарқаралыдағы _____ мектепті бітірген соң _____ мектепте оқыды. 2. Күндіз _____ болып жұмыс істеді. 3. Бір жылдан соң зауытқа токарь болып _____. 4. Бос уақытында _____ Нүркен Әбдіров атындағы аэроклубта парашютпен айналысты. 5. Бұл _____ оны ұшқыштар даярлайтын училищеге алып келеді. 6. Т. Әубәкіров _____ ұшқыштар мектебін бітіріп, _____ еркін меңгерді.

4-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Талғат Мұсабаев қайда оқыған?
2. Ол қандай мамандық алды?
3. Т. Мұсабаев алғаш рет ғарышқа қашан ұшты?
4. Т. Мұсабаев қандай рекорд жасады?

5-тапсырма. Үлгі бойынша сөйлемдерді аяқтаңыз.

Талғат Мұсабаев

Ғарышкер-зерттеуші	_____
Ғарышта 208 тәулік болған	_____
Қиыр Шығыста қызмет істеген	_____
Зауытқа токарь болып орналасқан	_____
Ригада авиация институтын бітірген	_____
Кеңес Одағының Батыры атағын алған	_____
Соңғы үлгідегі ұшақтарды еркін меңгерген	_____
Ұшқыштар даярлайтын училищені үздік бітірген	_____
Бос уақытында аэроклубта парашютпен айналысқан	_____
Ашық космосқа төрт рет шығып, рекорд жасаған	_____
ІІІ класты азаматтық авиация ұшқышы болған	_____
Әйгілі Гиннес рекордтар кітабына аты енген	_____
«Мир» кешеніндегі ақауларды жөндеген	_____
Сынақшы-ұшқыштар мектебін бітірген	_____
Кеңес Одағының Батыры атағын алған	_____
«Миг-29» ұшағын сынақтан өткізген	_____
Ғарыш кемесінің командирі болған	_____
I класты сынақшы-ұшқыш болған	_____
Күндіз жүкші болып істеген	_____

6-тапсырма. Мәтін мазмұнын айтып беріңіз.

7-тапсырма. Төменде берілген тақырыптардың бірін таңдап, шағын эссе жазыңыз.

1. Жұлдызды түн
2. Жұлдыздар әлемі

22-сабақ

ЕЛІМ ҚАНДАЙ ДЕСЕҢ, САЛТЫҢДЫ БІЛ

1-тапсырма. Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіз.

1. Қазақ халқының қандай салт-дәстүрлерін білесіз?
2. Олардың өзге халықтардың салт-дәстүрлерімен ұқсастығын білесіз бе?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздердің мән-мағынасын түсіндіріңіз.

ТҰСАУКЕСЕР

Сәби қаз-қаз басып, жүре бастаған кезде оның ата-анасы «балам тез жүріп кетсін» деген оймен тұсаукесер тойын жасайды. Халықтың түсінігі бойынша тұсауы кесілмеген бала сүріншек болады. Сондықтан тұсаукесер тойы – әрбір қазақ отбасында міндетті түрде аталып



өтілетін салт-дәстүрлердің бірі. Той иесі тұсаукесер болатын күнді алдын ала белгілеп қонақ шақырады. Мал сойып, дастарқан жаяды. Тойға жиналғандар беделді, қимылы ширақ, іске епті, қағілез, пысық адамды таңдап, сәбидің тұсауын кесуді сол кісіге тапсырады. Баланың тұсауын кескен кісіге арнайы «тұсаукесер» сыйлығы беріледі. Әдетте баланың тұсауы ала жіппен немесе көк шөппен байланып кесіледі.

Тойға жиналғандар сәбиге «Жүйрік бол, айналайын», «Аттай шауып кет, карағым» деген сияқты тілек айтып, бата беріп, шашу шашады.

Қаз бола ғой карағым,
Құтты болсын қадамың.
Өмірге аяқ баса бер,
Асулардан аса бер.
Жүгіре қойшы, құлыным,
Желбіресін тұлымың.
Елгезек бол, ерінбе,
Ілгері бас, шегінбе, – деп «Тұсаукесер» жырын шырқайды.

3-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Тұсаукесер тойы қай кезде жасалады?
2. Сәбидің тұсауын кім кеседі?
3. Тұсау немен байланып кесіледі? Неге?

4. Тұсаукесер сыйлығы кімге беріледі?
5. Тұсауы кесілген балаға қандай тілектер айтылады?

4-тапсырма. Мәтінді пайдаланып сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Сәби жүре бастаған кезде,
2. Халықтың түсінігі бойынша,
3. Той иесі тұсаукесер болатын күнді
4. Мал сойып,
5. Беделді, қимылы ширақ, іске епті, қағілез, пысық адамды тандап,
6. Әдетте баланың тұсауы
7. Баланың тұсауын кескен кісіге
8. Тойға жиналғандар тұсауы кесілген сәбиге

5-тапсырма. Берілген сөз, сөз тіркестерінің мән-мағынасын түсіндіріңіз. Олармен сөйлем құрастырыңыз.

Той, шашу, қаз-қаз басу, бата беру, салт-дәстүр, тұсаукесер, тұсаукесер сыйлығы, сәби, тұлым.

6-тапсырма. Мына сөз, сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.

Той иесі, алдын ала, той жасау, атап өту, мал сою, дастарқан жаю, тілек айту.

7-тапсырма. Сөйлемдерді толықтыруға болатын нұсқаларды белгілеңіз.

Баланың тұсауын ... кісі кеседі.

сәби	<input type="checkbox"/>	пысық	<input checked="" type="checkbox"/>
елгезек	<input type="checkbox"/>	қағілез	<input type="checkbox"/>
қонақ	<input type="checkbox"/>	іске епті	<input type="checkbox"/>
сүріншек	<input type="checkbox"/>	тұсауы кесілмеген	<input type="checkbox"/>
жүйрік	<input type="checkbox"/>	қимылы ширақ	<input type="checkbox"/>

Баланың тұсауы ... байланып кесіледі.

көк шөппен	<input type="checkbox"/>	баумен	<input type="checkbox"/>
ала жіппен	<input type="checkbox"/>	киізбен	<input type="checkbox"/>
арқанмен	<input type="checkbox"/>	ішекпен	<input checked="" type="checkbox"/>

8-тапсырма. а) мәтін мен жыр жолдарында кездесетін кішкентай баланы жақсы көріп, еркелетіп, айналып-толғану үшін қолданылатын сөздерді теріп жазыңыз; ә) ата-анаңыз сізді қандай сөздермен еркелететін айтып беріңіз; б) сізге баланы жақсы көріп, еркелетіп, айналып-толғану үшін қандай сөздерді қолдану керектігі туралы өз пікіріңізді ортаға салыңыз.

1.
2.
3.

9-тапсырма. Дұрыс па? Бұрыс па?

1. Сәби туылғанда тұсаукесер тойы жасалады.
2. Халықтың түсінігі бойынша тұсауы кесілмеген бала сүріншек болады.
3. Той иесі қонақтарды арнайы шақырады.
4. Баланың ата-анасы мал сойып, дастарқан жаяды.
4. Баланың тұсауын беделді, қимылы ширақ, іске епті, қагілез, пысық адам кеседі.
5. Тұсауы кесілген балаға арнайы «тұсаукесер» сыйлығы беріледі.
6. Баланың тұсауы тек қана ала жіппен байланып кесіледі.
7. Шілдеханаға жиналғандар тұсаукесер жырын айтады.
8. Тойға жиналғандар балаға бата береді.
9. Тұсауы кесілген балаға бесік жыры айтылады.
10. Сәби еңбектейді, қаз-қаз тұрады.

10-тапсырма. Жыр жолдарын толықтырыңыз.

Қаз бола ғой, ,
Құтты болсын қадамың.
Жүгіре қойшы, ,
Желбіресін тұлымың.

11-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіздің тұсауыңыз кесілген бе?
2. Тұсауыңызды кім кескен?
3. Ол кісі қандай адам?
4. Сіз балаңыздың тұсаукесер тойын жасайсыз ба?
5. Оның тұсауын кімге кестіреті едіңіз? Неге?
6. Сіз балаңызды еркелеткенде, қандай сөзді айтар едіңіз?
7. Балаларға арналған қандай өлең шумақтарын білесіз?

12-тапсырма. Жоспар құрып, мәтіннің мазмұнын баяндап беріңіз.

13-тапсырма. а) қазақ халқының *шілдехана, қырқынан шығару, бесікке салу, тоқымқағар* сияқты салт-дәстүрлері туралы көрсетілім әзірленіз; ә) отбасы, бала-шаға туралы 5-6 мақал-мәтел тауып жазыңыз. Оларды жаттап алыңыз.

Есте сақтаңыз!

- көмектес септігінің (КС) сұрақтары: **кіммен? немен?**
- КС-нің негізгі жалғаулары: **-мен, -бен, -пен.** Мысалы: *арқан+мен, ішек+пен;*
- КС жалғауларының жуан нұсқалары жоқ.
- КС сөзге жалғанғанда іс, қимыл, әрекеттің өзге біреумен бірге, ортақтаса жасалғанын білдіреді. Мысалы: *Тойға ата-анаммен бардым.*
- КС сөзге жалғанғанда істің, қимыл, әрекеттің қандай заттың көмегімен жасалғанын білдіреді. Мысалы: *Баланың тұсауын көк шөппен байлап кеседі.*
- КС жалғауларынан кейін жалғанатын септеулік шылаулар: бірге, қатар.

23-сабақ

ҚЫЗ КӨРЕЙІК, ҚЫЗ КӨРЕЙІК, ҚЫЗ КӨРЕТІН ЖІГІТТІ БІЗ КӨРЕЙІК

1-тапсырма. Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіз.

1. *Қазақ халқының үйлену салт-дәстүрі туралы не білесіз?*

2-тапсырма. Ертегіні оқып, жаңа сөздердің мән-мағынасын түсіндіріңіз.

КҮЙЕУ ТАҢДАҒАН ҚЫЗ

(Халық ертегісі)

Баяғы өткен заманда бір ханның елден асқан ақылды да сұлу қызы болыпты. Хан қызын ешкімге атастырмапты. «Қызым кімді сүйсе, соған тұрмысқа шықсын», – дейді екен. Күндердің күнінде қызы әкесіне: «Әке, менің тұрмысқа шығатын кезім келді. Кімде-кім маған елде жоқ, керемет сыйлық әкелсе, сол кісіге ризалығымды білдіремін, егер ұнамаса, басын аламын», – депті. Әкесі қызының айтқанын мақұлдап, халыққа жар салыпты.

Қыздың сұлулығына есі ауған жігіттер жан-жақтан ағылып келіп жатады. Бірақ күйеу жігіттердің өздері де, сыйлықтары да қыздың көңілінен шықпады. Кесілген бас бір төбе болған екен.

Бір күні үш шаһардан үш күйеу жігіт шығып, бір-бірімен күре жолда жолығыпты. Бірінші жігіттің кілемі, екінші жігіттің айнасы, үшінші жігіттің алмасы бар екен. Бәрі сиқырлы, ерекше зат екен.

Бірінші жігіт: «Менің кілемім көзді ашып-жұмғанша қалаған жеріме жеткізеді», – дейді.

Екінші жігіт: «Кімде-кім менің айнама қараса, жер бетінде не болып жатқанын көреді», – дейді.

Үшінші жігіт: «Менің алмам – жанға шипа, тәнге дәрі. Егер хал үстінде жатқан адамға берсе, жазылып, дертіне дауа табады», – дейді.

Содан кілемі бар жігіт айнасы бар жігітке: «Айнаңа қарашы, жер бетінде не болып жатыр екен?» – депті. Жігіт сиқырлы айнасына қараса, ханның қызы кірпігі ғана қимылдап, хал үстінде жатыр екен. Жігіттер кілемге отыра сала, көзді ашып-жұмғанша ханның қызына жетіп келеді. Алмасы бар жігіт алмасын беріп, кірпігі ғана қимылдап жатқан қалыңдықты дертінен жазыпты. Екі жігіт те сыйлықтарын қызға тарту етіпті. Ханның қызы қатты ойланып қалады...



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ертегінің кейіпкерлері кімдер?
2. Олардың жолға шығуына не себеп болды?
3. Жігіттердің қандай сыйлықтары болған?
4. Олар сыйлықтарын қалай пайдаланды?
5. Сіз бұл аяқталмай қалған ертегіні қалай аяқтар едіңіз?

4-тапсырма. Берілген тұрақты сөз тіркестерінің мән-мағынасын түсіндіріп, мысал келтіріңіз.

Көзді ашып-жұмғанша, хал үстінде жату, көңілден шықпау.

5-тапсырма. Асыт сызылған сөздерге сұрақ қойып, сұраулы сөйлем жасаңыз.

1. Хан қызын ешкімге атастырмады. 2. Күндердің күнінде қыздың тұрмысқа шығатын кезі келді. 3. Күйеу жігіттер қалыңдықтың көңілінен шықпады. 4. Үш жігіт бір-бірімен күре жолда жолығыпты. 5. Жігіт сиқырлы айнасына қараса, ханның қызы хал үстінде жатыр екен. 6. Алмасы бар жігіт қалыңдықты дертінен жазыпты.

6-тапсырма. Үлгі бойынша толықтырыңыз.

АЛМА	КІЛЕМ	АЙНА
тәнге дәрі	сиқырлы	керемет
.....
.....

7-тапсырма. Кейіпкерлердің сөзін аяқтаңыз.

1. «Қызым кімді сүйсе, », – дейді екен хан.
2. «Кімде-кім маған елде жоқ, керемет сыйлық әкелсе, », – дейді ханның қызы.
3. «Егер күйеу жігіттің сыйлығы ұнамаса, », – депті қалыңдық.
4. «Кімде-кім менің айнама қараса, », – дейді бір күйеу жігіт.
5. «Егер хал үстінде жатқан адам алманы жесе, », – дейді екінші күйеу жігіт
6. «Менің кілемім көзді ашып-жұмғанша », – дейді үшінші күйеу жігіт.

8-тапсырма. Тиісті жалғауларды бос орынға қойыңыз.

Баяғы өткен заман _____ бір хан _____ ақылды да сұлу қызы болыпты. Хан қызы _____ ешкімге атастырмапты. Күндердің күні _____ қызы әкесі _____: «Әке, менің тұрмысқа шығатын кезім келді», – депті. Әкесі қызының айтқаны _____ мақұлдап, халыққа жар салыпты. Қыздың сұлулығы _____ есі ауған жігіттер жан-жақ _____ ағылып келіп жатады.

9-тапсырма. Мәтін мазмұнына сәйкес жауаптарды белгілеңіз.

1. Баяғыда бір ханның елден асқан сұлу әйелі болыпты.
2. Хан қызын бір сиқыршы жігітке атастырыпты.
3. Хан: «Қызым кімді сүйсе, соған барсын», – дейді екен.
4. Ханның қызы: «Кімде-кім маған ерекше сыйлық әкелсе, соның басын аламын», – депті.
5. Хан ханзаданың айтқанын мақұлдапты.
6. Қалыңдықтың есі жігіттердің сұлулығына ауып қалады.
7. Күйеу жігіттердің бәрі қыздың көңілінен шығады.

10-тапсырма. а) мына мақал-мәтелдердің қайсысы ертегінің мазмұнына сай келеді? Оның мәнісін түсіндіріңіз; ә) мақал-мәтелдерді жаттап алыңыз.

1. Жігіттің түсін айтпа, ісін айт.
2. Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу.
3. Теңін тапса, тегін бер.
4. Қисық болса да, жол жақсы,
Долы болса да, қыз жақсы.

11-тапсырма. Өз ой-пікіріңізбен бөлісіңіз.

1. Сіз қай кейіпкердің рөлін орындап шығар едіңіз?
2. Қай кейіпкердің іс-әрекетіне қандай өзгеріс енгізер едіңіз?
3. Сіз ханшайым (ханзада) болсаңыз, болашақ күйеу жігітке (қалыңдыққа) қандай талаптар қояр едіңіз?

12-тапсырма. Жоспар бойынша ертегінің мазмұнын айтып беріңіз.

24-сабақ

АҒАЙЫН ТАТУ БОЛСА, АТ КӨП АБЫСЫН ТАТУ БОЛСА, АС КӨП

1-тапсырма. Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіз.

1. Сіздің қандай туыстарыңыз бар?
2. Сіз оларды қалай атайсыз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздердің мән-мағынасын түсіндіріңіз.

ТУЫСТЫҚ АТАУЛАР

К азақтар әр адамның үш жұрты болады дейді. Бірінші жұрт – *ағайын жұрты*. Ол – әке жағынан болатын туыстар. Әйелдер ағайын жұртын «*төркін*» деп атайды.

Екінші жұрт – нағашы жұрты. Ол – ананың жағынан болатын туыстар.

Үшінші жұрт – *қайын жұрты*. Үйленген жігіт пен қыз бір-бірінің туыстарын «*қайын жұрт*» деп атайды.

Бір үйдің ағалы-інілі, апалы-сіңлілі балалары бір-бірімен *ағайынды* болады.

Ата-аналар ұлдан туған баланы «*немере*», қыздан туған баланы «*жиен*» деп атайды. Немеренің баласы «*шөбере*», жиеннің баласы «*жиеншар*» деп аталады.



Қызды қайын жұрты «*келін*», жігітті қайын жұрты «*күйеу бала*» деп атайды.

Үйленген жігіт пен қыздың әкелері мен аталары бір-бірін «*құда*», әжелері мен аналары бір-бірін «*құдағи*» деп атайды.

Құда-құдағилар жігіт пен қыздың інісін *құдабала*, қарындасы мен сіңлісін *құдаша* деп атайды.

Келін мен күйеу бала бір-бірінің ата-анасын *қайын ата*, *қайын ене* деп атайды. Бір-бірінің ағаларын *қайын аға* (*қайнаға*), әпкелерін *қайын апа* (*қайнапа*), *қайынбике* деп атайды.

Әйел күйеуінің інісін *қайным* (*қайын інім*), қарындасын *қайын сіңлім* деп атайды.

Күйеу әйелінің сіңлісі мен інісін «*балдыз*» дейді. Олар оны «*жезде*» деп атайды.

Апалы-сіңлілі қыздардың күйеулері бір-бірін «*бажа*» деп атайды.

Апалы-сіңлілі қыздардың балалары бір-бірін «*бөле*» дейді.

Ағаның әйелі *жеңге*, *жеңеше*, інінің әйелі *келін* болады.

Бір үйдің келіндері бір-бірін *«абасын-ажын»* дейді.

Жаңа туған нәрестенің кіндігін кескен адам *«кіндік әке»* немесе *«кіндік шеше»* деп аталады. Әке орнындағы адамды *«өкіл әке»*, шеше орнындағы кісі *«өкіл шеше»* болады.

Қазақтар ең үлкен баласын *«тұңғыш»*, одан кейінгісін *«ортаншы»*, ең кіші баласын *«кенже»* деп атайды.

3-тапсырма. Мәтіннен жаңа сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазыңыз.

4-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша бірнеше сұраулы сөйлем құрастырыңыз.

5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Әр қазақтың неше жұрты болады?
2. Төркін деген кімдер?
3. Бір үйдің балалары бір-бірін қалай атайды?
4. Ата-ана ұлдары мен қыздарының балаларын қалай атайды?
5. Шөбере мен жиеншар деген кімдер?

6-тапсырма. Мақал-мәтелдердің ішінде қандай туыстық атаулар бар? Олардың мағыналарын түсіндіріңіз.

1. Құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық.
2. Келін жаман емес, келген жері жаман.
3. Апама жездем сай.
4. Ағайын тату болса, ат көп, абысын тату болса ас көп.
5. Пайғамбар да күйеу баласын сыйлаған.
6. Құдағи құрдасындай болсын, құдаң шын досындай болсын.
7. Төрт аяқтыда бота тату, екі аяқтыда бажа тату.

7-тапсырма. Бос орынға *жеңгесі, бөлем, жездесінің* деген атаулардың тиістісін қойып оқыңыз.

1. Балдыздар ... құлағынан тартып ойнайды. 2. Жолы болар жігіттің ... шығар алдынан дейді. 3. Қазақтар *бөлем*, ... үшін өлем дейді.

8-тапсырма. Туыстарыңыз туралы көрсетілім әзірлеңіз.

25-сабақ

ҚҰДА МЫҢ ЖЫЛДЫҚ, КҮЙЕУ ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ

1-тапсырма. Сұрақ төңірегінде ой бөлісіңіз.

1. Жоғарыда берілген мақалдың мәнін қалай түсіндіңіз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздердің мән-мағынасын түсіндіріңіз. Мәтінге тақырып қойыңыз.

Б аяғыда Сырым Датұлы деген батыр Мөңке бидің аулына барыпты. Би кенже баласын үйлендіріп, құда шақырып жатыр екен. Сырым батырдың ауылға келгенін естіп, Мөңке би оны үйіне шақыртыпты. Астан соң қонағынан бата беруді сұрапты. Сонда Сырым батыр: «Алты шаңырақтың іргесі ажырамасын», – деп батасын беріпті. Құдалар бұл батаның мәнін түсінбей қалыпты. Сонда Мөңке би құдаларына: «Құдай қаласа, біз ағайын боламыз. Екеуміздің балаларымыз қосылып, ата жолын жалғастырады. Сенің қызың маған келін болып түседі. Ол үш шаңыраққа ие болады. Біріншісі – өз жұрты, екіншісі – нағашы жұрты, үшіншісі – қайын жұрты. Демек, екі бала қосылғанда алты шаңырақ бірігеді. Алты шаңырақ – алты рулы ел. Осы алты шаңырақтың іргесі ажырамаса, біздің ағайындығымыз мәңгіге кеткені. Бұл – елдің татулығы. Құда мың жылдық деген осы», – деп Сырым батасының сырын түсіндіріпті.

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сырым, Мөңке деген кімдер?
2. Сырым кімге қандай бата берді?
3. Сырым батасының сырын Мөңке би қалай түсіндірді?

4-тапсырма. Мәтін мазмұнына сәйкес сөйлемдерді белгілеңіз.

- | | |
|--|-------------------------------------|
| 1. Сырым батыр Мөңке бидің аулына құда түсіп барыпты. | <input type="checkbox"/> |
| 2. Сырым батыр кенже баласын үйлендіріп жатыр екен. | <input type="checkbox"/> |
| 3. Сырым батырды Мөңке би үйіне шақыртыпты. | <input checked="" type="checkbox"/> |
| 4. Астан соң Сырым батыр құдалардан бата беруді сұрапты. | <input type="checkbox"/> |
| 5. Мөңке би батырдың батасын түсінбепті. | <input type="checkbox"/> |
| 6. Сырым батасының сырын құдалары кейін түсініпті. | <input type="checkbox"/> |

5-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. «Құдай қаласа, біз ағайын боламыз», – депті _____
2. «Алты шаңырақтың іргесі ажырамасын», – депті _____
3. Құда мың жылдық деген осы», – депті _____

6-тапсырма. а) Ақтамберді жыраудың толғауынан берілген үзіндіні жаттап алыңыз; ә) автордың ойына өз пікіріңізді білдіріңіз; б) жаңа сөз, сөз тіркестерінің мән-мағынасын түсіндіріңіз.

Ағайының көп болса,
 Ұлы шерік қолмен тең.
 Білімді туған жақсылар,
 Аз да болса, көппен тең.
 Жақсысы кеткен ауылдың,
 Артынан жақсы шықпаса,
 Өртеніп кеткен жермен тең.
 Қайырсыз болса, жаман бай,
 Ел қонбаған шөлмен тең.

Екі жаман қосылса,
 Күнде жанжал, күнде шу.
 Ұяларлық ар бар ма?
 Білімді туған жақсыға,
 Залал қылмас мың қарға.
 Жаман туған жігітке,
 Рахатты күн бар ма?
 Өз мінін білген жігіттің,
 Тәлімінде мін бар ма?

Есте сақтаңыз!

1. Тәуелдік жалғаулы (ТЖ) сөз ілік септігіндегі сөзбен тіркеседі (23-бетті қараңыз).
2. ТЖ-ның жекеше, көпше түрлерін есте сақтаңыз.

Менің	Сенің	Сіздің	Оның
...+ -(ы)м, -(і)м	...+ -(ы)ң, -(і)ң	...+ -(і)ңіз, -(ы)ңыз	...+ -(сі), -(сы)
не м ?	не ң ?	не ңіз ?	не сі ?
кі мім ?	кі мің ?	кі міңіз ?	кі мі ?
не істеу ім ?	не істеу ің ?	не істеу іңіз ?	не істеу і ?
Біздің	Сендердің	Сіздердің	Олардың
...- (і)міз, -(ы)мыз	...+ КЖ+ің (-ың)	...+ КЖ+іңіз (-ыңыз)	... КЖ+(сі), (-сы)
не міз ?	не (лер)ің ?	не (лер)іңіз ?	не сі ? не лері ?
кі міміз ?	кі м(лер)ің ?	кі м(лер)іңіз ?	кі мі ? кі млері ?
не істеу іміз ?	не істеу лерің ?	не істеу леріңіз ?	не істеу лері ?

АЛЛАНЫҢ ӨЗІ ДЕ РАС, СӨЗІ ДЕ РАС ...

Абай

1-тапсырма. Сұрақ төңірегінде ой бөлісіңіз.

1. Діннің адам өмірінде алатын орыны қандай?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздердің мән-мағынасын түсіндіріңіз.

ДІННІҢ МӘНІ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Е желден келе жатқан мәдениеттің бірі – дін. Адам баласының тарихында будда, христиан, ислам сияқты діннің түрі кеңінен танымал. Бұл діндердің барлығы адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірімділікті, жан тазалығын уағыздайды. Адамдарды бейбітшілікке шақырады.



Қиянат қылма, ұрлық жасама, кісі ақын жеме, күштілер әлсіздерге озбырлық жасамасын. Жетім-жесірге, ғаріптерге қорған бол, адал жүр дейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында: «Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы. Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар», – деп жазылған. Конституция бойынша діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінген. Діни негізде партиялар құруға жол берілмейді.

Дүние жүзіндегі әр түрлі діндердің өзіндік ерекшеліктері де бар.

Будда діні екі жарым мың жыл бұрын пайда болған. Бұл діннің бес түрлі міндетті уағыздамасы бар. Олар: бірде-бір тірі жәндікті өлтірме, басқаның меншігіне қол сұқпа, өтірік айтпа, арақ-шарап ішпе.

Христиан діні Библияны басшылыққа алады. Оның басты ережелері: өлтірме, ұрлама, әке-шешенді құрметте, шыдамды, кешірімді бол және т.б.

Ислам дінінің ерекшелігі Құранда жазылған. Ислам қағидаттары екі басты сенім негізінде құрылған. Біріншіден, Алладан басқа тәңір жоқ. Мұхамед – оның елшісі. Мұсылманға мына бес міндетті орындау парыз: 1) иман келтіру; 2) намаз оқу; 3) ораза тұту; 4) зекет беру; 5) қажылыққа бару.

Діндердің қай-қайсысы болсын, жаратушыны насихаттайды, адамды имандылыққа тәрбиелейді.

1992 жылы Алматыда, 2003 жылы Астанада рухани татулық жөнінде дүние жүзілік конгресс болды. Оған жер шарындағы барлық дін өкілдері мен дінбасушылары қатысты. Олар: «Бүгінгідей ауыр кезеңде бізге керегі ренжісу емес, татуласу, қастасу емес, достасу, алыстау емес, жақындасу», – деп мәлімдеді.

Адамдар әртүрлі діннің өкілі екеніне қарамастан, ақыл-парасатқа жүгініп, өзара түсініссе ғана армандарына жетеді.

3-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Дін деген не?
2. Діннің қандай түрлері бар?
3. Діндер нені уағыздайды?
4. ҚР Конституциясында дін туралы не жазылған?
5. Түрлі дін өкілдері қашан және қайда бас қосты?
6. Олар қандай мәлімдеме жасады?
7. Адам қай кезде арманына жетеді?

4-тапсырма. Мәтінді пайдаланып қысқаша мәлімет жазыңыз.

Будда діні	Христиан діні	Ислам діні
1.
2.
3.
4.

5-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Керек сөздер мен сөз тіркестері

Керек сөздер: *өзара түсініссе, алыстау, рухани татулық, қастасу, өкілдері мен дін басылары, жаратушыны, имандылыққа, ренжісу.*

1. Діндердің қай-қайсысы болсын, ... насихаттайды. 2. Адамды ... тәрбиелейді. 3. 1992 жылы Алматыда, 2003 жылы Астанада ... жөнінде дүние жүзілік конгресс болды. 4. Онда жер шарындағы барлық діндердің ... бас қосты. 5. Дін өкілдері: – Бүгінгідей ауыр кезеңде бізге керегі ... емес, татуласу, ... , достасу, ... емес, жақындасу деп мәлімдеді. 6. Адамдар әр түрлі діннің өкілі екеніне қарамастан, ақыл-парасатқа жүгініп, ... ғана армандарына жетеді.

6-тапсырма. Белгіленіз. Дұрыс па? Бұрыс па?

1. Конституция бойынша Қазақстанда діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінген.
2. Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар.
3. Дін – ежелден келе жатқан мәдениеттің бірі.
4. Діндер және басқа да діни сенімдер адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірімділікті, жан тазалығын уағыздайды.
5. Адамдарды бейбітшілікке шақырады.

6. Қазақстанда діни негізде саяси партиялар құруға рұқсат берілген.

7. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге құқығы жоқ.

7-тапсырма. Оқыңыз. Аударыңыз. 10-15 сөйлем құрастырыңыз.

Тәңір, жаратушы, елші, парыз, дін өкілі, дін басы, ар-ождан бостандығы, діни сенім, діни бірлестіктер, жетім-жесір, ғаріп, ереже, адамгершілік, қайырымдылық, мейірімділік, жан тазалығы, рухани татулық, уағыздау, бейбітшілікке шақыру, қиянат қылмау, ұрлық жасамау, кісі ақысын жемеу, әлсіздерге озбырлық жасамау, қорған болу, адал жүру, жол бермеу, қол сұқпау, өтірік айтпау, басшылыққа алу, шыдамды және кешірімді болу, иман келтіру, ораза тұту, қажылыққа бару, насихаттау, бас қосу, мәлімдеу, ақыл-парасатқа жүгіну, өзара түсінісу, арманға жету.

8-тапсырма. Сөздердің антонимін жазыңыз.

Ренжісу емес – ..., қастасу емес – ..., алыстау емес – ...

9-тапсырма. Жоспар құрып, мәтіннің мазмұнын айтып беріңіз.

27-сабақ

БІЗ ТЕГІМІЗ ТҮРІК, ДІНІМІЗ ИСЛАМ ЕКЕНІН ҰМЫТПАУЫМЫЗ КЕРЕК

Н. Назарбаев


1-тапсырма. Сұрақ төңірегінде ой бөлісіңіз.

1. Сіз «Ұлы адам» деп кімдерді айтар едіңіз? Оның ұлылығы неде деп ойлайсыз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздердің мән-мағынасын түсіндіріңіз.

АДАМЗАТ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕҢ ҰЛЫ АДАМ

Америкалық ғалым Майкл Харттың «Тарихтағы 100 ұлы адам» деген ғылыми еңбегі батыс елдерін дүр сілкіндірді. Бұл еңбекке енген дүние жүзіне белгілі 100 ұлы адамның өмір жолы компьютердің көмегімен зерттеліп іріктелген. Мұндай ұлы адам мына шарттарға сай болу керек еді.



1. Халыққа әкелген сенімі.
2. Халықты басқару ерекшелігі мен халыққа тигізген пайдасы.
3. Өз жеке басының ұлылығы.

Осы шарт бойынша 100 ұлы адамның толық өмірбаяны компьютердің жадына енгізіліп, компьютерлік талдау жүргізіледі. Компьютерлік сараптау нәтижесінде мониторға тарихтың нөмірі бірінші ең ұлы адамының аты жазылды. Ол хазіреті Мұхамед с.ғ.с. пайғамбардың есімі еді. Бұдан кейін де барлық мәліметтер мұқият тексеріліп, сараптау жұмыстары бірнеше рет қайталанды. Сонда Мұхамед с.ғ.с. пайғамбардың есімі компьютер экранына бірінші болып шыға береді. Екінші болып Мұса с.ғ.с. есімі, үшінші болып Иса с.ғ.с. пайғамбарлардың есімі жазылады.

«Ислам әлемі» журналынан

С.ғ.с. – *саллаhu галейким ас-салам* пайғамбарлардың атымен қоса айтылатын тіркес.

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Майкл Харт деген кім?
2. Ол қандай ғылыми еңбек жарияланды?
3. Майкл Харт зерттеу жұмысын қалай жүргізді?

4-тапсырма. Мағыналары сәйкес сөйлемдерді нөмірлеңіз.

<p>❶ Америкалық ғалым Майкл Харттың «Тарихтағы 100 ұлы адам» деген ...</p> <p>❷ Бұл еңбекке енген дүние жүзіне белгілі 100 ұлы адамның өмір жолы ...</p> <p>❸ Компьютерлік сараптау нәтижесінде мониторға тарихтың нөмірі бірінші ...</p> <p>❹ Бұдан кейін де барлық мәліметтер мұқият тексеріліп, ...</p> <p>❺ Сонда Мұхамед с.ғ.с. пайғамбардың есімі ...</p> <p>❻ Екінші болып Мұса с.ғ.с. есімі, үшінші болып Иса с.ғ.с. ...</p>	<p><input type="radio"/> ең ұлы адамының аты жазылды.</p> <p><input type="radio"/> пайғамбардың есімі жазылды.</p> <p><input type="radio"/> сараптау жұмыстары бірнеше рет қайталанды.</p> <p>❶ ғылыми еңбегі батыс елдерін дүр сілкіндірді.</p> <p><input type="radio"/> компьютер экранына бірінші болып шыға береді.</p> <p><input type="radio"/> компьютердің көмегімен зерттеліп іріктелген.</p>
--	---

5-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сұраққа жауап жазыңыз.

не істеді?

Майкл Харт

{

6-тапсырма. Оқыңыз, аударыңыз. Олармен 10-15 сөйлем құрастырыңыз.

Ғылыми еңбек, батыс елдері, белгілі, өмір жолы, хазірет, пайғамбар, компьютердің көмегімен, ұлылық, компьютердің жады, компьютерлік талдау, компьютерлік сараптау, мұқият тексерілу, іріктелу, шартқа сай болу, дүр сілкіндіру.

7-тапсырма. Дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Майкл Харт – америкалық ғалым.
2. Ол «Тарихтағы 100 ұлы адам» деген ғылыми еңбегін жариялады.
3. Оның бұл еңбегі шығыс елдерін дүр сілкіндірді.
4. Бұл еңбекке енген дүние жүзіне белгілі 100 ұлы адамның өмір жолына компьютерлік талдау жүргізілді.
5. Зерттеу барысында адамдардың халықты басқару ерекшелігі мен халыққа тигізген пайдасы ескерілді.
6. Компьютерлік сараптау нәтижесінде мониторға Майкл Харттың есімі бірінші болып шықты.
7. С.ғ.с. – қысқарған сөздері пайғамбардың атымен қоса айтылатын тіркес.

8-тапсырма. Ұлы адамның есімін компьютерлік талдау арқылы анықтау барысында тағы қандай шарт басшылыққа алынды? Толықтырыңыз.

1. Халыққа әкелген сенімі
2. Өз жеке басының ұлылығы
3.

9-тапсырма. Жоспар құрып, мәтін мазмұнын айтып беріңіз.

10-тапсырма. Өзіңіз үлгі тұтатын ұлы адамның өмір жолы туралы көрсетілім әзірлеңіз.

АДАМ ДОСЫ ҮШІН ДАНАЛЫҚ СӨЗДЕН АРТЫҚ ЕШНӘРСЕ СЫЙЛАЙ АЛМАЙДЫ

Хадистен

1-тапсырма. Бұл тапсырмада Хадистен үзінділер берілген. Хадис – Құран Кәрімнен кейінгі екінші орында тұрған қасиетті сөздер жиынтығы. Оған Мұхамед с.ғ.с. көзі тірісінде айтқан діни-философиялық өсиеттері мен тұжырымдары негіз болған. Осы нақыл сөздерден келтірілген мысалдарды оқып, мән-мағынасын талдаңыз.

1. Білім алу, үйрену әрбір мұсылман әйел-ер кісі үшін парыз.
2. Тіпті Қытайдан болса да, білім алуға ұмтыл, өйткені білім алуға әрекеттену әрбір діндардың парызы.
3. Бесіктен табыт қабірге барғанша ғылым үйрен.
4. Ғылымның өлгені – есте сақталмағаны, қызықпайтын адамдарға үйретіліп, зая кеткені.
5. Бірінмен-бірің сәлемдесіп жүріңдер, сонда ғана араларыңда мейірбан махаббат оянады.
6. Аллаға иман келтіргеннен кейінгі істің абзалы – адамдармен достасу.
7. Кім ақылды болса, сол бақытты.
8. Жасы үлкендермен сұхбаттасып, ғұламалардан ақыл сұрап, дәрігерлермен ақылдасып тұрыңдар.
9. Пара беруші де, оны алушы да тозаққа түседі.
10. Серуендендер, несібелерің артады.
11. Кімде-кім ата-анасының ризалығын алған болса, Алла оның өмірін ұзартады.
12. Құлаққа жағымсыз естілетін сөзден сақтан.
13. Жақсылық ескірмейді, жамандық ұмытылмайды.
14. Әйелдерді тек жақсылар ғана құрмет тұтады. Жамандар оларды аяқасты етіп қорлайды.
15. Адамдардың тағы бір жаманы – өз әйеліне сараңдық, қызғаншақтық жасайтындар.
16. Бір нәрсені қарызға беру – садақа бергеннен жақсы.
17. Егер сендердің тілсіз хайуандарға жасаған зұлымдықтарың кешірілетін болса, онда көп күнәларың кешірілетін болар еді.
18. Адамның тәнінде қарыннан жаман ыдыс жоқ. Бірнеше рет асаған тамақ адамға жеткілікті. Егер қажет болса, қарынның үштен бірін тамаққа, үштен бірін суға, қалған үштен бірін тыныс алуға қалдырсын.
19. Әрбір мұсылман мынадай үш істі атқаруға міндетті:
 - әр адамның тіс тазалығышы болсын;
 - жұма күні шомылсын;
 - әйелдердің хош иісті әтірлерінен алып өздеріне сеуіп жүрсін.

20. Әрбір ата өз перзентіне мінез-құлқынан артық асыл мұра қалдыра алмайды.

21. Адам досы үшін даналық сөзден артық еш нәрсе сыйлай алмайды.

Өйткені сол даналық арқылы Алла оны тура жолға салады, әйтпесе жаман жолдан сақтайды.

2-тапсырма. а) көңіліңізден шыққан нақыл сөздерді теріп жазыңыз; ә) оны қалай түсінгеніңіз туралы әңгімелеп беріңіз; б) нақыл сөздерді тақырып бойынша топтаңыз.

3-тапсырма. а) Асан қайғының толғауын талдаңыз және оны жаттап алыңыз; ә) Асан қайғы туралы аңыздар желісімен көрсетілім әзірлеңіз.

Таза мінсіз асыл тас,
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз,
Ой түбінде жатады.

Су түбінде жатқан тас,
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз,
Шер толқытса шығады.

II БӨЛІМ

29-сабақ

ТУҒАН ЕЛДЕЙ ЕЛ БОЛМАС

1-тапсырма. Сұрақтар бойынша ой бөлісіңіз.

1. Сіз өз еліңізді шетелдіктерге қалай таныстырар едіңіз?
2. Еліңіздің басты байлығы не деп ойлайсыз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Еуразия құрлығының орталық бөлігінде орналасқан. Аумағы – екі миллион жеті жүз жиырма төрт мың тоғыз жүз шаршы шақырым. Ол шығысында Қытаймен, оңтүстігінде Қырғызстан және Өзбекстанмен, батысы мен солтүстігінде Ресеймен шектеседі. Елдің солтүстігі – орманды, ал оңтүстігі – таулы. Орталық Қазақстанды жазық дала алып жатыр. Қазақстанның Ертіс, Есіл, Жайық, Іле, Сырдария деп аталатын өзендері бар. Ең үлкен көлдері – Балқаш пен Зайсан, ал теңіздері – Арал мен Каспий.



Қазақстан халқының саны он алты миллионнан астам. Қазақстанда жүзден аса диаспора өкілдері өмір сүреді.

Қазақстанның елордасы – Астана қаласы.

Қазақстанның тарихы – өте бай әрі қызықты. Оған дәлел – Қазақстанның Отырар, Тараз, Түркістан, Сарайшық, Баласағұн, Ұясы, Алматы сияқты басқа да көне кенттері мен шаһарлары, тарихи ескерткіштері.

Қазақстанның тарихи ресурстары – мол. Әсіресе түсті металл, темір, көмір, мыс, мұнай және газ қоры мол.

Қазақстанда өнеркәсіптің металлургия, металл өңдеу, отын энергетикасы, химия салалары, ауыл шаруашылығының егіншілік және мал шаруашылығы салалары дамыған. Қазақстан – ғылымы мен мәдениеті дамыған ел.

3-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстан қай жерде орналасқан?
2. Жерінің аумағы қандай?
3. Қазақстан қандай елдермен шектеседі?

4-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Қазақстанның _____ – орманды, _____ таулы, _____ – жазық дала.
2. Қазақстанның Ертіс, Есіл, Жайық, Іле, Сырдария деп аталатын _____ бар.
3. Ең үлкен _____ – Балқаш пен Зайсан, ал _____ – Арал мен Каспий.
4. Қазақстанның _____ саны – он алты миллионнан астам.
5. Қазақстанда жүзден аса диаспора _____ өмір сүреді.
6. Қазақстанның _____ – Астана қаласы.

5-тапсырма. Дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Тараз – көне кент.
2. Қазақстанның тарихы – өте бай әрі қызықты.
3. Баласағұн – Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан.
4. Алматы сияқты басқа да көне шаһарлар бар.
5. Қазақстанда тарихи орындар көп.
6. Қазақстанның табиғи ресурстары – мол.
7. Түсті металл қоры көп.
8. Ауыл шаруашылығының салалары дамыған.
9. Өнеркәсіп салаларының бірі – отын энергетикасы.
10. Егіншілік ауыл шаруашылығының саласы.

6-тапсырма. Тәуелді тіркес жасап, олармен сөйлем құрастырыңыз.

Қазақстан. Шығыс.
Өнеркәсіп. Сала.
Ауыл. Шаруашылық.
Мал. Шаруашылық.
Халық. Сан.
Диаспора. Өкіл.

7-тапсырма. Жоспар құрып, мәтіннің мазмұнын айтып беріңіз.

8-тапсырма. а) ақын Мұқағали Мақатаевтың «Отан» деп аталатын өлеңін оқып, жаңа сөз, сөз тіркестерінің мән-мағынасын анықтаңыз; ә) өлеңді жаттап, мәнерлеп айтып беріңіз.

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем.
Ағынды өзен, асқар тау гүлін сүйем.
Мен оның қасиетті тілін сүйем.
Мен оның құдіретті үнін сүйем.
Бар жәндігін сүйемін, қыбырлаған.
Бәрі маған «Отан» деп сыбырлаған.
Жаным менің, кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол оның шырылдаған.
Отан, Отан!
Бәрінен биік екен.
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.

9-тапсырма. Өзіңіз туып өскен өлке, қала туралы таныстырылым әзірлеңіз.

30-сабақ

ІСІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ТҮЗЕЛМЕЙ, ЕШКІМНІҢ ТҮРМЫСЫ ТҮЗЕЛМЕС

1-тапсырма. Сұрақтар бойынша ой бөлісіңіз.

1. Тәуелсіздік сөзінің мәнін қалай түсінесіз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ

1 991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси тәуелсіздігі туралы конституциялық заң қабылданды. Заңда: «Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде күллі аумақта бүкіл үкімет билігіне ие болады, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес анықтап, оны жүзеге асырады. Дербес мемлекет ретінде ҚР халықаралық деңгейге шығады, өзінің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасын халықаралық құқық нормалары негізінде құрады», – деп жазылған.

Тәуелсіздік жарияланған соң бұрынғы Қазақ Республикасының аумағы тәуелсіз жаңа мемлекеттің аумағы деп танылды. Бұл аумақ бөлінбейді және оған ешкім қол сұға алмайды. Қазақстанды мекендейтін барлық ұлттың азаматтары біртұтас Қазақстан халқы болып табылады. Барлық азаматтар ұлтына, шыққан тегіне, қызметіне, мекеніне қарамастан, тең құқықтар мен бостандықтарға ие болады.

1993 жылы 28 ақпанда тәуелсіз ҚР-дың Конституциясы қабылданды. 1995 жылы 30 тамызда бұл Конституция уақыт талабына сай қайта қаралып, оның жаңа нұсқасы қабылданды. Конституцияның 1-бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп жазылған.



3-тапсырма. Мәтінді пайдаланып сұрақтарға жауап беріңіз.

1. ҚР-дың тәуелсіздігі туралы заң қашан қабылданды?
2. Заңда Қазақстанның тәуелсіздігі туралы не жазылған?
3. Жаңа мемлекеттің аумағы қалай анықталды?
4. Қазақстан халқы деген кім?
5. ҚР-дың азаматтары қандай құқықтар мен бостандықтарға ие?
6. ҚР Конституциясының жаңа нұсқасы қашан қабылданды?

4-тапсырма. Толықтырыңыз.

**қандай?
демократиялық**

Қазақстан

мемлекет

5-тапсырма. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойып сұраулы сөйлемдер жасаңыз.

1. Қазақстан өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес анықтап жүзеге асырады.
2. Дербес мемлекет ретінде ҚР халықаралық деңгейге шығады.
3. Қазақстан басқа мемлекеттермен қарым-қатынасын халықаралық құқық нормалары негізінде құрады.
4. Тәуелсіздік жарияланған соң, бұрынғы Қазақ Республикасының аумағы тәуелсіз жаңа мемлекеттің аумағы деп танылды.
5. Қазақстан аумағы бөлінбейді және оған ешкім қол сұға алмайды.
6. Қазақстанды мекендейтін барлық ұлттың азаматтары біртұтас Қазақстан халқы болып табылады.
7. Барлық азаматтар ұлтына, шыққан тегіне, қызметіне, мекеніне қарамастан, тең құқықтар мен бостандықтарға ие болады.

6-тапсырма. Сөйлемдерді сәйкестендіріңіз.

❶ 1991 жылы 16 желтоқсанда	<input type="radio"/> ҚР-дың мемлекеттік саяси тәуелсіздігі туралы конституциялық заң қабылданды.
❷ 1993 жылы 28 ақпанда	<input type="radio"/> Тәуелсіз ҚР-дың Конституциясы қабылданды.
❸ 1995 жылы 30 тамызда	<input type="radio"/> Конституция уақыт талабына сай қайта қаралып, оның жаңа нұсқасы қабылданды.

7-тапсырма. Жоспар құрып, мәтіннің мазмұнын айтып беріңіз.

8-тапсырма. Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы шағын таныстырылым әзірленіз.

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫҢ ТІК

1-тапсырма. Сұрақтар бойынша ой бөлісіңіз.

1. Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінде нелер бейнеленген?
2. Сіз олардың мән-мағынасын қалай түсінесіз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ҚР НЫШАНДАРЫ: МЕМЛЕКЕТТІК ТУ

1 996 жылы 24 қаңтарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары (рәміздері) туралы Президенттің конституциялық заң күші бар жарлығы күшіне енді. Осы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары: ҚР-



дың мемлекеттік туы, елтаңбасы және әнұраны болып табылады. Заңда Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан аумағында жүрген адамдар ҚР-дың мемлекеттік туын, елтаңбасын, әнұранын құрметтеуге міндетті деп көрсетілген. Сонымен қатар заңда мемлекеттік рәміздерді қорлағандардың ҚР заңдарына сәйкес жауапқа тартылатындығы да айтылған.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік туының түсі – ашық аспан түстес зеңгір көк. Түрлі рәміздерде қолданылатын түстердің өзіндік мән-мағынасы болатыны белгілі. Осы тұрғыда алғашқы геральдистердің бірі Ансельм жасаған кестеге (XVII ғ.) жүгінетін болсақ, көк түс – адалдықтың, тазалықтың белгісі екен. Қазақстанның туы – бірыңғай көк. Ол мемлекеттік тұтастық идеясын білдіреді. Туда бейнеленген шуақты күн – байлық пен берекенің, қыран – еркіндіктің белгісі. Ал туда салынған ұлттық ою-өрнек қазақ халқының өнерін, көркемдік танымын білдіреді.

Мемлекеттік ту мемлекеттік мекемелерде, шетелдегі елшіліктерде, консулдықтарда, әскери теңіз кемелерінде, әуежолы кемелерінде және т.б. жерлерде тігіледі немесе орнатылады.

Мемлекеттік тудың барлық белгілері салынған жалаушалар келіссөз үстелдеріне қойылады. Ресми қонақтарды қарсы алғанда, оларды шығарып салғанда көлікке қадалады.

3-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Мемлекеттік рәміздерге не жатады?
2. ҚР-дың қазіргі рәміздері ресми түрде қашан бекітілген?
3. Рәміздерге байланысты азаматтарға қандай міндеттер жүктелген?
4. ҚР-дың мемлекеттік туының түсі нені білдіреді?
5. Туда бейнеленген нышандар нені білдіреді?

4-тапсырма. Берілген сөздер және сөз тіркестерімен 10-15 сөйлем құрастырыңыз.

Мемлекеттік нышан (рәміз), конституциялық заң күші бар жарлық, күшіне ену, заңға сәйкес, мемлекеттік елтаңба, Қазақстанның әнұраны, құрметтеуге міндетті, қорлау, қорлаған, жауапқа тартылу, мемлекеттік тудың түсі, ашық аспан түстес зеңгір көк, осы тұрғыда, жүгіну, мемлекеттік тұтастық, бейнелеу, шуақты күн, береке, қыран, белгі, ұлттық ою-өрнек, көркемдік таным, елшілік, әскери теңіз кемесі, әуе кемесі, жалауша, келіссөз үстелі, ресми қонақ, қадау.

5-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. ҚР-дың мемлекеттік туының түсі _____
2. Бірыңғай көк түс – _____
3. Туда бейнеленген шуақты күн – _____, қыран _____ .
4. Мемлекеттік ту _____
5. 1996 жылы 24 қаңтарда Республика Президентінің _____ шықты.
7. ҚР азаматтары, _____, құрметтеуге _____ .
8. Мемлекеттік рәміздерді _____ жауапқа тартылады.

6-тапсырма. Сөз тіркестерін толықтырыңыз.

Қазақстан Республикасының _____ несі?

7-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Көк түс _____
Шуақты күн _____
Қыран _____
Бірыңғай көк түс _____
Ұлттық ою-өрнек _____
_____ ненің?
_____ белгісі

8-тапсырма. Үлгі бойынша мысалдарды өзгертіп, жұрнақтардың мәнін түсіндіріңіз.

Үлгі: *Ту тігу – ту тікті – ту тігін жатыр – ту тігеді – ту тікпекші*

Жарлық шығару – _____
Заң қабылдау – _____

Күшіне ену – _____

Жауапқа тарту – _____

9-тапсырма. Сөйлемдерді пайдаланып, бірнеше сұраулы сөйлем жасаңыз.

Мемлекеттік ту мемлекеттік мекемелерде, шетелдегі елшіліктерде, консулдықтарда, әскери теңіз кемелерінде, әуе кемелерінде және т.б. жерлерде тігіледі, орнатылады. 2. Мемлекеттік тудың барлық белгілері салынған жалаушалар келіссөз үстелдеріне қойылады. 3. Мемлекеттік ту ресми қонақтарды қарсы алғанда, оларды шығарып салғанда машиналарға қадалады.

10-тапсырма. а) жоспар құрып, мәтіннің мазмұнын айтып беріңіз; ә) **шет мемлекеттердің бірінің мемлекеттік туын сипаттап беріңіз.**

32-сабақ

ЕЛТАҢБА – МҰРА

1-тапсырма. Сұрақтар бойынша ой бөлісіңіз.

1. Қазақстанның елтаңбасында нелер бейнеленген?
2. Олардың мән-мағынасын қалай түсінесіз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ҚР НЫШАНДАРЫ: МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБА

К азақстан Республикасының елтаңбасы шеңбер ішінде бейнеленген. Шеңбер тіршілік, шексіз өмір деген мағынаны білдіреді. Елтаңбадағы ең негізгі белгі – шаңырақ. Шаңырақ – киіз үйдің төбесіндегі күмбез тәрізді бөлігі. Оған уықтар шаншылады. Елтаңбада бейнеленген уықтар күн сәулесіндей айналаға тарап тұр.

Қазақ халқында «Отан от басынан басталады» деген мақал бар. Демек, шаңырақ отбасы, үй деген ұғымды білдіреді. Әлемдік геральдика тарихында шаңырақ – тұңғыш рет қолданылған бейне. Шаңырағы бар елтаңба бұрын тарихта болған емес.

Елтаңба композициясында аймүйізді, алтын қанатты қоспырақ бар. Қос пырақтың қанаттары бір қарағанда бауланған бидайға ұқсайды.

Қазақ – малсақ халық. Ат, жылқы, тұлпар – қазақ халқы тұрмысының негізі болған. Біле-білсек, өз кезегінде адамзат өркениетінің дамуына ықпал еткен ғой. Пырақтың мүйізі жеті буыннан тұрады. Жеті буын қазақтың «Жеті ата» ұғымын білдіреді. Жалпы қазақ халқы мүйізді ерекше қастерлейді.

Елтаңбада шаңырақ пен қоспырақтан басқа бес бұрышты жұлдыз бейнеленген. Елдің аты алтын түсті әріппен жазылған.

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. ҚР-дың елтаңбасында нелер бейнеленген?
2. Шеңбер қандай мағынаны білдіреді?
3. Елтаңбадағы ең негізгі белгі деп нені атауға болады?
4. Геральдика тарихында алғаш рет қолданылған бейне қалай аталады?
5. Елтаңбада бұлардан басқа тағы нелер салынған?

4-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін оқып аударыңыз, олармен сөйлем құрастырыңыз.



Киіз үй, шаңырақ, күмбез, уық, шаншу, қос пырақ, мүйіз, бауланған бидай, бес бұрышты жұлдыз, шеңбер, шексіз өмір, мағына, ұғым, малсақ халық, тұрмыс-тіршілік, адамзат өркениеті, тарихта болған емес, біле-білсек, буын, қастерлеу, ұқсау, ықпал ету, бейнелеу, білдіру, алтын әріпшен жазу.

1. ҚР-дың _____ шеңбер ішінде бейнеленген.
2. Шеңбер _____ деген мағынаны білдіреді.
3. Шаңырақ – киіз үйдің төбесіндегі күмбез тәрізді бөлігі. Оған уықтар _____.
4. Елтаңбада бейнеленген уықтар _____ айналаға тарап тұр.
5. Қазақ халқында «Отан _____» деген мақал бар. Демек, шаңырақ отбасы, үй тұңғыш рет деген _____.
6. Әлемдік геральдика тарихында шаңырақ тұңғыш рет _____ бейне.
7. Шаңырағы бар елтаңба бұрын _____ болған емес.
8. Елтаңба композициясында _____ қос пырақ бар.
9. Қос пырақтың қанаттары бір қарағанда, _____ ұқсайды.
10. Қазақ _____ халық.
11. Ат, жылқы, тұлпар қазақ халқының _____ негізі болған.
12. Пырақтың мүйізі жеті _____ тұрады.
13. Жалпы қазақ халқы _____ ерекше қастерлейді.
14. Елтаңбада шаңырақ пен қос пырақтан басқа _____ бейнеленген.
15. Елдің аты алтын _____ жазылған.

6-тапсырма. Мемлекеттік рәміздердегі бұл таңбалар білдіретін ұғымдарды түсіндіріңіз.

Шаңырақ _____
Ұлттық ою-өрнек _____
Шеңбер _____
Қыран _____ + _____
Бірыңғай көк түс _____

7-тапсырма. Дұрыс па? Бұрыс па?

1. ҚР-дың мемлекеттік туы шеңбер ішінде бейнеленген.
2. Шеңбер тіршілік, шексіз өмір деген мағынаны білдіреді.
3. Елтаңбадағы ең негізгі белгі – қыран құс.
4. Уық – киіз үйдің төбесіндегі күмбез тәрізді бөлігі.
5. Әлемдік геральдика шаңырақ – тұңғыш рет қолданылған бейне.
6. Шаңырағы бар елтаңба бұрын болған емес.
7. Мемлекеттік туды – аймүйізді, алтын қанатты қос пырақ бейнеленген.
8. Қос пырақтың қанаттары бір қарағанда күн сәулесіндей айналаға тарап тұр.
9. Елтаңбада шаңырақ пен қос пырақтан басқа қазақтың ұлттық ою-өрнегі бейнеленген.

10. Елдің аты зеңгір көк түсті әріппен жазылған.

8-тапсырма. Мәтін ішінен септік жалғауында тұрған сөздерді тауып, олардың қай септікте тұрғанын анықтаңыз.

9-тапсырма. Тиісті септік жалғауларын жалғаныз.

1. Қазақстан Республикасы ... елтаңбасы шеңбер іші бейнеленген.
2. Шеңбер тіршілік, шексіз өмір деген мағына ... білдіреді.
3. Елтаңба ... бейнеленген уықтар күн сәулесіндей айналаға тарап тұр.
4. Қазақ халқында «Отан от басы... басталады» деген мақал бар.
5. Шаңырағы бар елтаңба бұрын тарих... болған емес.
6. Қос пырақ... қанаттары бір қарағанда, бауланған бидай... ұқсайды.
7. Пырақтың мүйізі жеті буын... тұрады. Жеті буын қазақтың «Жеті ата» ұғымы... білдіреді.

10-тапсырма. Сөздердің тәуелдік жалғауда септелуінің өзгешеліктеріне көңіл аударыңыз. Кестедегі бос орынды толтырыңыз.

3-жақтың тәуелдік жалғауларынан соң

Мысалдар	кімге? қайда? неге?	кімді? нені?	кімде? неде? қайда?
Күн сәулесі... Халықтың тұрмысы...	-на, -не, -а, -е	-н	-нда, -нде

Ескерту* Жекеше түрдеге 1, 2-жақтың тәуелдік жалғауларынан соң барыс септігі сөздерге үндестік заңы бойынша ретімен жалғанады. Мысалы: 1. Мен **тұлпар-ым-а** мініп жолға шықтым. 2. Сен **жеті ата-ң-а** дейін айтып бере аласың ба?

11-тапсырма. Мәтін ішінен тәуелдік жалғауда септелген сөздерді теріп жазыңыз. Олардың қай жақта және қай септікте тұрғанын анықтаңыз.

12-тапсырма. Мақал-мәтелдерді жаттап алыңыз. Септік жалғауында тұрған сөздерді тауып, олардың қай септікте тұрғанын анықтаңыз. Тай, құнан, мұрат сөздерін тәуелдеп, оларды тәуелдік жалғауда септеңіз.

Ат – адамның қанаты Таяқ тайға жеткізер, Құнан атқа жеткізер
Ас – адамның қуаты Тай құнанға жеткізер Ат мұратқа жеткізер

13-тапсырма. Кестеде берілген сөздерді тәуелді түрде септеңіз.

Атау	Ілік	Барыс	Табыс	Жатыс	Шығыс	Көмектес
Тіршілік						
Өмір						
Отбасы						
Шаңырақ						

14-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрыңыз. Құрылған жоспар бойынша мәтін мазмұнын баяндап беріңіз.

33-сабақ

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

1-тапсырма. Сұрақтар бойынша ой бөлісіңіз.

1. *Демократия сөзінің мәнін қалай түсінесіз?*
2. *Сіздің қоғамда демократияның басты принциптері орындалып отыр деп ойлайсыз ба?*

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ҚАЗАҚСТАН – ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ, ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

К азақстан мемлекетінің демократиялық сипаты конституциялық принциптермен анықталады. Атап айтқанда, мемлекет басшысы, Парламент депутаттары, жергілікті билік органдары сайланады. Мемлекет өміріндегі маңызды мәселелер референдум өткізу, парламентте дауыс беру арқылы шешіледі. Референдумға қатысып, жасырын дауыс беру арқылы азаматтардың өз еркін білдіруі де – демократияның бір көрінісі. Сол сияқты демократия принциптеріне сай республика азаматтары өкілетті органдарға жалпы халықтың, жеке азаматтардың немесе әлеуметтік топтар мен ұлттық азшылықтың мүдделерін қорғауға ынталы, қабілетті өз өкілдерін ұсынуға және сайлауға құқығы бар.



Қазақстан – құқықтық мемлекет. Оның ең бірінші көрсеткіші – заңның жоғары тұратындығы. Қоғам өмірі заңдар арқылы реттеліп отырылуы тиіс. Заң талаптарын орындауға ең алдымен мемлекеттің өзі міндеттеме алады. Сонымен қатар барлық субъектілердің заң ережелерін орындауын қадағалайды. Азаматтардың заңдарды мүлтіксіз сақтауы – құқықтық мемлекеттің маңызды белгісі. Сондықтан әрбір азамат өзінің құқықтар, бостандықтары мен міндеттерін белгілейтін заңдарды және де басқа нормативтік құқықтық актілерді жақсы білуі қажет. Ол үшін ресми түрде баспасөзде барлық нормативтік құқықтық актілерді жариялап отыру қарастырылған. Азаматтардың құқықтық санасын қалыптастыру аса маңызды.

1995 жылы 21 маусымда Президенттің «Құқықтық жаппай оқытуды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысы шықты. Бұл қаулыда құқықтық және әдептілік нормаларға мектепке дейінгі сәби жастан бастап үйрету көзделген. Құқықтық оқуға жұмыс істейтін, оқитын салаларына қарамастан барлық жастағы азаматтар, тіпті, министрлерге дейін түгел тартылады.

Әрине, құқықтық мемлекет ұзақ тарихи даму процесінде қалыптасады. Сондықтан ҚР-дың Конституциясында: «Еліміз құқықтық мемлекетті қалыптастыру жолына түсті», – деп жазылған.

ҚР демократиялық мемлекет:

ҚР құқықтық мемлекет:

.....
.....
.....
.....


.....
.....
.....
.....

5-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Керек сөздер: сайланады, азаматтар өз еркін білдіреді, арқылы шешіледі, ұсынуға және сайлауға құқығы бар, заңдар арқылы реттеліп отырылуы тиіс, мемлекеттің өзі міндеттеме алады, орындауын қадағалайды.

1. Елбасы, Парламент депутаттары, жергілікті өкілетті органдар
2. Мемлекеттегі маңызды мәселелер Референдум өткізу, Парламентте дауыс беру
3. Референдумға қатысып, жасырын дауыс беру арқылы
4. Демократия принциптеріне сай республика азаматтары өкілетті органдарға өз өкілдерін
5. Құқықтық мемлекетте қоғам өмірі
6. Заң талаптарын орындауға ең алдымен
7. Мемлекет барлық субъектілердің заң ережелерінің

6-тапсырма. Сөз тіркесін пайдаланып, 10-15 сөйлем құрастырыңыз.



-у+тж тиіс
-у+тж қажет
тж – тәуелдік жалғауы

Тиіс, қажет сияқты модаль сөздер тәуелдік жалғауында тұратын тұйық етістікпен қосарланып жұмсалады.

Мысалы: Мен міндеттерімді білу-**ім қажет (тиіс)**
 Сен міндеттеріңді білу-**ің қажет (тиіс)**
 Сіз міндеттеріңізді білу-**іңіз қажет (тиіс)**
 Ол міндеттерін білу-**і қажет (тиіс)**

7-тапсырма. а) –*у+тж тиіс (қажет)* тіркесімен берілген мәтіннен тауып оқыңыз; ә) берілген етістіктерге *қажет (тиіс)* сөздерін тіркеп, сөйлем құрастырыңыз.

Қаулыны орындау, үйретуді көздеу, түгел тарту, қалыптастыру, реттеліп отыру, заңталаптарын орындау, міндеттеме алу, заң ережелерін орындау, қадағалау, заңдарды мүлтіксіз сақтау, құқықтық сана қалыптастыру.

8-тапсырма. Жоспар құрып, мәтін мазмұнын айтып беріңіз.

БАС АЛҚАҢЫЗ БАР БОЛСА, ЖАНҒАН ОТҚА КҮЙМЕССИЗ

1-тапсырма. Сұрақтар бойынша ой бөлісіңіз.

1. Президенттік республиканың қандай ерекшелігі бар?
2. Президенттің атқаратын міндеттері не деп ойлайсыз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ҚАЗАҚСТАН – ПРЕЗИДЕНТТІК РЕСПУБЛИКА

Конституцияда жазылғандай, Қазақстан Президенттік ел басқару жүйесіне негізделген. Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекеттің басшысы. Ол – ең жоғары лауазымды тұлға. Президент – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азаматтар бостандықтары мен құқықтарының нышаны әрі кепілі.



Мемлекет басшысы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды. Ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік етеді. Қазақстан Республикасында билік үш буынға бөлінеді. Олар: заң шығарушы билік, атқарушы билік және сот билігі. Заң шығарушы – Парламент, атқарушы – Үкімет. Ал сот билігін жүзеге асырушы – жоғарғы сот пен облыстық,

аудандық соттар. Президент осы тармақтардың өзара келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Елбасы Парламент қабылдаған заңдарға қол қояды. Президенттің тыйым салу хақысы бар. Яғни ол заңды пысықтай түсу үшін Парламентке кері қайтара алады. Президент өзіне белгілі бір мерзімге арнап заң шығаратын өкілеттілік беру жөнінде Парламентке ұсыныс енгізуге құқылы. Егер Парламент Президенттің өтінішін қанағаттандырса, ол заң қабылдай алады. Демек, белгілі бір мерзім ішінде Президент заң қабылдау мәселесі бойынша Парламентті алмастыра алады. Сондай-ақ егер Парламент Президенттің өте тығыз деп санайтын заңын қабылдай алмаса, онда Президент заң күші бар жарлық шығарады.

Егер Парламент қалыпты жұмыс істей алмайтын болса немесе Үкіметпен, Жоғарғы сотпен ымырасыз алауыздыққа келетін болса, онда Парламентті таратады. Президент Парламенттің келісімімен премьер-министрді, Ұлттық банктің төрағасын тағайындайды. Парламент Сенатының келісімімен Республиканың Бас прокурорын, Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің төрағасын тағайындады.

Экономикалық байланыстар үшін түрлі елдермен келіссөздер жүргізеді, шетелдердегі дипломатиялық өкілдерді тағайындайды. Бұдан басқа мемлекет наградаларын тапсырады, азаматтық кешірім беру туралы соңғы сөзін айтады және т.б. мемлекеттік маңызы бар басқа да мәселелерге араласып отырады. Бірақ Конституцияда көрсетілгендей, Президенттің өкілді органның депутаты болуға, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқаруға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығы жоқ. Сонымен қатар Президент саяси партиялардағы қызметін тоқтатады.

(Қазақстан Республикасының Конституциясынан)

3-тапсырма. Мәтін бойынша 10 сұраулы сөйлем құрастырыңыз.

4-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, 10 сөйлем құрастырыңыз.

Ең жоғары лауазымды тұлға, адам бостандықтары мен құқықтарының нышаны әрі кепілі, халықаралық қатынас, саясаттың бағыттарын айқындау, Қазақстан атынан өкілдік ету, халық алдындағы жауапкершілікті қамтамасыз ету, өкілеттілік беру, заң күші бар жарлық, заңды пысықтай түсу, өтінішті қанағаттандыру, тағайындау.

5-тапсырма. Сөз тіркестерінің сөйлемдегі орнын тауып қойыңыз.

Керек сөздер: *келісіп жұмыс істеуін, жоғарғы сот, жауапкершілігін, заң шығарушы, 3 буынға бөлінеді, атқарушы билік.*

1. Біздің республикамыздағы билік 2. Олар: заң шығарушы билік, ... және сот билігі. 3. ... билік – Парламент, атқарушы билік – Үкімет. 4. Ал сот билігін жүзеге асырушы – ... , облыстық және аудандық соттар. 5. Президент осы тармақтарының ... және өкімет органдарының халық алдындағы ... қамтамасыз етеді.

6-тапсырма. Дұрыс па? Бұрыс па?

1. Елбасы парламент қабылдаған заңдарға қол қояды.

2. Президенттің тыйым салу хақысы жоқ, яғни ол заңды пысықтай түсу үшін Парламентке кері қайтара алмайды.

3. Президент өзіне белгілі бір мерзімге арнап заң шығаратын өкілеттілік беру жөнінде Парламентке ұсыныс енгізуге құқығы жоқ.

4. Егер Парламент Президенттің өтінішін қанағаттандырса да, ол заң қабылдай алмайды.

5. Белгілі бір мерзім ішінде Президент заң қабылдау мәселесі бойынша Парламентті алмастыра алады.

6. Егер Парламент Президенттің өте тығыз деп санайтын заңын қабылдай алмаса, онда Президент заң күші бар жарлық шығарады.

7-тапсырма. Сөйлемдерді мәтіннің көмегімен аяқтаңыз.

1. Елбасы Парламент қабылдаған заңдарға
2. Елбасы заңды пысықтай түсу үшін
3. Елбасы заң қабылдау мәселесі бойынша
4. Президент заң күші бар
5. Елбасы Парламент қалыпты жұмыс істей алмаса,
6. Президент Парламенттің келісімімен
7. Президент Парламент Сенатының келісімімен

8-тапсырма. Республика Президентінің не істеуге құқығы жоқ?

- Біріншіден,
- Екіншіден,
- Үшіншіден,
- Төртіншіден,

9-тапсырма. Төмендегі жоспар бойынша мәтін мазмұнын баяндап беріңіз.

ЕЛДІ ЕР КӨТЕРЕР

1-тапсырма. Сұрақтар бойынша ой бөлісіңіз.

1. Ел басқаратын қайраткердің тұлғалық келбеті қандай болу керек деп ойлайсыз?
2. Тарихта болған қандай тұлғаны үлгі тұтасыз? Не үшін?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ОТЫЗ ТОҒЫЗЫНШЫ, ҚЫРЫҚ БІРІНШІ ҚАРА СӨЗДЕРДЕН

Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен.

... Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі, ол заманда елбасы, топбасы деген кісілер болады екен. Ол – елбасы, топбасылары қалай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмек болмайды екен.

«Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой», «Бас-басыңа би болсаң, манар тауға сыймасың. Бас алқаңыз бар болса, жанған отқа күймесің», – деп мал айтып, тілеу қылып, «екі тізгін, бір шылбырды бердік саған. Берген соң қайтып бұзылмақ түгілі, жетпегенінді жетілдіремін, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын», – деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып. Онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң шынымен жетесінде болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?

Екіншісі, намысқор келеді екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен. «Аз араздықты қуған көп пайдасын кетіретер», – деп «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді. Төртеу түгел болса, төбедегі келеді», – десіп. «Жол қуған қазынаға жолығар. Дау қуған бәлеге жолығар», – десіп.

Кәнеки, енді осы екі мінезі қайда? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Абай осы ойын 41-қара сөзінде жалғастырып және былай деген екен:

Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек: Әуелі бек зор үкімет, жарлық қолында бар кісі керек. Екінші, ол адам есепсіз бай болмақ керек.



3-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Үзінді не туралы?
2. Абай айтқан ата-бабалардың бірінші мінезі қандай?
3. Екінші мінезі ше?
4. Абай халық үшін қам жейтін адам қандай болуы керек дейді?

4-тапсырма. Абай пайдаланған халық мақалдарын теріп кестеге жазыңыз. Олардың мән-мағынасын түсіндіріңіз.

Бірінші мінез	Екінші мінез
1.
2.
3.

5-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Керек сөздер: халықта оны сынамақ, есепсіз бай, білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы; бірден бірге жүгірмек; артық; жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын; көп азбайды екен; шынымен жетесінде жоқ болмаса; қам жеген адамға; жарлық қолында бар кісі; ағайынға өкпе, араздыққа.

1. Біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан ... төмен болған.
 2. Бірақ бұл замандағылардан ... екі мінезі бар екен. 3. Топбасылары қалай қылса, қалай бітірсе, ... болмайды екен. 4. Жетпегенінді жетілдіремін, ... деп тырысады екен. 5. Онан соң жақсылары да 6. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң ... солардың қамын жемей қайтеді? 7. Қазаққа ақыл берем, түзеймін ... екі түрлі мінез керек. 8. Әуелі, бек зор үкімет, ... керек. 9. Екінші, ол адам ... болмақ керек. 10. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ... қарамайды екен.

6-тапсырма. Мақалдардың сынарларын дұрыс орналастырыңыз.

Аз араздықты қуған, ...	манар тауға сыймассың.
Қой асығын қолыңа ал, ...	қолайыңа жақса сақа қой.
Алтай ала болса, ...	көп пайдасын кетіретер.
Бас-басыңа би болсаң, ...	бәлеге жолығар.
Төртеу түгел болса, ...	ауыздағы кетеді.
Жол қуған ...	төбедегі келеді.
Дау қуған ...	қазынаға жолығар.
Бас алқаңыз бар болса, ...	жанған отқа күймессің.

7-тапсырма. Төмендегі сын есімдерді пайдаланып сұрақтарға жауап беріңіз. Ел басқаратын тұлға ең әуелі қандай болу керек? Абай: «...мінез арлылықтан, намыстылық, табандылықтан келеді», – дейді. Сіз қалай ойлайсыз, жалпы адамның немесе қайраткердің мінезі қалай қалыптасады?

Мінсіз	Белсенді	Беделді
Ақылды	Іскер	Көреген
Шешен	Жігерлі	Байсалды
Дәулетті	Адал	Есепсіз бай
Әділ	Табанды	Арлы
Сенімді	Парасатты	Батыл

8-тапсырма. Жоспар құрып, мәтін мазмұнын айтып беріңіз.

АДАМНЫҢ КҮНІ АДАММЕН

1-тапсырма. Сұрақтар бойынша ой бөлісіңіз.

1. Қандай ірі халықаралық саяси ұйымдарды білесіз? Олардың қызметі туралы не айтуға болады?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ

Казақстан тәуелсіздік алысымен, ядролық және жаппай қырып жоятын қарулардан бас тартты. Мұндай шешім жас мемлекеттің дамуы үшін аса маңызды алғы шарт болып табылды. Қазақстан мемлекетінің бұл қадамын әлемдік саяси топтар қолдап, ерекше бағалады.

Бүгінде Қазақстан – дүниежүзілік қауымдастықтың, оның ішінде Біріккен ұлттар ұйымының (БҰҰ) толық мүшесі. ҚР Біріккен ұлттар ұйымына 1992 жылы 2 наурызда қабылданды. 1945 жылы құрылған бұл ұйымның 180-нен аса мүшесі бар.



БҰҰ-ның негізгі қызметі мынадай мәселелерді шешуге бағытталған:

- экономикалық және әлеуметтік дамудың аса маңызды шараларын жүзеге асыру;
- босқындарға және түрлі апат құрбандарына көмек көрсету;
- бітімгершілік жасау;
- адам құқықтарын қорғау;
- экологиялық мәселелерді шешу.

Қазақстан БҰҰ-ның түрлі институттарымен мынадай бағыттарда тиімді ынтымақтастық орнатқан:

- қару-жарақ пен қарусыздануға бақылау;
- экономикалық және қайырымдылық көмек мәселелері;
- босқындар мәселесі;
- адам құқығын қорғау;
- денсаулық сақтау;
- мәдениет;
- көлік және байланыс.

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз. Қысқарған сөздерді толық атаңыз.

1. Қазақстан тәуелсіздік алысымен неден бас тартты?
2. Мұндай шешімнің маңызы неде?
3. Қазақстанның бұл қадамын саяси топтар қалай бағалады?
4. Қазақстан қандай халықаралық ұйымның мүшесі?
5. ҚР бұл ұйымға қашан қабылданады?
6. БҰҰ-ның неше мүшесі бар?
7. БҰҰ-ның негізгі қызметі не?
8. ҚР БҰҰ институттарымен қандай бағытта байланыс орнатқан?

4-тапсырма. Оқыңыз. Аударыңыз.

Тәуелсіздік, халықаралық ұйым, Біріккен ұлттар ұйымы, БҰҰ-ның толық мүшесі, дүниежүзілік қауымдастық, ядролық қару, жаппай қырып-жоятын қару, қару-жарақ пен қарусыздандыруға бақылау орнату, бас тарту, даму үшін, алғы шарт, қадам, әлемдік саяси топтар, қолдау, ерекше бағалау, қабылдану, шешім, мәселелерді шешуге бағытталған, шараларды жүзеге асыру, босқындар мәселесі, апат құрбандары, көмек көрсету, бітімгершілік жасау, адам құқықтарын қорғау, экологиялық мәселелерді шешу, ынтымақтастық орнату, қайырымдылық, денсаулық сақтау, мәдениет, көлік және байланыс.

5-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Қазақстан тәуелсіздік алысымен,
2. Мұндай шешім жас мемлекеттің дамуы үшін
3. Қазақстан мемлекетінің бұл қадамын
4. Бүгінде ҚР дүниежүзілік қауымдастықтың,
5. ҚР Біріккен ұлттар ұйымына
6. 1945 жылы құрылған бұл ұйымның

6-тапсырма. Етістіктердің **кімді?** және **нені? не?** Не сұраққа жауап беретін сөздермен толықтырыңыз. Олармен сөйлем құрастырыңыз.

Үлгі: бағалау – *шешімді (нені?)* бағалау

Жүзеге асыру, көмек көрсету, орнату, қорғау, шешу, бақылау, сақтау.

7-тапсырма. Дұрыс па? Бұрыс па?

1. ҚР ядролық және жаппай қырып-жоятын қарудан бас тартты.
2. Қазақстан – Біріккен ұлттар ұйымының толық мүшесі.
3. ҚР Біріккен ұлттар ұйымына 1990 жылы 2 наурызда қабылданды.
4. 1945 жылы құрылған БҰҰ-ның 180-нен аса мүшесі бар.
5. БҰҰ әлеуметтік-экономикалық даму мәселесімен айналыспайды.
6. БҰҰ босқындарға және түрлі апат құрбандарына көмек көрсетеді.
7. Бітімгершілік жасау мәселесімен айналысады.

8-тапсырма. Сөйлемнің жалғасын табыңыз.

- | | |
|---|---|
| 1. БҰҰ-ның негізгі қызметі ... | қарулардан бас тартты; |
| 2. Жас мемлекеттің дамуы үшін ... | аса маңызды алғы шарт болып табылады; |
| 3. Қазақстанның бұл қадамын ... | әлемдік саяси топтар қолдады; |
| 4. ҚР Біріккен ұлттар ұйымына ... | толық мүшесі; |
| 5. Дүниежүзілік қауымдастықтың ... | 1992 жылы 2 наурызда қабылданды; |
| 6. 1945 жылы құрылған БҰҰ-ның ... | 180-нен аса мүшесі бар; |
| 7. Ядролық және жаппай қырып-жоятын ... | маңызды мәселелерді шешуге бағытталған. |

9-тапсырма. а) жоспар құрып, мәтін мазмұнын айтып беріңіз; ә) баспасөз ақпараттарын пайдаланып, БҰҰ ұйымының қызметі туралы тың мәліметтер келтіріңіз.

БІРЛІК ТҮБІ – ТІРЛІК

1-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР

Қазақстан – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның (ЕҚЫҰ) толық мүшесі. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым – тек қана еуропалық ұйым емес. Ол – өзіне мүше кез келген ел орналасқан аймақ үшін жауапты ұйым. Сондықтан Қазақстан ТМД аймағында дау-жанжалдарды реттеу мақсатында ЕҚЫҰ-мен ынтымақтасқан.

1994 жылы Қазақстан Ислам конференциясы ұйымының (ИКҰ) кезекті басқосуына бақылаушы ретінде қатысты. Ұйымның өкілдері Қазақстанға үлкен қызығушылық танытты. Басқосуда Арал мен Семей апаттарының зардаптарын жоюға көмек беру мәселесі қарастырылды. Білім беру жүйесін дамытуға өздерінің іс жүзінде әзір екендіктерін мәлімдеді.



Қазақстан өз тарапынан Азиядағы өзара бірлескен қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АБСШК) шақыру туралы бастама көтерді. АБСШК идеясы Азия құрлығында қалыптасқан күрделі жағдайларға байланысты туындаған болатын.

1994 жылы қазанда аймақтық 26 мемлекеттің, 3 халықаралық және аймақтық ұйымның өкілдері кездесу өткізеді. Олардың ішінде ЕҚЫҰ өкілдері де болды. Осылайша, Қазақстан бастамасын жүзеге асырудың алғашқы қадамы жасалды.

Қазіргі уақытта дүниежүзінің 110-нан астам елдерінде ҚР-дың елшіліктері бар. Қазақстанның сыртқы саясаты мемлекеттің қауіпсіздігі мен қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстанның ядролық қаруды таратпау жөнінде шартқа қосылуы, Лиссабон хаттамасына қол қоюы елдің беделін арттырды. Өз кезегінде АҚШ-пен демократиялық әріптестік туралы хартияға қол қоюы, АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Қытай тарапынан қауіпсіздік кепілдемесін алуы елдің егемендігі мен қауіпсіздігін нығайтты. Аумақтың тұтастығы мен шекараларының мызғымастығын қамтамасыз етті.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз. Қысқарған сөздерді толық атаңыз.

1. ҚР Еуропадағы қандай ұйымның мүшесі?
2. ЕҚЫҰ-ға не үшін жауапты?
3. ҚР ЕҚЫҰ-мен қандай мақсатта ынтымақтасқан?
4. Қазақстан ИКҰ-ның басқосуына қашан қатысты?
5. Ұйымның өкілдері Қазақстанды қалай қабылдады?
6. ИКҰ ҚР-ға байланысты қандай мәселелер қарастырады?
7. АБСШК шақыру идеясы неге байланысты туындады?
8. Кеңестің алғашқы басқосуына кімдер қатысты?
9. Қазақстанның сыртқы саясаты неге бағытталған?
10. ҚР-дың егемендігі мен қауіпсіздігін не нығайтты?

3-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

Керек сөз тіркестері: мемлекеттің қауіпсіздігі мен қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етуге, беделін арттырады, еуропалық ұйым, демократиялық әріптестік, дау-жанжалдарды реттеу, қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі аймақ үшін жауапты, қауіпсіздік кепілдемесін алуы.

1. Қазақстан – Еуропадағы ... ұйымның толық мүшесі. 2. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым тек қана ... емес. 3. Ол – өзіне мүше кез келген ел орналасқан ... ұйым. Сондықтан Қазақстан ТМД аймағында ... мақсатында ЕҚЫҰ-мен ынтымақтасқан. 4. Қазақстанның сыртқы саясаты ... бағытталған. 5. ҚР ядролық қаруды таратпау жөнінде шартқа қосылуы, Лиссабон хаттамасына қол қоюы елдің ... 6. Өз кезегінде АҚШ-пен ... туралы хартияға қол қоюы, АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Қытай тарапынан ... елдің егемендігі мен қауіпсіздігін нығайтты.

4-тапсырма. Етістіктерге тиісті қосымшаларды жалғап, сөйлем құрастырыңыз.

- Бақылаушы ретінде қатыс-
- Қызығушылық таныт-.....
- Ұйымның өкілдері-
- Іс жүзінде әзір-.....
- Көмек бер-.....
- Мәселені қарастыр-.....
- Апат зардаптарын жой-.....
- Кезекті басқосу өткіз-.....

-йтындығын
-атындығын
-етіндігін
екендігін
-итіндігін

мәлімдеді.

Ескерту* -атындығын, -етіндігін, -йтындығын, -йітіндігін күрделі тіркес мен екендігі көмекші сөздер орыс тіліндегі **то-что, то-кто** тіркесінің мағынасын беріп тұр. Бұлар тәуелденеді және септеледі. Сол сияқты шақ бойынша өзгереді. Мысалы: 1. Біз бақылаушы ретінде қатыс-атын-дығымызды мәлімдедік. 2. Сен бақылаушы ретінде қатыс-қан-дығыңды мәлімдедің бе? 3. Сіз басқосуға бара алма-й отыр-ған-дығыңызды мәлімдедіңіз ғой.

5-тапсырма. 1-бағанадағы сөйлемдердің сыңарын тауып нөмірленің.

1. ҚР өз тарапынан Азиядағы өзара бірлескен қимыл және сенім шаралары жөніндегі ...	алғашқы қадамы жасалды;
---	-------------------------

2. АБСШК идеясы Азия құрлығында қалыптасқан ...	күрделі жағдайларға байланысты туындаған болатын;
3. 1994 ж. қазанда аймақтық 26 мемлекеттің, 3 халықаралық және аймақтық ұйымдардың өкілдері ...	ҚР елшіліктері бар;
4. Осылайша, ҚР бастамасын жүзеге асырудың ...	кездесу өткізді;
5. Қазіргі уақытта дүниежүзінің 110-нан астам елдерінде ...	Кеңес шақыру туралы бастама көтерді;
6. ҚР сыртқы саясаты ...	мемлекеттің қауіпсіздігі мен қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

6-тапсырма. Жоспар құрып, мәтін мазмұнын баяндап беріңіз.

САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

1-тапсырма. Сұраққа байланысты ойыңызды ортаға салыңыз.

1. Мемлекеттің қауіпсіздігі дегенді қалай түсінесіз?
2. Ұлттық қауіпсіздікті қалай қамтамасыз етуге болады?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ

Мемлекет дамуының алғы шарты – оның Ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Демек, тәуелсіздік пен бостандық алу жеткіліксіз, оны табанды түрде қорғау қажет. Елдің қауіпсіздігін қорғау шараларын ҚР-дың Қарулы күштері, Ұлттық қауіпсіздік органдары, Ішкі істер органдары мен сыртқы барлау органдары, әскери және салық полициялары, ҚР-дың Президентін қорғау қызметі, салық және кеден қызметі, төтенше жағдайлар салдарын жою қызметі атқарады. Осы органдардың құрылымы мен қызметін реттей отырып, құқықтық базаны жетілдіріп, оны нығайту аса маңызды. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын республикалық бюджеттен қомақты қаржы бөлінеді.



Қандай да бір мемлекеттің Ұлттық қауіпсіздігі оның ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қатерлерден қорғалуымен сипатталады. Ұлттық мүдде деген – мемлекеттің тәуелсіздігі, аумақтық тұтастығы, оның шекарасына қол сұғылмауы және Конституцияның мызғымастығы. Ол 3 деңгейге бөлінеді: бірінші, мемлекеттік мүдде (мемлекет басқарудың тиімді жүйесі, аумақтық тұтастық, саяси тұрақтылық, елдің қорғаныс қабілеті және халықаралық ынтымақтастық мәселесі). Екінші, қоғам мүддесі (салтты сақтау, дәстүрді дәріптеу, рухани мәдениет, қоғамдық келісім, заң мен тәртіпті сақтау). Үшінші, жеке адам мүддесі (нақты бір адамның әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және т.б. мәселелері).

1998 жылы 26 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңға сәйкес ҚР-дың Ұлттық мүдделері деп мыналар танылады:

- адамның, азаматтың құқығы мен еркіндігін қамтамасыз ету;
- елде қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтау;
- халықтың игілігі үшін экономиканы дамыту;
- отан сүйгіштік сезімді тәрбиелеу және ҚР халқының бірлігін нығайту;

- ҚР материалдық және рухани байлығын сақтап, молайта беру;
- президенттік ел басқару формасының мызғымастығы;
- мемлекеттік институттардың қызметін нығайтып, тиімділігін арттыру;
- Қарулы күштердің, ҚР-дағы әскерлер мен әскери құрылымдардың жарақталуын және олардың ұрыс қабілетін қамтамасыз ету;
- заңды мүлтіксіз орындау және тәртіп сақтау;
- халықаралық ынтымақтастықты нығайтып отыру.

«Жас Алаш» газетінен

3-тапсырма. Сөз тіркестерін аударып, оларды көп нүктенің орнына қойып жазыңыз.

Керек сөздер: қол сұғылмауы, аумақтық тұтастығы, нақты және ықтимал қатерден, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

1. Мемлекет дамуының алғы шарты – 2. Қандай да бір мемлекеттің ... қорғалуы – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. 3. Мемлекеттің тәуелсіздігі, ... оның шекарасына ... және Конституциясының мызғымастығы оның ұлттық мүддесі болып табылады.

4-тапсырма. Елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін органдардың қазақша атауын есте сақтаңыз. Олармен сөйлем құрастырыңыз.

ҚР-дың Қарулы күштері
 Ұлттық қауіпсіздік органдары
 Ішкі істер және сыртқы барлау органдары
 Әскери және салық полициялары
 ҚР-дың Президентін қорғау қызметі
 Салық және кеден қызметі
 Төтенше жағдайлар салдарын жою қызметі

5-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, кестені толтырыңыз.

Ұлттық мүдденің 3 деңгейі

Мемлекеттік мүдде	Қоғамдық мүдде	Жеке адам мүддесі
1.
2.
3.
4.
5.

6-тапсырма. Үлгі бойынша 2 бағанадағы сөз тіркестерін өзара байланыстырыңыз.

Үлгі: Заң – заңды нығайту

- | | |
|--|--------------------|
| 1. Адамның, азаматтың құқығы мен еркіндігі ... | қамтамасыз ету |
| 2. Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық... | экономиканы дамыту |
| 3. Халықтың игілігі... | мүлтіксіз орындау |

- | | |
|--|---------------------|
| 4. Отансүйгіштік сезім... | нығайтып отыру |
| 5. Халықтар бірлігі... | тәрбиелеу |
| 6. ҚР материалдық және рухани байлығы... | тиімділігін арттыру |
| 7. Тәртіп... | сақтап молайта беру |
| 8. Әскери халықаралық ынтымақтастық... | сақтау |
| 9. Қарулы күштердің жарақталуы... | нығайту |
| 10. Құрылымдардың ұрыс қабілеттілігі... | |

7-тапсырма. Жоспар құрып, мәтін мазмұнын айтып беріңіз.

АДАМ ДЕГЕН – АРДАҚТЫ АТ

1-тапсырма. Сұраққа байланысты ойыңызды ортаға салыңыз.

1. Сіз өз құқықтарыңызды жақсы білесіз бе?
2. Қазақстанда азаматтар мен адам құқықтары немен қорғалады?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТ ҚҰҚЫҒЫ МЕН БОСТАНДЫҒЫ

К азақстан Республикасы Конституциясының басым бөлігі (98-баптың 30-ы) адам және азамат құқықтары мен бостандықтарына арналған. Мұның өзі адамдардың мемлекеттегі, қоғамдағы орнын анықтайды. Адам өз құқығы мен бостандықтарын тек қана өз мүддесі үшін пайдаланбайды. Мәселен, алынған білім жеке адам үшін ғана емес, қоғам үшін



де пайда келтіреді. Еңбек ету бостандығын пайдалана отырып, азаматтар өзі үшін әрі қоғам үшін де материалдық және рухани байлық жасайды. Саяси құқықтар мен бостандықтарды пайдалана отырып, мемлекет те демократиялық қатынастарды дамытуға ықпал етеді. Сондықтан мемлекет азаматтардың өз құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалануына мүдделі.

Қазақстанның Конституциясында адам және азаматтардың тек негізгі құқықтары мен бостандықтары жазылады. Бір ескеретін жай, «адам» деген түсінік шетелдіктер үшін қолданылады.

Конституциядағы адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтары конституциялық заңдарда, нормативтік актілерде нақтыланады. Мысалы, кәметке толған Қазақстан азаматы Мәжіліске депутаттарды сайлауға және сайлануға қақылы. Бұл мәселе Қазақстанда «Сайлау туралы» Президент жарлығымен реттелген. Конституцияда жазылған барлық құқықтар мен бостандықтарды Қазақстан азаматтары ғана пайдалана алады, ал шетел азаматтары саяси құқықтар мен бостандықтарды пайдалана алмайды. Сондықтан шетел азаматтарының мәртебесі туралы елбасының арнайы жарлығы бар.

3-тапсырма. Сұрақтарға мәтін бойынша жауап беріңіз.

1. Конституциядағы «адам» деген түсінік кімдерге қолданылады?

2. Мемлекет азаматтардың өз құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалануына мүдделі ме? Неге?
3. ҚР Конституциясында адам және азаматтардың қандай құқықтары мен бостандықтары жазылады?
4. Адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтары немен нақтыланады?

4-тапсырма. Сөз тіркестерін оқып аударыңыз.

Азамат, азаматтың құқықтары, азаматтың бостандықтары, адамдардың құқықтары, адамдардың бостандықтары, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, адамның қоғамдағы орны, тек өз мүддесі үшін пайдалану, қоғам үшін пайда келтіру, еңбек ету бостандығын пайдалану, саяси құқықтар мен бостандықтарды пайдалану, материалдық және рухани байлық, демократиялық қатынастарды дамыту, ықпал ету, мүдделі, бір ескеретін жай, «адам» деген түсінік, нормативтік актілер, нақтылану, кәметке толған, депутаттарды сайлауға және сайлануға хақылы, Президент жарлығымен реттелген, Конституцияда жазылған, шетел азаматтарының мәртебесі, Президенттің арнаулы жарлығы.

5-тапсырма. Сөз тіркестерін орнына қойып жазыңыз.

Керек сөздер: қоғам үшін де, еңбек ету бостандығы, саяси құқықтар мен бостандықтарды, құқықтары мен бостандықтарына, тек өз мүддесі үшін, толық пайдалануына мүдделі.

1. ҚР Конституциясының басым бөлігі адам және азамат ... арналған.
2. Адам өз құқығы мен бостандықтарын ... пайдаланбайды.
3. Білім жеке адам үшін ғана емес, ... пайда келтіреді.
4. ... азаматтар өзі үшін әрі қоғам үшін де материалдық және рухани байлық жасайды.
5. ... пайдалана отырып, мемлекетте демократиялық қатынастарды дамытуға ықпал етеді.
6. Сондықтан мемлекет – азаматтардың өз құқықтары мен бостандықтарын

6-тапсырма. Етістіктердің бірінші бағанадағы орнын тауып орналастырыңыз. Сөйлемдерге морфологиялық талдау жасаңыз.

<ol style="list-style-type: none"> 1. ҚР Конституциясында адам және азаматтардың тек негізгі құқықтары мен бостандықтары 2. «Адам» деген түсінік шетелдік азаматтар үшін ... 3. Адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтары конституциялық заңдарда, нормативтік актілерде ... 4. Кәметке толған Қазақстан азаматы Мәжіліске депутаттарды сайлауға және сайлануға ... 5. Бұл мәселе ҚР Сайлау туралы елбасы жарлығымен ... 6. Конституцияда жазылған құқықтар мен бостандықтарды ҚР азаматтары ғана ... 7. Шетел азаматтары саяси құқық пен бостандықтарды ... 8. Шетел азаматтарының мәртебесі туралы Президенттің арнаулы жарлығы ... 	<p>бар жазылады. хақылы пайдалана алады. қолданылады. нақтыланады. реттелген.</p>
---	---

7-тапсырма. Жоспар құрып, мәтін мазмұнын айтып беріңіз.

8-тапсырма. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін пайдаланып, Жеке бастың құпиясын сақтау (114-бап), Өз бейнесіне құқық (145-бап), Олжа (245-бап), Көмбе (247-бап) деп аталатын баптардың бірін оқып, оның мазмұнын айтып беріңіз. Жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің тізімін жасаңыз. Оларды жаттап алыңыз.

АДАМНЫҢ АҚЫСЫН ЖЕМЕ

1-тапсырма. Сұраққа байланысты ойыңызды ортаға салыңыз.

1. *Адам құқықтары мен бостандықтары туралы қандай халықаралық-құқықтық құжаттарды білесіз? Олардың маңызы неде деп ойлайсыз?*

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯ

К азақстан адам құқықтары мен бостандықтарына қатысты заң шығару барысында маңызды халықаралық құқықтық актілерді басшылыққа алған. Конституцияның 8-бабында Қазақстан Республикасы халықаралық-құқықтық принциптер мен нормаларды құрметтейді деп көрсетілген.

Мысалы, БҰҰ-ның Бас ассамблеясы 1948 жылы адам құқықтары туралы Жалпыға бірдей декларация қабылдаған болатын. Декларация ережелерін



3 топқа бөлуге болады. Бірінші топқа адамдардың табиғи және айырғысыз құқықтары жатады. Бұл – өмір сүру құқығы, жеке басының бостандығы, құлдықтан азат болуы, адамды азаптауға, оның жеке өміріне қол сұғу әрекеттеріне тыйым салу, адамның ар-абыройына және мекенжайына қол сұғуға жол бермеу. Екінші топқа азаматтықпен байланысты ережелер жатады.

Бұлар азаматтық алу, емін-еркін жүріп тұру, тұрақты мекенжайын тандап алу, некеге отырып, отбасын құру, меншік иесі болу, баспана алу, ұждан бостандығына ие болу, мемлекет басқару ісіне қатысу, бейбіт жиналыстар мен демонстрациялар өткізу құқықтары. Үшінші топқа әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтар жатады. Олар – еңбек ету, қалауы бойынша жұмыс таңдау, еңбегіне сай ақы алу, кәсіптік одақтарға бірігу, демалу, білім алу, адамға лайық өмір сүру құқықтары.

3-тапсырма. Сұрақтарға мәтін бойынша жауап беріңіз.

1. Қазақстан адам құқықтары мен бостандықтарына қатысты заң шығару барысында нені басшылыққа алады?
2. Жалпыға бірдей декларация қашан және қайда қабылданған?

3. Декларация ережелерін қандай топтарға бөлуге болады?
4. Табиғи және айырғысыз құқықтарға не жатады?
5. Азаматтық ережелерде адамның қандай бостандықтары мен құқықтары көрсетілген?
6. Әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтарға не жатады?

4-тапсырма. 3 топқа кіретін бостандық пен құқық түрін жазыңыз.

Табиғи және айырғысыз құқықтар	Азаматтық ережелері	Әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтар
.....
.....
.....
.....
.....

5-тапсырма. Оқыңыз. Аударыңыз. 10-15 сөйлем құрастырыңыз.

Конституцияның бабы, адам құқықтары мен бостандықтары, жеке бастың бостандығы, табиғи және айырғысыз құқықтар, халықаралық құқықтық актілер, заң шығару, басшылыққа алу, БҰҰ-ның Бас ассамблеясы, Жалпыға бірдей декларация, Декларация ережелері, азаматтықпен байланысты ережелер, өмір сүру құқығы, құлдықтан азат болу, адамды азаптауға жол бермеу, адамның жеке өміріне қол сұғуға тыйым салу, ар-абырой, азаматтық алу, емін-еркін жүріп тұру, тұрақты мекенжайды тандап алу, некеге отыру, отбасын құру, меншік иесі болу, баспана алу, ұждан бостандығына ие болу, мемлекетті басқару ісіне қатысу, бейбіт жиналыстар мен демонстрациялар өткізу, қалауы бойынша жұмыс таңдау, еңбегіне сай ақы алу, кәсіптік одақтарға бірігу, адамға лайық өмір сүру.

6-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Қазақстан адам құқықтары мен бостандықтарына қатысты заң шығару барысында маңызды ... басшылыққа алған. 2. Конституцияның 8-бабында Қазақстан Республикасы ... құрметтейді деп көрсетілген. 3. БҰҰ Бас ассамблеясы 1948 жылы адам құқықтары туралы ... қабылдаған болатын. 4. Декларация ... 3 топқа бөлуге болады.

7-тапсырма. Бос орынға тиісті тіркестерді қойып жазыңыз.

.....

-уға
-уге

жол берме-у (тыйым салу) керек

.....

-уға
-уге

құқығы бар (жоқ)

8-тапсырма. Тиісті жауабын жазыңыз.

1. Декларация ережелері бойынша ешкімнің ... құқығы жоқ.

- а) азаматтық алуға
- ә) емін-еркін жүріп тұруға
- б) некеге отыруға
- в) адамды азаптауға

2. Декларация ережелері бойынша адамның ... құқы бар.

- а) адам өміріне қол сұғуға
- ә) жеке адамның ары мен абыройына нұқсан келтіруге
- б) адамға лайық өмір сүруге
- в) адамды азаптауға

9-тапсырма. Жоспар құрып, мәтін мазмұнын айтып беріңіз.

БІЛЕКТІ БІРДІ ЖЫҒАР, БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАР

1-тапсырма. Сұраққа байланысты ойыңызды ортаға салыңыз.

1. *Білімді адам деп кімдерді атар едіңіз? Неге?*

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

БІЛІМНІҢ АДАМ, ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

К азақтар ертеде-ақ: «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп» деген екен. Ал әл-Фараби: «Білімді болу деген сөз – белгісіз нәрсені ашу қабілетіне ие болу деген сөз. Ал белгісіз нәрсені аша білу деген сөз – ол теориялық өнердің бәріне тән, ортақ жайт», – деп көрсеткен.

Адамның білуге, білімге ұмтылуы – жақсы қасиет. Бірақ Гете айтқандай: «Біліп қана қою – аз, сол білгенінді істе қолдана білу керек, ниеттену – аз, сол ниетінді іске асыруың керек. Ағылшын философы Бэкон айтқандай: «Білім – күш». Бұл ұлы адамдардың пікірлері адамдарды қорғау үшін, әркімнің өз бойындағы білімін күш ретінде пайдалана білуі үшін айтылған.

Білім қоғамның дамуына пәрменді әсер етеді. Қоғамның болашағы, оның тұрақтылығы білім беру жүйесіне, оның тиімділігіне байланысты. Ал білім жүйесінің дамуы және оның қызметі қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және идеологиялық жағдайына байланысты.

Білім беру жүйесінің басты міндеттері: ұлттық және азаматтық құндылықтардың, ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау, жеке адамның өзіндік ерекше қабілеттерін ашуға мүмкіндік жасау. Адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке адамның интеллектісін байыту, оның шығармашылық қабілетін арттыру. Мұны қоғамның экономикалық, саяси және мәдени өміріне қатыса білуге тәрбиелеу. Адамның кәсіптік білім алуына мүмкіндік жасау. Түрлі халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүрлерін оқып үйренуге жағдай жасау. Адам неғұрлым білімді болған сайын, солғұрлым өзіне, өз отанына көбірек пайда келтіреді.



(Н. Күңқожаев)

3-тапсырма. Мәтін ішінен мақалдар мен ұлы адамдардың білім туралы айтқан сөздерін көшіріп жазыңыз. Олардың мәнін түсініп жаттап алыңыз.

4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Білім қоғамның дамуына қандай әсер етеді?
2. Қоғамның болашағы неге байланысты?
3. Білім жүйесінің дамуы қоғамның қандай жағдайларына байланысты болады?
4. Білім беру жүйесінің басты міндеттері не?

5-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Білім қоғамның дамуына ...
2. Қоғамның болашағы, оның тұрақтылығы ...
3. Білім жүйесінің дамуы және оның қызметі ...

6-тапсырма. Мына сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.

Білім беру жүйесі, құндылық, жағдай жасау, жеке адамды қалыптастыру, адамның ерекше қабілеттерін ашу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, адамның шығармашылық қабілетін арттыру, қоғамның саяси-экономикалық және мәдени өміріне араласу, кәсіптік білім алуға мүмкіндік жасау, қоғамға пайда келтіру.

7-тапсырма. Дұрыс па? Бұрыс па?

1. Білім қоғамның дамуына пәрменді әсер етеді.
2. Қоғамның болашағы, оның тұрақтылығы білім беру жүйесіне, оның тиімділігіне байланысты.
3. Ал білім жүйесінің дамуы және оның қызметі қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және идеологиялық жағдайына байланысты.
4. Адам неғұрлым білімді болған сайын солғұрлым өзіне, өз Отанына көбірек пайда келтіреді.

8-тапсырма. Туынды сөздерді тауып, олардың қалай жасалғандығын түсіндіріңіз.

1. Білім беру жүйесінің басты міндеттері: ұлттық және азаматтық құндылықтардың, ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау, жеке адамның өзіндік ерекше қабілеттерін ашуға мүмкіндік жасау. 2. Адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке адамның интеллектісін байыту, оның шығармашылық қабілетін арттыру. 3. Оны қоғамның экономикалық, саяси және мәдени өміріне қатыса білуге тәрбиелеу.

9-тапсырма. Бұл қанатты сөздерді кім айтқан?

1. «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп», – дейді екен
2. «Білім – күш», – деген
3. «Білімді болу деген сөз – белгісіз нәрсені ашу қабілетіне ие болу деген сөз. Ал белгісіз нәрсені аша білу деген сөз – ол теориялық өнердің бәріне тән, ортақ жайт», – депті

4. «Біліп қана қою – аз, сол білгенінді істе қолдана білу керек, ниеттену – аз, сол ниетінді іске асыруың керек», – деген екен

10-тапсырма. Білім туралы мақал-мәтелдер мен қанатты сөзді жаттап алыңыз.

1. Күш – білімде. 2. Ұстаздан шәкірт озар. 3. Оқу инемен құдық қазғандай.
4. Қайратсыз ашу – тұл, тұрлаусыз ғашық – тұл, шәкіртсіз ұстаз – тұл (Абай).

11-тапсырма. Жоспар құрып, мәтіннің мазмұнын айтып беріңіз.

ОҚУСЫЗ БІЛІМ ЖОҚ, БІЛІМСІЗ КҮНІҢ ЖОҚ

1-тапсырма. Сұраққа байланысты ойыңызды ортаға салыңыз.

1. Қазақстанда азаматтардың жан-жақты білім алуына қандай жағдайлар жасалған?
2. Қазір сіздің біліміңіз қай деңгейде деп ойлайсыз? Қай сала бойынша өз біліміңізді жетілдіргіңіз келеді? Ол үшін қандай қадам жасап үлгердіңіз? Алдағы уақытта осы бағытта не істемексіз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Соңғы жетпіс жылда Қазақстанда білім беру жүйесі қалыптасты. Соның нәтижесінде халықтың білім деңгейі жоғарылады. Білім берудің барлық саласы мемлекет тарапынан іске асырылды. Қазіргі таңда Республикада түрлі мектептерде үш миллиондай бала оқиды. Оларды оқытуға 240-254 мыңдай мұғалім жұмылдырылған. Кәсіптік-техникалық училищелер мен колледждер саны жылдан-жылға артуда. Арнаулы жоғары оқу



орындарының саны 163-ке жуық болса, қазір бұл салада 150-ге жуық ақылы институттар, университеттер, академиялар жұмыс істейді. Сонымен қатар ақылы мектептер де жылдан-жылға көбейіп келе жатыр.

1990 жылы жоғары білім алғандардың саны 1 млн 112 мың, ал арнаулы орта білімі барлардың саны 2079,9-ға жетті. Демек, әрбір сегізінші адамның арнаулы білімі бар деген сөз. Бұдан шығатын қорытынды, Қазақстан білім жүйесі қалыптасқан, алдыңғы қатарлы өркениетті елдерден кем түспейді.

Мәселенің екінші жағы бар. Атап айтқанда, алған білімнің өмірде қолданылуы. Жалпы білім мен кәсіби білімнің арақатынасы. Бұл қоғамның және жастардың талабына байланысты. Мәселен, соңғы мәліметтер бойынша халық шаруашылығының тең жартысында жұмыс үдерісінің 50 пайыздан астамы қол еңбегімен жасалады екен. Себебі: біріншіден, озық техникамен және жаңа технологиямен қамтамасыз етілмеген. Екіншіден, оны қолданатын кәсіби маман жеткіліксіз. Сондықтан республикадағы білім жүйесін әлемдік стандарттарға сай жетілдіру күн тәртібіне қойылып отыр.

Н. Күнқожаев

3-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін мәтін ішінен тауып оқыңыз.

Орта білім, жоғары, іске асыру, жұмылдыру, қол еңбегі, кәсіптік, арнаулы, ақылы, жеткіліксіз, жоғары білім, өркениетті, қалыптасу, арақатынас, талап, қолдану, күн тәртібі.

4-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстан қандай мемлекет?
2. Қазақстанда білім беру саясаты қалай іске асырылады?
3. Қазақстанда қандай білім беру орындары бар?
4. Қазақстанның білім беру саласындағы мақсаты не?

5-тапсырма. Сөйлемді толықтырыңыз.

Керек сөздер мен сөз тіркестері: *білім беру жүйесі, оқу орындары, білім деңгейі, арнаулы, тарап, жылдан-жылға, жұмылдырылу.*

1. Қазақстан – қалыптасқан мемлекет. 2. Халықтың жоғары. 3. Әрбір сегізінші адамның білімі бар. 4. Білім беру мемлекет іске асырылады. 5. Мектептерде бала оқытуға мыңдаған мұғалім 6. Оқу орындарының саны артуда. 7. Сонымен қатар ақылы да жылдан-жылға көбейіп келе жатыр.

6-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Халық шаруашылығының тең жартысында
2. Жұмыс озық техника, жаңа технологиямен
3. Кәсіби маман
4. Республикадағы білім жүйесін әлемдік стандарттарға сай

7-тапсырма. а) жоспар құрып, мәтін мазмұнын айтып беріңіз; ә) Қазақстандағы білім беру саласының қазіргі жай-күйі туралы жаңа мәліметтер негізінде таныстырылым әзірлеңіз.

БІЛГЕНІҢ – БІР ТОҒЫЗ, БІЛМЕГЕНІҢ – ТОҒСАН ТОҒЫЗ

1-тапсырма. Білім туралы заңның ережелерімен танысыңыз.

23-бап. ОҚУШЫЛАРДЫҢ, СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫ БАСҚА ДА АДАМДАР КАТЕГОРИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Оқушылар мен студенттердің білім деңгейі және басқа да жағдайлары (денсаулығы, сабақ жүргізілетін тілді білуі және т.б.) қабылдау шарттарына сай келетін болса, онда олар өз таңдауы бойынша:

- оқуға түсуге;
- жеделдетіп оқуға;
- жеңілдікпен немесе тегін тамақтануға;
- медициналық қызметті пайдалануға;
- мемлекеттік көліктерде жеңілдікпен жүріп-тұруға;
- оқудан бос уақытта жұмыс істеуге;
- қосымша арнаулы білім алуға;
- оқу орнының өзін-өзі басқару органының жұмысына қатысуына құқығы бар;
- қалада тұрмайтын оқушылар мен студенттерге жатақханадан орын беріледі;
- мемлекеттік жоғары, орта арнаулы және кәсіптік-техникалық оқу орындарының студенттері, оқушылары күнкөріс минимумы деңгейінде шәкіртақы алуға және ҚР-дың заңдарында көзделген қосымша жеңілдіктерді пайдалануға құқылы.



ОҚУШЫЛАРДЫҢ, СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫ БАСҚА ДА АДАМДАР КАТЕГОРИЯЛАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Оқушылар, студенттер және білім алушы басқа да адамдар категориялары белгіленген талаптарға сәйкес:

- білім алуға;
- практикалық жағынан дағдылануға;
- ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;
- ҚР заңдары мен білім беру мекемесінің жарғысында көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

3-тапсырма. Мына сөз тіркестерін мәтін ішінен тауып оқыңыз.

Жылдан-жылға, соның нәтижесінде, сонымен қатар, қазіргі таңда, бұдан шығатын қорытынды, мәселенің екінші жағы бар, білім деңгейі, кәсіби маман, білім жүйесі, жоғары оқу орындары, ақылы мектептер, әлемдік стандарттарға сай жетілдіру.

4-тапсырма. а) Сұрақ-жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын айтып беріңіз; ә) тақырып төңірегінде баспасөзден қосымша мәліметтер дайындаңыз.

БІЛІМДІ БОЛУ ДЕГЕН СӨЗ – БЕЛГІСІЗ НӘРСЕНІ АШУ ҚАБІЛЕТІНЕ ИЕ БОЛУ

Әбу Насыр әл-Фараби

1-тапсырма. Сұраққа байланысты ойыңызды ортаға салыңыз.

1. *Өзіңіз оқитын білім ордасының тарихы туралы не білесіз?*
2. *Білім ордасы өзінің қандай жетістіктерін мақтан тұтады?*

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

К азақстандағы жоғары оқу орындарының бірі – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Алматыдағы Тимирязев көшесінің бойында орналасқан бұл оқу орны 1934 жылы 15 қаңтарда ашылған. Содан бері университет 70 мыңнан астам жоғары білімді маман даярлап шығарды.

1991 жылы 23 қазанда бұл жоғары оқу орнына шығыстың ұлы ойшылы, энциклопедист ғалым Әл-Фарабидің есімі берілді. 1993 жылы ҚР Президентінің жарлығымен оқу орнына ұлттық университет деген мәртебе берілді. Осыған сәйкес университет өзін-өзі басқаратын бірден-бір автономды білім ордасы болып табылады. Қазіргі таңда Әл-Фараби ҚазҰУ-да 190 ғылым докторы мен профессоры, 720 ғылым кандидаты мен доцент жұмыс істейді. Университетте 13 факультет, 17 докторлық, 12 кандидаттық Ғылыми кеңес жұмыс істейді. Университет жанында 6 ғылыми зерттеу институты жұмыс істейді. Университет әлемнің 27 ірі әрі жетекші университеттерімен әріптестік қарым-қатынас орнатқан. Университет жанында Студенттер сарайы жұмыс істейді.

1989 жылы университетте салтанатты түрде үлкен мұражай ашылды. Мұражайдан университеттің құрылуы, тұңғыш ұстаздар, алғашқы 54 студент, Ұлы Отан соғысына қатысқан оқытушылар мен студенттер туралы құнды экспонаттарды көруге болады. Көрнекті ғалым, академик жазушы Мұхтар Әуезовке арналған арнайы мүйіс бар.

1996 жылы 27 наурызда университетте ерекше оқиға орын алды. Дәл осы күні Қазақстанның Иран Ислам Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі, филология ғылымдарының докторы, университеттің түлегі, оқытушысы болған Мырзатай Жолдасбеков ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің 13 трактатының қолжазбалық көшірмесін университет мұражайына табыс етті. Аталған еңбектер 1902 жылы Бейрутте шыққан.

(Түрлі баспасөз материалдарынан ықшамдалып алынған)

3-тапсырма. Өзіңіз білім алып жүрген мекеменің Жарғысына сай студенттердің немесе оқушылардың міндеттерін атап шығыңыз.

4-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қашан ашылған? Қайда орналасқан?
2. Университет қандай мамандарды даярлап шығарады?
3. Жоғары оқу орындарына Әл-Фарабидың есімі қашан берілді?
4. ҚазҰУ қандай мәртебеге ие? Мәртебе қандай артықшылық береді?
5. Университет қызметкерлерінің құрамы қандай?
6. Университет жанында қандай институт жұмыс істейді?
7. Университет кімдермен әріптестік қарым-қатынас орнатқан?
8. Университет қандай мәдени ошақтарын мақтан тұтады?
9. ҚазҰУ-дың мұражайынан қандай экспонаттарды көруге болады?

5-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, 10 сөйлем құрастырыңыз.

Жоғары оқу орны, білім ордасы, жоғары білімді маман, оқытушысы, университеттің түлегі, ұлы ойшылы, мәртебе беру, өзін-өзі басқару, ғылым докторы, ғылыми кеңес, ғалым хатшы, ғылыми жетекші, жетекші, кафедра меңгерушісі, көрнекті ғалым, ғылыми зерттеу институты, университет, әріптестік қарым-қатынас орнату, салтанатты түрде, құнды экспонат, арнайы мүйіс, тарау, басшылыққа алу, пән, бөлім.

6-тапсырма. Дұрыс па? Бұрыс па?

1. Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Әл-Фарабидың 13 трактатының қолжазбалық көшірмесін ҚазҰУ-дың мұражайына табыс етті.
2. Аталған еңбектер 1902 жылы Бейрутте шыққан. Олар 6 тараудан тұрады.
3. Бұл трактаттарда ұлы ұстаз Платонның еңбектерін басшылыққа алып, «Ақыл-ой туралы», «Азаматтық саясат», «Абстрактілік пәндер дәлелдемесі» деген тақырыптарда ой қозғайды.
4. «Метафизика» бөлімінде Аристотель Әл-Фарабидің еңбектеріне түсініктеме берген.

7-тапсырма. Үлгі бойынша өзіңіз оқитын оқу орны туралы айтып беріңіз.

1. ҚазҰУ – беделді жоғары оқу орындардың бірі. Ол 1934 жылы 15 қаңтарда ашылған.
2. **Біздің**
3. Ол Алматыдағы Тимирязев көшесінің бойында орналасқан.
4. **Біздің**
5. ҚазҰУ-ға шығыстың ұлы ойшылы, ғалым Әл-Фарабидің есімі берілген.
6. **Біздің**
7. ҚР Президентінің жарлығымен оқу орнына ұлттық университет деген мәртебе берілді.
8. **Біздің**
9. Қазіргі таңда ҚазҰУ-да 190 ғылым докторы қызмет істейді.
10. **Біздің**
11. Бүгінгі таңда ҚазҰУ-да 13 факультет, 17 докторлық, 12 кандидаттық Ғылыми кеңес жұмыс істейді.
12. **Біздің**

45-сабақ

ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

1-тапсырма. Сұраққа байланысты ойыңызды ортаға салыңыз.

1. Сіз денсаулығыңызға көңіл бөлесіз бе?
2. Денсаулық кепілі не деп ойлайсыз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Табиғаттың адамға тарту еткен ең басты байлығы – денсаулық. Сол байлықтың қадірін түсініп, оны жас кезден бастап сақтай білген абзал. Қазақтың бір мақалы «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейді. Ал Мұхамед пайғамбар с.ғ.с. хадисінде: 1. Жасы үлкендермен сұхбат-



тасып, ғұламалардан ақыл сұрап, дәрігерлермен араласып тұрындар. 2. Ей, пенделер! Ауруларыңды емдетіндер. Алла әрбір дерттің дауасын да жаратқан, тек қана кәріліктің емі жоқ, – деп жазылған.

2001 жыл Қазақстанда Денсаулық жылы деп жарияланды. Сол жылы халықтың денсаулығын жақсарту мақсатында мемлекет тарапынан көптеген шаралар ұйымдастырылды. Мұның астарында үлкен мән жатыр. Себебі қазіргі кезде халық арасында түрлі жұқпалы аурулар мен қатерлі дертке шалдыққандардың саны өскен. Оның бірнеше объективті және субъективті себептері бар. Атап айтқанда, қоршаған ортаның, ауаның, судың, топырақтың ластануы. Халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайының нашарлауы. Адамдар арасында салауатты өмір салтының дұрыс жолға қойылауы.

Ғалымдардың пікірінше, адам денсаулығының 10-20 %-ы тұқым қуалауға, 10-20 %-ы қоршаған ортаның әсеріне, 8-12 %-ы денсаулық сақтау саласының қызметіне байланысты көрінеді. Ал 50-70 %-ы адамның салауатты өмір салтына тікелей байланысты дейді. Салауатты өмір салты деген – дұрыс тамақтану, спортпен айналысу, ішімдік, темекі, наша сияқты зиянды әдеттерден аулақ болу. Осыны ұстанған әр адамның еңбек ету қабілеті күшейіп, өзіне де, қоғамға да пайдасы көп тиеді. Осы орайда, спортпен айналысудың, салауатты өмір салтын насихаттаудың маңызы зор.

3-тапсырма. Мәтінде денсаулыққа қатысты қандай мақалдар мен қанатты сөздер қолданылған? Оларды мәтін ішінен тауып, көшіріп жазыңыз. Оларда айтылған ойды өз сөзіңізбен түсіндіріңіз.

4-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сандық деректердің дұрыстығын тексеріңіз.

Адам денсаулығының 8-12 %-ы тұқым қуалауға
50-70 %-ы қоршаған ортаның әсеріне
10-20 %-ы адамның салауатты өмір салтына
10-20 %-ы денсаулық сақтау саласының қызметіне

байланысты

5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. 2001 жылы ҚР-да қандай жыл деп жарияланды? Неліктен?
2. Адамдардың денсаулығының нашарлауын немен түсіндіруге болады?
3. Ғалымдар адам денсаулығы қандай факторларға байланысты дейді?
4. Салауатты өмір салты деген не?
5. Салауатты өмір салтын қалай насихаттау керек деп ойлайсыз?
6. Сіз салауатты өмір салтын ұстанасыз ба?

6-тапсырма. Сөз тіркестерін көп нүктенің орнына қойып жазыңыз.

Керек сөздер: Мемлекеттік тарапынан, ішімдік пен темекі және наша сияқты, Денсаулық жылы, жұқпалы аурулар мен қатерлі дертке шалдыққандардың, халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайы, тұқым қуалауға, қоршаған ортаның, саласының қызметіне, салауатты өмір салтына.

1. 2001 жыл Қазақстанда ... болып жарияланды. 2. Халықтың денсаулығын жақсарту мақсатында ... көптеген шаралар ұйымдастырылды. 3. Қазіргі кезде халық арасында түрлі ... саны өскен. 4. Қоршаған ортаның, ауаның, судың, топырақтың ластануы, ... адамдар денсаулығының нашарлануына себеп болып отыр. 5. Ғалымдардың пікірінше, адам денсаулығының 10-20 %-ы ... байланысты. 6. 10-20 %-ы ... әсеріне байланысты көрінеді. 7. 8-12 %-ы денсаулық сақтау ... байланысты болатын көрінеді. 8. Ал 50-70 %-ы адамның ... тікелей байланысты дейді. 9. Салауатты өмір салты деген – дұрыс тамақтану, спортпен айналысу, ... сияқты зиянды әдеттерден аулақ болу.

7-тапсырма. Біз дұрыс тамақтана білеміз бе? Дәрігерлердің айтуына қарағанда, адамдар тамақтану барысында мынадай 10 қателік жіберетін көрінеді. Сіз ше?

1. Тамақты өте көп жейміз. Адам ағзасы үшін күніне 2660 ккал қажет болса, біз 360 ккал артық қабылдаймыз.
2. Майлы тамақты жақсы көреміз. Адамға күніне 80 г май керек. Ал біз 132 май қабылдаймыз. Бұл мөлшер көп.
3. Ішіп-жейтін тамақты дұрыс таңдап-талғай алмаймыз.
4. Әртүрлі пайдасыз сұйық затты көп ішеміз.
5. Уақытында тамақтанбаймыз. Дастарқан үстінде тамақты тез ішіп, тез жейміз. Күніне 3 рет тамақтанған дұрыс.
6. Тәттіні көп жейміз.
7. Тамақты дұрыс дайындап, дұрыс сақтай алмаймыз. Тұзды, қуырылған тамақтарға тым әуес болмаған дұрыс.
8. Түнге қарай тамақтануды әдетке айналдырғанбыз.

9. Тағамдардың құрамына көңіл бөлмейміз. Белок, май, көміртегі, витаминдер мөлшерін де білу керек.

10. Адам тамақты өзінің жас ерекшелігіне қарай ішіп-жеу керек.

8-тапсырма. Төменде берілген тақырыптардың бірін таңдап, шағын эссе жазыңыз. Эссенің тақырыбын қалауыңызша өзгертуге болады.

Денсаулық – зор байлық

Жаны саудың – тәні сау

46-сабақ

АЛЫС ЖОЛ АТТЫ СЫНАЙДЫ, АУЫР ЖОЛ ЕРДІ СЫНАЙДЫ

1-тапсырма. Сұраққа байланысты ойыңызды ортаға салыңыз.

1. Қазақстан спортшыларының қандай жетістіктерін білесіз?
2. Өзіңіз қандай спортпен айналысасыз? Қандай жетістіктеріңіз бар?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖЕЛҰЯҚ

Баяғы заманда, осыдан 2500 жыл бұрын Грекияның Марафон деп аталатын қорғанының маңында эллиндер парсыларды жеңіпті. Осы хабарды Афинаға жеткізу үшін гректің жаушысы Марафоннан Афинаға екі өкпесін қолына алып, жаяу жүгіріп кетеді. Екі араның қашықтығы анау-мынау емес, түп-тура 42 шақырым 195 метр екен. Жаушы демалмай жаяу жүгіріп, Афинаға жетеді. Бірақ сүйінші хабарды айтып үлгереді де көз жұмады. Жаушының жүгіріп өткен жолы содан бері марафон қашықтығы деп аталыпты. Марафон кейін жарыс түрі ретінде олимпиадалық спорт бағдарламасына енген. Бұл жарыстан әлем чемпионы болған, Олимпиада жеңімпазы атанған, елдің, құрлықтың, дүниежүзінің рекордтарын жаңартқан спортшылар көп. Бірақ солардың бірде-біреуі қазақстандық Марат Жыланбаевқа жетпейді деп санайды спорт мамандары.



Мараттың Гиннес рекордтар кітабына енген табыстары мынадай: Бір жылда (1990-1991 ж.) классикалық марафон қашықтығын 226 рет жүгіріп өтіп, әлемдік рекорд жасаған. 1991 ж. 2-24 наурыз аралығында классикалық марафон қашықтығын 23 рет жүгіріп өткен. Бұған дейін әлемде ешкім 23 күнде 23 рет жүгірген емес. 1991 жылы 1-15 маусым аралығында (15 күннің ішінде) марафон қашықтығын 30 рет жүгіріп өткен. Яғни бір күнде бұл қашықтықты 2 рет жүгірген әлемдегі жалғыз спортшы – М. Жыланбаев. 1992 жылы 20 күн ішінде ұзындығы 1200 шақырым Қарақұм шөлін жүгіріп өтті. Африкадағы Сахара шөлін (1700 шақырым) 1993 ж. 24 күнде жүгіріп өткен де – Марат. Австралиядағы Ұлы Виктория деп аталатын тіршіліксіз шөл даланы (1600 шақырым) 22 күнде жүгіріп өтіп ерлік жасады. Америкадағы Невада шөлін (1218 шақырым)

17 күнде жүгіріп өткен қазақ – Марат Жыланбаев. Гиннестің рекордтар кітабына бірнеше рет енген Марат десек сенесіз бе, сенбейсіз бе? Бірақ қалай десеңіз де, Мараттың ерлігі осындай.

М. Әзімбайұлы

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Марафон қашықтығы деген не?
2. М. Жыланбаев марафон қашықтығында қандай жетістіктерге жетті?
3. Маратқа жетістіктері үшін қандай құрмет көрсетілді?

4-тапсырма. Аударыңыз. Мәтіннен мысал тауып оқыңыз.

Қорған, желаяқ, қашықтық, сүйінші хабар, құрлық, бірде-біреуі, жалғыз, ешкім жетпейді, тіршіліксіз шөл дала, екі өкпесін қолына алу, көз жұму, ерлік.

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөз тіркестерін қойыңыз.

Керек сөз тіркестері: спорт бағдарламасына енген, екі араның қашықтығы, екі аралықты демалмай, жан тәсілім етеді, жаушының жүгіріп өткен жолы, Марафон деп аталатын қорғанының маңында, екі өкпесін қолына алып.

1. Осыдан 2500 жыл бұрын Грекиядағы ... эллиндер парсыларды жеңіпті.
2. Хабарды жеткізу үшін гректің жаушысы Марафоннан Афинаға, ... жаяу жүгіріп кетеді. 3. ... түп-тура 42 шақырым 195 метр екен. 4. Жаушы ... жаяу жүгіріп келеді. 5. Сүйінші хабарды жариялап, ол 6. ... содан бері Марафон қашықтығы деп аталады. 7. Марафон кейін жарыс түрі ретінде олимпиадалық

6-тапсырма. Оқыңыз. Аударыңыз. Сөйлем құрастырыңыз.

Жаяу жарыс, жаяу жүгіру, жүгіріп өткен жолы, демалмай жаяу жүгіріп келу, жарысқа қатысу, екі араның қашықтығы, марафон қашықтығы, классикалық марафон қашықтығы, екі араның ұзындығы, әлем чемпионы, Олимпиаданың жеңімпазы атану, рекорд жасау, рекордтарды жаңарту, спортшының табыстары, олимпиадалық спорт бағдарламасына енгізу.

7-тапсырма. М. Жыланбаевтың жетістіктерін көрсетіңіз.

1. Бір жылда классикалық марафон қашықтығын ...
2. 23 күнде классикалық марафон қашықтығын ...
3. 15 күннің ішінде марафон қашықтығын ...
4. Бір күнде бұл қашықтықты ...
5. Ұзындығы 1200 шақырым Қаракұм шөлін ...
6. Ұзындығы 1200 шақырым Сахара шөлін ...
7. Ұзындығы 1600 шақырым Ұлы Виктория шөл даласын ...
8. Ұзындығы 1218 шақырым Невада шөлін ...

8-тапсырма. Дұрыс жауабын беріңіз.

1. Марафонның маңында эллиндер парсылардан жеңілді.
2. Гректің жаушысы Марафоннан Афинаға жаяу жүгіріп кетеді.
3. Екі араның қашықтығы 42 200 шақырым екен.
4. Жаушы демалмай жаяу жүгіріп, Марафонға жетеді.
5. Ол сүйінші хабарды айтып үлгермей көз жұмады.
6. Жаушы жүгіріп өткен жол Марафон қашықтығы деп аталды.

9-тапсырма. Нүктенің орнына жер атауларын жазыңыз.

.....
.....
.....
.....

-дағы
-дегі
-тағы
-тегі

Қарақұм шөлін 20 күнде жүгіріп өтті.
Сахара шөлін 24 күнде жүгіріп өткен.
Ұлы Виктория шөлін 20 күнде жүгіріп өтті.
Невада шөлін 17 күнде жүгіріп өткен.

10-тапсырма. Грек жаушысы мен қазақ желаяғының ерліктерін баяндап беріңіз.

ЖЕРІ БАЙДЫҢ – ЕЛІ БАЙ

1-тапсырма. Сұраққа байланысты ойыңызды ортаға салыңыз.

1. Қазақстан экономикасының қай салалары жақсы дамыған деп ойлайсыз? Неліктен?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

К азақстанның өркендеуі, оның азаматтарының әл-ауқатының артуы, ел қауіпсіздігінің нығаюы, экологиялық, демографиялық мәселелердің жақсы жолға қойылуы, Қарулы күштерінің күшеюі – экономика саласына тікелей байланысты. Сондықтан Қазақстанның басты стратегиясы – ашық экономика және еркін сауда саясатын ұстану.

Қазақстан жерінің байлығы оның экономикалық мүмкіндіктерін көрсетеді. Ғалымдардың есебінше, Қазақстан минерал қоры бойынша әлемде алдыңғы орында. Менделеев кестесіндегі 105 химиялық элементтің 99-ы қазақ жерінде. Оның 70 % -ы зерттеліп, 60 %-ы өндіріске енгізілген. Кен орындары жердің бетіне жақын орналасқандықтан, оларды игеру біршама оңай.

Елде 35-ке жуық химия және мұнай өндірісінің кәсіпорындары жұмыс істейді. Түрлі-түсті металлургияда 30-ға жуық кәсіпорын металл қорытып, шикізат өңдейді. Қорғасын және мырыш шикізатын өңдеумен айналысуға 15 кәсіпорын маманданған. Лондонның түрлі-түсті металл биржасында Қазақстанда жасалған өнім бірнеше рет эталлон ретінде бағаланды. Қазақстанда темір және тас көмір қорын игерумен 24 кәсіпорын шұғылданады.



Әлемдегі уран қорының төрттен бірі Қазақстанда. Уран бейбіт мақсатта электр стансаларында қолданылады. Соның ішінде әлемдегі тұңғыш нейтрон өндіріс реакторы Каспий жағалауында орналасқан. Ол электр энергиясын ғана өндіріп қоймайды. Сонымен бірге Ақтау қаласы үшін теңіз суын тұщытады.

Қазақстанның болашағы мұнай, газ кешенінің дамуына байланысты. Қазақстан үшін мұнай мен газ – аса маңызды стратегиялық сала. Мамандардың мәліметтеріне қарағанда, бүгінде Қазақстандағы мұнай мен газ шикізаттың қоры – 2,8 млрд тонна болса, табиғи газдың қоры 1,9 млрд текше метрді құрайды. Қазір Қазақстан нақты дәлелденген мұнай қоры бойынша әлемде 9-орында. Табиғи газдың қоры бойынша әлемде 15-орында, ал ТМД елдері бойынша 4-орында.

Республика шабындық және жайылымдық жерінің аумағы бойынша Австралия, АҚШ Қытайдан кейінгі орынды иеленеді. Бидайдың қатты және күшті сорттары астық дақылдарының 60 пайызын құрайды. Мал шаруашылығы – ауылшаруашылығының дәстүрлі әрі жетекші саласы. Қазақстанда балықтың бағалы тұқымдары өндіріледі, олар шетелдерге экспортталады.

Қазақстан тек шикізат өндіретін ел болып қалмау үшін экономиканың түрлі секторларын дамытуды мақсат тұтады. Мысалы, табиғи ресурстарды игеру және өңдеу, коммуникациялар мен ақпарат жүйесін дамыту, жеңіл және тамақ өнеркәсібін, машина жасаудың шағын салаларын, қызмет көрсету саласын, туризмді дамыту. Ол үшін шетелдік инвесторларды тарту көзделген.

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстанның өркендеуі неге байланысты?
2. Қазақстанның басты стратегиясы не?
3. Экономикалық мүмкіндіктердің көрсеткіші не?

4-тапсырма. Жақша ішінде берілген керекті сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

Керек сөздер: әлемде алдыңғы орында, 99-ы қазақ жерінде, өндіріске енгізілген, оларды игеру біршама оңай, кәсіпорындары жұмыс істейді, металл қорытып, шикізат өңдейді, 15 кәсіпорын маманданған, кәсіпорын шұғылданады, электр станцияларында қолданылады.

1. Қазақстан минералды қоры бойынша 2. Менделеев кестесіндегі 105 элементтің 3. Оның 70 %-ы зерттеліп, 60 %-ы 4. Кен орындары жердің бетіне жақын орналасқандықтан, 5. Елде 35-ке жуық химия және мұнай өндірісінің 6. Түрлі-түсті металлургияда 30-ға жуық кәсіпорын 7. Қорғасын және мырыш шикізатын өңдеуге 8. Темір және тас көмір қорын игерумен 24 9. Уран бейбіт мақсатта

5-тапсырма. 1-бағанадағы сөйлемдерді 2-бағанадағы сөйлемдермен толықтырыңыз.

ҚР болашағы мұнай ...	– ал ТМД елдері бойынша 4-орында.
Қазақстан үшін мұнай мен газ ...	– Каспий жағалауларында орналасқан.
Табиғи газдың қоры бойынша әлемде 15-орында, ал ...	– сонымен бірге Ақтау қаласы үшін теңіз суын тұщытады.
Әлемдегі тұңғыш нейтрон өндіріс реакторы ...	– газ кешенінің дамуына байланысты.
Реактор электрэнергиясын ғана өндіріп қоймайды ...	– аса маңызды стратегиялық сала.

ҚР мұнай мен газ шикізатының қоры – ал табиғи газдың қоры 1,9 млрд текше – 2,8 млрд тонна болса, ... метрді құрайды.
ҚР нақты дәлелденген мұнай қоры – әлемде 9-орында.
бойынша ...

6-тапсырма. Оқыңыз, аударыңыз. Олармен 10-15 сөйлем құрастырыңыз.

Ашық экономика және еркін сауда саясаты, экономикалық мүмкіндік, минералдық қор, Менделеев кестесі, кен орындары, мұнай өндірісі, түрлі-түсті, металлургия, темір және тас көмір қоры, табиғи газ, шикізатты өңдеу, қорғасын және мырыш шикізаты, мұнай-газ шикізатының қоры, нақты дәлелденген мұнай қоры, газ кешені, текше метр, маңызды стратегиялық сала, нейтрон өндіріс реакторы, маманданған кәсіпорын, электр энергиясын өндіру, өндіріске енгізу, игеру, металл қорыту, теңіз суын тұщыту.

-(ы)ншы
-(і)нші

жұрнақтары кез келген сан есімдерге жалғанып, санның ретін білдіреді. Тек *жиырма* сөзінен кейін **-сыншы** қосымшасы жалғанады. Мысалы: Ол жиырмасыншы орында.

7-тапсырма. Сан есімдерді сөзбен теріп жазыңыз. Олардың қосымшаларын анықтаңыз.

8-тапсырма. Мәтін бойынша мына сөздермен тіркесетін сөздерді анықтаңыз.

Жер – **жерінің байлығы, шабындық жер**,
Бидай –
Шаруашылық –
Балық –
Сала –
Өнеркәсіп –

9-тапсырма. Тапсырма. а) асты сызылған сөздер мен сөз тіркестеріне сұрақ қойып, сұраулы сөйлем жасаңыз; ә) сұрақтардың қай септікке жататынын анықтаңыз.

1. Республика шабындық және жайылымдық жердің аумағы бойынша Австралия, АҚШ, Қытайдан кейінгі орынды иеленеді. 2. Бидайдың қатты және күшті сорттары астық дақылдарының 60 пайызын құрайды. 3. Мал шаруашылығы ауыл шаруашылығының дәстүрлі әрі жетекші саласы. 4. Қазақстанда балықтың бағалы тұқымдары өндіріледі, олар шетелдерге экспортталады. 5. Қазақстан тек шикізат өндіретін ел болып қалмау үшін экономиканың түрлі секторларын дамытуды мақсат тұтады. 6. Мысалы, табиғи ресурстарды игеру және өңдеу, коммуникациялар мен ақпарат жүйесін дамыту, жеңіл және тамақ өнеркәсібін, машина жасаудың шағын салаларын, қызмет көрсету саласын, туризмді дамыту. 7. Шетелдік инвесторларды тарту көзделген.

10-тапсырма. Жоспарды пайдаланып, мәтін мазмұнын айтып беріңіз.

- Қазақстанның экономика саласындағы саясаты
- Қазақстанның жер байлығы

- минерал қоры
- түрлі-түсті металл
- уран қоры
- мұнай-газ қоры
- ауыл шаруашылығы
- мал шаруашылығы
- балық шаруашылығы
- дамытылуы тиіс экономика секторлары
- жоспарды іске асырудың жолдары

II-тапсырма. Баспасөз материалдарын пайдаланып, ҚР-дың экономикалық табыстары жөнінде жазылған жаңалықтарға шолу жасаңыз. Онда берілген сандық көрсеткіштерге көңіл аударыңыз: а) сан есімдердің түрі; ә) сан есімдердің қосымшалары.

ШАПҚАН ОЗАР, ЖАТҚАН ҚАЛАР


1-тапсырма. Сұраққа байланысты ойыңызды ортаға салыңыз.

1. Қазақстанда жұмыс істейтін қандай шетелдік компанияларды білесіз? Олар Қазақстан экономикасына қандай үлес қосуда?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

«ШЕВРОН» МҰНАЙ КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Қазақстан өзінің мұнай-газ қорын жедел әрі тиімді пайдалану үшін және үздік халықаралық технология, ноу-хау, ірі капиталдар тарату мақсатында халықаралық мұнай компанияларымен әріптестік қарым-қатынас орнатқан. Қазір елде ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша бірнеше шетелдік компаниялар мұнай-газ ресурстарын игеру, өңдеу, тасымалдау саласында жұмыс істеуде. Келісімшартта Қазақстанның мүддесі, экологиясы, жергілікті тұрғындардың жұмыспен қамтылуы және әлеуметтік мәселелердің шешілуі қарастырылған.



Сондай компаниялардың бірі – «Шеврон» халықаралық мұнай корпорациясы. Қазақстан мен «Шеврон» арасындағы ұзақ мерзімді іскер ынтымақтастықтың негізі 1993 жылы 6 сәуірде қаланды. Осы күні ҚР Үкіметі мен «Шеврон» корпорациясы «Теңіз» мұнай кен орнын бірігіп игеру тең

үлестік негізде «ТеңізШевройл» (ТШО) бірлескен кәсіпорын құру» туралы келісімге қол қойды. «Шеврон» – мұнайды барлау мен өндіру, тасымалдау, мұнай өңдеу, химиялық өнімдерді шығару және оларды сатумен айналысады. «Шевронның» ентанбасы 90-нан астам елде компания кеңселерін безендіруде. 1996 жылы бұл компания бірінші болып Қазақстан аумағында экологиялық ең қатаң талаптар мен стандартқа жауап беретін әлемдік деңгейдегі май құю стансалар жүйесін құруға кірісті. Қазақстан нарығында «Шеврон» майы және автомобиль двигателдерінің жұмысын жақсартатын қоспасы да танымал. 2001 жылы Атырау қаласында «Шеврон» тығыздығы жоғары полиэтиленнен жасалған құбыр шығаратын зауыттың іргетасын қалады. Зауыт сумен қамтамасыз ету, канализация, жер суландыру, телекоммуникация жүйелерінде пайдаланылатын кең спектрлі полиэтилен құбырларын шығаратын болады.

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. ҚР халықаралық мұнай компанияларымен не үшін әріптестік қарым-қатынас орнатқан?
2. Шетелдік компаниялар қандай салада жұмыс істейді?
3. ҚР «Шеврон» мұнай корпорациясымен қашан келісім жасады?
4. «Шеврон» Қазақстан аумағында қандай қызмет атқарады?
5. Қазақстан нарығында «Шевронның» қандай өнімдері белгілі?
6. «Шеврон» Атырау қаласында қандай зауыт ашты?
7. Зауыт не шығарады?

4-тапсырма. Оқыңыз, аударыңыз.

5-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып көшіріп жазыңыз.

Керек сөздер: шетелдік компаниялармен әріптестік қарым-қатынас орнатқан; оларды сатумен айналысады; мұнай-газ ресурстарын игеру; өңдеу және тасымалдау саласында жұмыс істеуде; мұнай корпорациясы; жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелерді шешу қарастырылған; компания кеңселерін безендіруде.

1. «Шеврон» – танымал халықаралық 2. ҚР өзінің мұнай-газ қорын жедел әрі тиімді пайдалану үшін 3. ҚР-да ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша шетелдік компаниялар 4. Келісімшартта ҚР мүддесі, экологиясы, 5. «Шеврон» – мұнайды барлау мен өндіру, тасымалдау, мұнай өңдеу, химиялық өнімдерді шығару және 6. «Шевронның» ентаңбасы 90-нан астам елде

6-тапсырма. Сөйлем құрастырыңыз.

	немен?	
«.....»	айналысады
компаниясы	
	
	

7-тапсырма. Етістіктерді оқып, аударыңыз. Үлгі бойынша 3 шақта түрлендіріңіз.

Үлгі: Тиімді пайдалану – *тиімді пайдаланды-тиімді пайдалануда-тиімді пайдаланады.*

Капитал тарту, қарым-қатынас орнату, игеру, өңдеу, тасымалдау, қарастыру, келісімге қол қою, безендіру, кірісу, іргетасын қалау.

8-тапсырма. Сөз тіркестерінің мағынасына сай етістіктерді теріп жазыңыз.

- Мұнай-газ қорын – **барлау, игеру, тиімді пайдалану**
- Келісімшартты –
- Бірлескен кәсіпорынды –
- Кен орындарын
- Химиялық өнімдерді –

Жергілікті тұрғындарды –
Әлеуметтік мәселелерді –

9-тапсырма. Баспасөз материалдарын пайдаланып, ҚР-дағы шетелдік мұнай-газ компанияларының қызметі жайлы ақпарат әзірлеңіз. Мұнай-газ саласына қатысты терминдерді теріп жазыңыз. Олармен сөйлем құрастырыңыз.

ЕРІНБЕГЕН ЕМЕР, ҚАЖЫМАҒАН ЖЕҢЕР

Шәкәрім

1-тапсырма. Сұраққа байланысты ойыңызды ортаға салыңыз.

1. Жеке кәсіпкерлік дегенді қалай түсіндіруге болады?
2. Жеке кәсіпкерлікпен кімдер айналыса алады?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІК ДЕГЕН НЕ?

Экономиканы нығайтып, халықтың әл-ауқатын көтерудің бір жолы – жеке кәсіпкерлікті дамыту. Сондықтан ҚР экономикасын дамытатын, халықты қажет тауарлармен, азық-түлікпен қамтамасыз ететін жеке кәсіпкерлікті қолдайды және қорғайды. Мемлекет тарапынан кәсіпкерлікке жеңілдіктер жасалып, мемлекет қорынан қарыз беріледі. Қазақстанда жеке кәсіпкерлік ту-

ралы арнайы заң қабылданған. Осы заңға сәйкес мемлекет органдарының жеке кәсіпкерлердің жұмысына тікелей араласуға құқығы жоқ. Лауазымды тұлғалар жеке кәсіпкерлердің құқығын бұзған жағдайда заң алдында жауапқа тартылады.

Сонымен, жеке кәсіпкерлік – түрлі тауарларға (қызметке, көмекке) деген тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыруға бағытталған азаматтардың қызметі. Мұндай қызметті жеке адам немесе бір топ адам бірігіп атқара алады.

Қазір жеке кәсіпкерлікпен айналысатындардың саны күннен-күнге өсуде. Пайда тауып, баю үшін, әрине, нарықтың заңдарына сүйенген дұрыс.

АҚШ азаматы Я. Гофман «Мен кәсіпкермін» деп аталатын кітабында жеке кәсіпкерлікпен айналысатындарға төмендегідей кеңес берген екен.

1. Коммерциялық идея (өтімді ой, зат) табыңыз. Сіз базарға қандай тауар шығара аласыз? Тұтынушыға қандай қызмет көрсете аласыз? Осыны елестетіңіз. Ойланыңыз. Тауарды өндіріп алып, енді қалай сатамын деу қателік. Жасағаныңызды қалай сататыныңызды алдын ала ойластырыңыз.

2. Бәсекелестіктен қорықпаңыз. Бұл зат базарда көп деп уайымдаудың қажеті жоқ. Сіздің бәсекелестерге қарсы 3 қуатты қаруыңыз бар. Олар – сапа, баға, жарнама.

3. Сапа тек жақсы бұйым, тамаша қызмет көрсету емес. Тұтынушыға тек қана бұйым қажет емес. Оған басқа да толып жатқан мәселелерді шешу керек.



Мәселен, үй тұрғызу үшін қажет қабырға блоктарын жасап сатуға болады. Алайда сатып алушыға дайын үйдің кілтін ұсыну үшін бар күш- жігерді жұмсаған дұрысырақ. Бұдан түсетін ақша да, пайда да көп.

4. Бизнес-жоспар құрыңыз. Не сату керек? Оны неден жасау қажет? Оны кім жасайды? Ол қанша тұрады? Оны саудаға кім шығарады? Сатып алушылар тауар туралы білу үшін не істеу керек? Тауардың өтімділігін қалай жолға қоюға болады?

5. Бағаны төмендетуден қауіптенбеңіз. Қайта оны тым жоғарылатып жіберуден сақтаныңыз. Пайда екі затты қымбат сатудан түспейді. Ол екі мың, тіпті екі миллион сатып алушыға тауар өткізуден немесе сонша адамға қызмет көрсетуден түседі.

6. Тауарға жарнама жасаңыз. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін пайдаланып, өз ісіңіз туралы көпшілікке ақпарат таратыңыз.

Несие алатын жер болса, алудан қорықпаңыз. Сіз несиені қосымша ақша жасап қайтарасыз. Не ақша таппай, оны қайтара алмайсыз. Бар болғаны осы-ақ. Үй салу үшін банктен ақша алыңыз, оны салып өндірістік база үшін пайдаланыңыз. Шаруашылық блогін салыңыз, ол сіздің қоймаңыз болады. Несие алыңыз да, машиналы болыңыз. Көліксіз істі жүргізу қиын. Тіпті машинаны жүргізушісімен қоса алуға да болады.

7. Барлық адамдарға тілектес болыңыз. Өйткені кез келген шенеунік, іскер әріптес, қол астыңыздағы жұмысшы – өзіңіз сияқты адам. Сізге қандай адаммен қызметтес болған ыңғайлы? Міне, өзіңіз де сондай болыңыз. Адамдардан бәрін бірден талап етпеңіз.

8. Бар жұмыртқаны бір кәрзенкеде сақтамаңыз. Ісіңіз жүріп кетсе, оған қоса тағы бір іс бастаңыз. Бірі «тынса», екіншісі демеу болады.

9. Сіздің басты байлығыңыз (капиталыңыз) – ол өзіңіз. Осы капитал 24 сағат тиімді жұмыс істеу керек. Арақ ішпеңіз, темекі тартпаңыз. Бұлар сізді кері кетіреді, азып-тоздырады. Ең бастысы, денсаулығыңызды күтіңіз.

«Қазақ елі» газетінен

3-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.

Жеке кәсіпкерлік, кәсіпкерлікпен айналысу, өтімді ой, лауазымды тұлға, жауапқа тарту, жалға алу, несие алу, жеңілдік жасау, демеу болу, демеуші болу, қауіптену, қателік, ыңғайлы, тиімді, тауардың өтімділігі.

4-тапсырма. Бұл не? Мәтінді пайдаланып түсіндіріңіз.

Жеке кәсіпкерлік	Жарнама
Коммерциялық идея	Сапа
Бизнес-жоспар	Баға
Несие	Тілектес болу
Несие	Бар жұмыртқаны бір кәрзенкеде сақтамау
Бәсекелестік	
Басты байлық (капитал)	

5-тапсырма. Берілген екі үлгінің бірін пайдаланып, әңгіме құрастырыңыз. *Нар тәуекел* деген тіркестің мәнін түсіндіріңіз.

<p><i>Мен – кәсіпкермін. Ең әуелі, нар тәуекел деп ...</i></p>	<p><i>Кәсіпкер болғым келеді. Сондықтан ол үшін нар тәуекел деп ...</i></p>
<p>1. Бизнес жоспар жасадым. </p>	<p>1. Бизнес жоспар жасар едім. </p>

ТАБИҒАТ – ТАЛ БЕСІК

1-тапсырма. Сұраққа байланысты ойыңызды ортаға салыңыз.

1. *Табиғатты, қоршаған ортаны қорғауға қоғам мүшелері қандай үлес қосуы керек деп ойлайсыз?*

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҰЙЫМ

Экология атауы гректің «үй» және «ғылым» деген екі сөзінен құралған. Экология ғылымы табиғат пен адам арасындағы байланысты зерттейді. Экология тек табиғат емес, ол – қоғам, ол – болашақ.

Адам ертеден-ақ табиғатқа, табиғи өмір сүру ортасына тәуелді еді. Бірақ өндіріс күшінің дамуымен адам осы тәуелділіктен біршама құтыла бастаған да сияқты. Мәселен, адам киім түрлерін жетілдірді, зәулім үйлер көтерді, су тасқынынан қорғайтын бөгеттер салды. Жердің қойнауындағы кенді игерді. Нәтижесінде, көп қалдықты технологияға негізделген адамның бұл әрекеті табиғи қорлардың шектелуіне, айналадағы ортаның ластануына алып келді. Ауаның, судың, топырақтың ластануынан адамдардың денсаулығына, оның өмір сүру ортасына зор қауіп төне бастады.



Ғалымдардың айтуына карағанда, табиғатты қорғаудағы бүгінгі басты стратегиялық бағыт – өндіріске қалдықсыз техно-

логиялық процестерді енгізу. Бұл қоршаған ортаның ластануын азайтады немесе оны мүлдем жояды.

1998 жылы Орталық Азия аймақтық экология орталығы құрылды (Орталық Азия АЭО). Ол – Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан мемлекеттеріне ортақ халықаралық ұйым. 1999 жылы Орталық Азия мемлекеттері үкіметтерінің ұсынысымен бұл орталықтың штаб-пәтері Алматыда ашылды. Филиалдары әр елде ашылмақ. Бұл орталыққа ҚР Үкіметі арнайы ғимарат, ал Еуропалық комиссия грант бөлді.

Орталық Азия АЭО-ның негізгі қызметі – қоршаған ортаны қорғауға байланысты іс-шараларды жүзеге асыру. Ұлттық және халықаралық тәжірибелерді пайдаланып, аймақтық және шекаралық жобаларды әзірлеу. Сол жобаларды

мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес экологиялық ұйымдардың, кәсіпкерлер мен мүдделі топтардың қатысуымен іске асыру. Жұртқа қоршаған ортаны қорғауға байланысты қабылданатын түрлі шешімдермен таныстыру, экологиялық деректер мен ақпараттар тарату. Бұған қоса, экологиялық мәселелерге ғылыми тұрғыда дөңгелек үстел, семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру.

2003 жылы орталық екі жобаны қолға алды. Біріншісі, Қазақстанның ірі кәсіпорындарында озық технологиялар мен ғылыми-техникалық жаңа әдістерді енгізу арқылы қалдықсыз таза өнім шығару технологиясы. Бұл жоба алдымен Алматыдағы екі кәсіпорында сынақтан өткізілмекші. Екіншісі, адамдарға экологиялық білім беріп, оқытуға арналған жоба. Осы мақсатта мектеп оқушыларына арналған экологиялық оқулық дайындап шығару.

3-тапсырма. Сөйлемді аяқтаңыз.

1. «Экология» гректің үй және ғылым деген 2. Экология ғылымы
3. Адам ертеден-ақ табиғатқа, 4. Бірақ өндіріс күшінің дамуымен адам
5. Адам киім түрлерін жетілдіреді, зәулім үйлер көтереді, 6. Көп қалдықты технологияға негізделген адамның әрекеті 7. Ауаның, судың, топырақтың ластануынан адамдардың денсаулығына, 8. Табиғатты қорғаудағы бүгінгі басты стратегиялық бағыт – . 9. 1998 жылы Орталық Азия 10. Ол – ҚР, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан мемлекеттеріне
11. 1999 жылы Орталық Азия мемлекеттері үкіметтерінің ұсынысымен
12. Орталыққа ҚР-дың Үкіметі ..., ал Еуропалық комиссия ... бөлді.

4-тапсырма. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойып, сұраулы сөйлем жазыңыз.

Орталық Азия АЭО-ның негізгі қызметі

1. Қоршаған ортаны қорғауға байланысты іс-шараларды жүзеге асыру.
2. Ұлттық және халықаралық тәжірибелерді пайдаланып, аймақтық және шекаралық жобаларды әзірлеу.
3. Сол жобаларды мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес экологиялық ұйымдардың, кәсіпкерлер мен мүдделі топтардың қатысуымен іске асыру.
4. Жұртты қоршаған ортаны қорғауға байланысты қабылданатын түрлі шешімдермен таныстыру.
5. Экологиялық деректер мен ақпараттарды тарату.
6. Экологиялық проблемаларға арналған ғылыми тұрғыда дөңгелек үстел, семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру.

5-тапсырма. Сөз тіркестерін аударып, оларды тиісті орнына қойыңыз.

Керек сөздер: қолға алды, мектеп оқушыларына арналған экологиялық оқулық, қалдықсыз таза өнім шығару, сынақтан өткізілмекші, экологиялық білім беру.

1. 2003 ж. орталық екі жобаны іске асыруды 2. Біріншісі, ҚР ірі кәсіпорындарында озық технологиялар мен ғылыми-техникалық жаңа әдістерді енгізу арқылы 3. Екіншісі, адамдарға 4. Жоба алдымен Алматыдағы екі кәсіпорында 5. Осы мақсатта ... дайындалып жатыр.

6-тапсырма. Тақырып бойынша мәтін мазмұнын баяндап беріңіз.

Экология ғылымының мақсаты

Экологиялық проблемалардың туындау себебі

Экологиялық проблемаларды шешудегі басты стратегиялық бағыт

Орталық Азия мен Қазақстандағы экологиялық ұйым

Экологиялық ұйымның негізгі қызметі

Орталық Азия АЭО әзірлеген жобалар

51-сабақ

ТАБИҒАТ – ҰЛЫ ҰСТАЗ

1-тапсырма. Сұраққа байланысты ойыңызды ортаға салыңыз.

1. Табиғат, қоршаған орта туралы халық түсінігі, ырымдары, тыйымдары, болжамдары жөнінде не айтып бере аласыз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ЭКОМӘДЕНИЕТТІҢ ХАЛЫҚТЫҚ ҮЛГІЛДЕРІ

Экологиялық тәрбие адамдардың санасын тәрбиелеуден бастау алады. Бұл ретте халықтық, ұлттық тәлім-тәрбиенің мәні мен маңызы зор. Мәселен, қазақ халқының бар ұрпағы бесік жырымен, зердесіне құйған мына бір тыйым сөздерді естімегендер кемде-кем. Аққуды атпа, жалғыз ағашты кеспе, көгалды таптама, көкті жұлма, құдыққа түкірме, суға түкірме, суға дәрет сындырма, құмырсқаның илеуін бұзба, құстың ұясын бұзба және т.б. Талқылауға жатпайтын, сөзсіз орындалуы тиіс бұл сөздер адамның барды қадірлеп, айналаға қырағы, қамқор бола білуін арттыруға бағытталған. Сол сияқты:

1. Қолыңда көшет тұрған кезде, қиямет-қайым болатынын анық білсең де, үлгерсең еге бер.

2. Адамдар пайдаланатын саялы дарақты кескен адамды Алла тозаққа бұйырады.

3. Егер сендердің тілсіз хайуандарға жасаған зұлымдықтарың кешірілетін болса, онда көп күнәларың кешірілген болар еді.

4. Тірі хайуаннан кесіліп алынған бір кесек ет өлексемен бірдей.

5. Қайсыбір мұсылман егін ексе немесе миуалы жеміс ағаштарын отырғызса, олардан құстар, адамдар яки хайуандар жесе, осының бәрі ол үшін садақаға жатады. Хадис қағидалары адам баласын қоршаған ортаға қамқор болуға үндейді.

3-тапсырма. Мәтіннен тыйым сөздерді тауып оқып, олардың мәнін түсіндіріңіз.

4-тапсырма. Сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, 10-15 сөйлем құрастырыңыз.

Көшет, қиямет-қайым болатынын білу, үлгерсе, егу; саялы дарақты кесу, тозаққа бұйыру; тілсіз хайуанға зұлымдық жасау, күнәларды кешіру; бір кесек ет кесіп алу, өлексемен бірдей; егін егу, миуалы жеміс ағашын отырғызу.

5-тапсырма. Тақырып бойынша өз білген-түйгеніңізді ортаға салыңыз.

1. Экомәдениет пен экосауаттың халықтық негізі.

2. Діни шығармаларындағы табиғатты қорғау мәселелері.

6-тапсырма. Төмендегі тақырыптың бірі бойынша шағын эссе жазыңыз.

Табиғат – ұлы ұстаз

Жер – ырыстың кілті

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

1-тапсырма. Сұраққа байланысты ойыңызды ортаға салыңыз.

1. Нобель туралы не айтып бере аласыз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫ

Нобель сыйлығы экономика ғылым, білім, мәдениет, әдебиет салаларына үлкен үлес қосқандарға беріледі. Ал осы Нобель сыйлығы қалай пайда болған? Нобель деген кім?

Альфрад Бернхард Нобель деген – швед кәсіпкері. XIX ғасырда өмір сүрген. Ол тоғыз жасында әкесімен бірге Петербургке көшіп келеді. Аз уақыттың ішінде орыс тілін үйреніп алады. Он тоғыз жасында химия саласын жақсы меңгерген. Менделеев, Зинин сияқты химик ғалымдармен бірге жұмыс істейді.



Нобельдің әкесінің шағын шеберханасы мен химиялық лабораториясы болған. Шеберхана мен лаборатория кейін үлкен өндіріс орнына айналады. Осы кәсіпорынның мұрагері болған кәсіпкер Альфрад Бернхард Нобель 1896 жылы 10 желтоқсанда Сан-Рейода қайтыс болады. Нобель өзінің мұрагері болмағандықтан, артында қалатын 10 млн долларды түрлі ғылым саласына үлес қосқандарға бөліп беруді өсиет етті. Қайтыс боларының алдында ол өз атынан сыйлық тағайындады.

1901 жылдың 10 желтоқсанынан бастап, Стокгольмдегі Швед академиясы жыл сайын лайық деп тапқандарын Нобель сыйлығымен марапаттап келеді.

Нобель сыйлығына ұсынылғандар алтын медаль және 500 мың АҚШ долларын алды. Соңғы жылдары ақшалай сыйлықтың көлемі 1 млн АҚШ доллары болды.

3-тапсырма. Мәтін бойынша сұраққа жауап беріңіз.

1. Нобель сыйлығы кімге беріледі?
2. Альфрад Бернхард Нобель деген кім болған?
3. Нобель қай кезде өмір сүрген?
4. Нобель әкесімен қайда көшіп келді?

5. Нобель немен айналысты?
6. Нобель сыйлығы қалай тағайындалды?
7. Нобель сыйлығы қай жерде берілген?
8. Нобель сыйлығына ұсынылғандар не алады?

4-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Нобель сыйлығы экономика, ғылым, білім, мәдениет, әдебиет салаларына 2. Альфрад Бернхард Нобель деген – 3. Ол XIX ғасырда 4. Нобель тоғыз жасында әкесімен бірге Петербургке 5. Аз уақыттың ішінде орыс тілін 6. Он тоғыз жасында химияны 7. Менделеев, Зининдермен бірге

5-тапсырма. Дұрыс жауабын көрсетіңіз.

Нобельдің әкесінің ... болған.

- а) шағын шеберханасы
- ә) шағын дәріханасы
- б) шағын кітапханасы
- в) шағын асханасы

Шеберхана мен лаборатория кейін үлкен ... айналады.

- а) оқу орнына
- ә) өндіріс орнына
- б) қала орнына
- в) мұрагердің орнына

Нобель ..., 10 млн долларды бөліп беруді өсиет етті.

- а) уақыты болмағандықтан
- ә) жұмысы болмағандықтан
- б) мұрагері болмағандықтан
- в) сыйлық болмағандықтан

6-тапсырма. Сұраққа жауап беріңіз.

Қашан?	Не істеді?
XIX ғасырда
Тоғыз жасында
Он тоғыз жасында
1896 жылы 10 желтоқсанда
1901 жылдың 10 желтоқсанынан бастап
Жыл сайын
Соңғы жылдары

7-тапсырма. Дұрыс па? Бұрыс па?

1. Альфрад Бернхард Нобель деген – ресейлік ғалым.
2. Ол тоғыз жасында әкесімен бірге Сан-Рейоға көшіп барды.
3. Аз уақыттың ішінде швед тілін үйреніп алады.

4. Он тоғыз жасында химия саласын жақсы меңгереді.
5. Менделеев, Зинин сияқты химик ғалымдармен бірге жұмыс істейді.
6. Нобельдің әкесінің шеберханасы, химиялық лабораториясы болған.
7. Нобельдің мұрагерлері көп болды.
8. Нобель өзінің мұрагері көп болғандықтан, 10 млн долларды түрлі ғылым саласына үлес қосқандарға бөліп беруді өсиет етті.
9. 1896 ж. 10 желтоқсаннан бастап, Стокгольмдегі Швед академиясы лайық деп тапқандарын Нобель сыйлығымен марапаттап келеді.
10. Нобель сыйлығының қазіргі көлемі – 50 млн АҚШ доллары.

8-тапсырма. Жоспар құрып, мәтін мазмұнын айтып беріңіз.

ТОҚСАН АУЫЗ СӨЗДІҢ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІНІ

1-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

АДАМНЫҢ ЖАҚСЫ БОЛМАҒЫ ӨЗІНЕН

Адам өмірінде сенімділік пен турашылық айрықша мағынаға ие. Сенімділіктің мағынасы – аманатты, яғни адамға берілген материалдық және рухани игілікті қорғау, оларға иелік ете алу. Адам әрдайым бақылауда екеніне, әрбір жасаған ісіне жауап беретініне сенуі тиіс. Өз дүние-мүлкінің ұрланбауын қаламайтын адамға өзгенің малын ұрлау дұрыс еместігі түсіндірілуі керек. Біреудің өзіне жасаған жамандығына қиналатыны сияқты, өзінің біреуге қиянат жасамау керектігі ұғындырылуы тиіс.

Бірақ мұндай әдеп нормаларын зорлықпен қабылдату мүмкін емес. Әрбір адамның басына бір күзетші қойсаң да, бар адамды тыныштық пен сенімдік ішінде ұстай алмайсың. Әркімнің жауапкершілігі өз ұжданында болуы қажет. Осындай көзқарасты қалыптастырмайынша, ол халықта, ол қоғамда ешуақытта ілгерілеу болмайды. Қайсыбір ұлт оқу-тәрбиеде, ұрпақ өсіруде, әдет-ғұрпында дінін сақтайтын болса, сол ұлттың болашағы зор болмақ. Ұрпақ өнегелі тәрбиеленетін болса, ұлтына, мемлекетіне деген сенімі нығая түседі. Келешекте оған мемлекет басшылығы, бар қазына-дәулет сеніп тапсырылатын болады.

Адам іс-әрекетінің, сөзінің тура болуы тәрбие арқылы жүзеге асырылады. Сенім мен турашылдықты (дұрыстықты) қалыптастыру сенім, намыс, иман арқылы жүзеге асады. Көңілінде сенімі, иманы бар адам жалған сөйлемейді, алдамайды, аманатқа қиянат жасамайды. Иман адамға өтірік айтқызбайды, өзгені алдап, мал табудан сақтандырады. Тәрбиелі, сенімі бар адам «Барлық нәрсені көретін, білетін, бар нәрсеге үкімін жүргізетін Алла тағала мені әруақытта көруде» деп ойлайды. Сондықтан жамандық ойламайды, өзгенің мүлкіне қол сұқпайды. Жұрттың өзін сыйлауы үшін алдымен өзі өзгеге құрмет етеді.

Мұндай қоғам бола ма, болмай ма деп ойлаудан абзалы осындай қоғамды құруға болатынын ойлау және оны жүзеге асыруға тырысу. Бұндай күрделі істі халық пен мемлекет біріккенде ғана іске асыра алады.



Әли Байрам

2-тапсырма. Қалаған сұрағыңыз бойынша жауап беріңіз.

1. Иман, имандылық дегенді қалай түсінесіз?
2. Қалай ойлайсыз, адам тәрбиесі неге негізделуі тиіс?
3. Мәтін авторы тәрбие көзі ретінде нені құптайды?
4. Сіз бұл ұсынысты қолдайсыз ба? Қолдасаңыз да, қолдамасаңыз да оның себебін түсіндіріңіз.
5. Адамның адамшылығын қандай іс-әрекеттерден көруге болады?
6. Сізді замандастарыңыздың қандай қасиеттері қапаландырады?
7. Өз бойыңыздағы ең жақсы қасиет не? Ол сізге қалай дарыды?
8. Абай: «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес», – деген екен. Сіз бұл жөнінде не айтар едіңіз?

3-тапсырма. «Адамның жақсы болмағы өзінен» деген тақырыпқа сіз не жазар едіңіз? Өз ойыңызды жазып, оқып беріңіз.

ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ

Ағайының көп болса,
Ұлы шерік қолмен тең.
Білімді туған жақсылар
Аз да болса, көппен тең.
Жақсысы кеткен ауылдың
Артынан жақсы шықпаса,
Өртеніп кеткен жермен тең.
Қайырсыз болса, жаман бай
Ел қонбаған шөлмен тең.
Екі жаман қосылса,
Күнде жанжал, күнде шу,
Ұяларлық ар бар ма?
Білімді туған жақсыға,
Залал қылмас мың қарға,
Жаман туған жігітке
Рахатты күн бар ма?
Өз мінін білген жігіттің
Тәлімінде мін бар ма?

БҰХАР ЖЫРАУ

Жар басына қонбаңыз,
Дауыл соқса, үй кетер.
Жаманмен жолдас болсаңыз,
Көрінгенге күлкі етер.
Жақсымен жолдас болсаңыз,
Айрылмасқа серт етер.

МАЙЛЫҚОЖА

Өңкей жақсы қосылса,
Бітіреді кеңесті.
Өңкей жаман қосылса,
Шығарады егесті.

Мәмілемен іс бігер,
Бас қосып қалса көп есті.
Жақсының жолы – жарық күн,
Жаманның жолы – көмескі.

БАЛА БИДІҢ «ЖЕРДЕН АУЫР НЕ? ДЕГЕН СҰРАҚҚА БЕРГЕН ЖАУАБЫ:

Жерден ауыр дегенім – ақыл-білім,
Судан терең дегенім – оқу-ғылым.
Оттан ыстық дегенім – адамның өмірі,
Көктен биік дегенім – тәкаппардың көңілі.

ДОСБӨЛ ШЕШЕН ҚОЛ БАСТАУ ҚИЫН БА? ЖОЛ БАСТАУ ҚИЫН БА? СӨЗ БАСТАУ ҚИЫН БА? ДЕГЕН СҰРАҚТАРҒА БЫЛАЙ ЖАУАП БЕРГЕН ЕКЕН:

Қол бастау қиын емес,
Көк найзалы ерің болса.
Жол бастау қиын емес,
Соңыңа ерген елің болса,
Бәрінен де сөз бастау қиын,
Тауып айтсаң, мереке қылады,

Таппай айтсаң, келеке қылады.

АБАЙ

1. Ер артық сұраса да азға разы болады. Ез аз сұрар, артылтып берсең де, разы болмас.
2. Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел, алдыңғы – толқын ағалар, артқы толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер.
3. Жаман дос – көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың.
4. Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас. Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол.
5. Қайратсыз ашу – тұл, тұрлаусыз ғашық тұл, шәкіртсіз ғалым – тұл.



Әсемпаз болма әрнеге.
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан!
Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да, қуғанға
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.
Пайданы көрсең бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма.

Мініңді ұрлап жасырып,
Майданға түспей бәйге алма.
Өзіңде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден.
Ақырын жүріп, анық бас
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға.



Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.



Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін,
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.



Өзгеге, көңілім тоярсың,
Өлеңді қайтіп қоярсың?!
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың.

МАҒЖАН

Махаббат – бір тікенек,
Жүрекке барып қадалар.
Бақытсыз ғой бұл жүрек,
Тамшылап одан қан ағар.

Тез жазылмақ бұл жара,
Бал тілімен сүйсе жар.
Сүймесе жүрек, дариға.
Өлер жүрек қансырар.

Махаббат – бір тәтті у,
Ішер жүрек, болар мас.
Дүниедегі у мен шу.
Мас жүректі оятпас.
Махаббат – бір тәтті у,
Ішер жүрек төгер жас.

ӘН – КӨҢІЛДІҢ АЖАРЫ

ДОС ТУРАЛЫ ЖЫП

Әнін жазған: Сейдолла Бәйтерекөвтікі
Сөзін жазған: Тұманбай Молдағалиевтікі

Іздегенде табылатын қасыңнан,
Көңілі бар қызғалдақтай ашылған.
Көріспесек сағыныштан жүдейтін,
Кім бар жақын бала күнгі досыңнан.

Қайырмасы:

Жан досым,
Үстем болсын мерейің,
Әрқашан жеңісіңді көрейін,
Сырымыз да бітпесін,
Жырымыз да бітпесін.

Қос бұтағы секілденіп ағаштың,
Қатар тұрып сырымызды сан аштық,
Жол тапсақ та, бірге жүріп жол таптық,
Адассақ та, бірге жүріп адастық.

Қайырмасы.

Өмір өзі арқамызға жүк салып,
Бәрімізді қияларға жұмсады.
Қатар ұшқан құсқа ұқсадық, әлде біз
Қатар жанған екі шамға ұқсадық.

СЫРЛАСУ ВАЛЬСІ

Әнін жазған: Әсет Бейсеуов
Сөзін жазған: Әнуарбек Дүйсенбиев

Түн жамылып келеміз, айсыз ашық аспан,
Төбемізде жұлдыздар үнсіз жымындасқан.
Бара жатқан зымырап байқалмайды уақыт.
Бұл не деген қуаныш, бұл не деген бақыт.

Алматының гүл бағын аралаймыз ұзақ,
Қиялменен кетеміз кейде алысқа ұзап.
Күйге толы көңілдер, араластық биге
Қандай ыстық осы шақ, асықпа сен үйге.

Алақанда алақан, күлімдейді көзің,
Құшағымда қуаныш, қасымда сен өзің.
Бүгінгі күн тамаша, бүгін нұрлы бар маң,
Бүгін, міне, қосылды арман менен арман.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1986.
2. Ақ бата / құраст.: С. Негимов, Т. Қазіұлы. – Алматы, 1992.
3. Ән шырқайық / құраст.: К. Қуатбаев. – Алматы, 1974.
4. Бизақов С. Элементарный курс казахского языка. – Алматы, 1996.
5. Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы, 1993.
6. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы, 1998.
7. Күнқожаев Н. Адам және қоғам. – Алматы, 2002.
8. Қазақ мақал-мәтелдері / құраст.: Ө. Тұрманжанов. – Алматы, 1997.
9. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: хрестоматия. – Алматы, 1993.
10. Қазақстан мемлекеті мен құқығының негіздері: хрестоматия. – Алматы, 1996.
11. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1996.
12. Қазақстан Республикасының рәміздері. – Алматы, 1998.
13. Қалқабаева С.Ә., Қарабаева Қ.Ә. Қазақ тілінде ресми іс қағаздар үлгілерін оқыту. – Алматы, 1999.
14. Машанов А. Табу. – Алматы, 1986.
15. Мәтіндер жинағы / құраст.: Қ. Қарабаева, Е. Әбдірәсілов, Р. Наралиева, Р. Әбдіқұлова. – Алматы, 2000.
16. Мұхамед Пайғамбарымыздың хадистері / ауд. Н. Қазыбеков. – Алматы, 1994.
17. Назарбаев Н. Қазақстан – 2030. – Алматы, 1997.
18. Нәрікбаев М. Тұғыры биік туған ел. – Астана, 2000.
19. Шешендік шиырлары / құраст.: І. Есхожин. – Алматы, 1993.

МАЗМҰНЫ

I БӨЛІМ

АЛҒЫ СӨЗ	
1-сабақ. Халқын сүйген, халқының қалпын сүйеді	
2-сабақ. Тілін білмеген, түбін білмейді	
3-сабақ. Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді	
4-сабақ. Жеті елдің тілін біл, жеті түрлі білім біл	
5-сабақ. Ерекше іс істесең, ел танырқайды, еш нәрсе істемесең ел танымайды	
6-сабақ. Жақсы жүрген жеріне кент салады, жаман жүрген жеріне өрт салады	
7-сабақ. Қала – халқының салтанаты, бала ата-ананың қолғанаты	
8-сабақ. Ұлтарактай болса да, ата қоныс жер қымбат, ат төбеліндей болс ада туып өскен ел қымбат	
9-сабақ. Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді	
10-сабақ. Ел болған ескісін сақтайды	
11-сабақ. Зат жақсысы шеберден	
12-сабақ. Шәр кітапты оқысаң, әр кітапты оқырсың	
13-сабақ. Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы	
14-сабақ. Өнерліге өлім жоқ	
15-сабақ. Талап – талмас қанат	
16-сабақ. Жақсы адамның жасын сұрама	
17-сабақ. Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай жүгірер	
18-сабақ. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын	
19-сабақ. Гүл өссе, жердің көркі, қыз өссе елдің көркі	
20-сабақ. Адасқанға жұлдыз айдай көрінер	
21-сабақ. Талапты ерге нұр жауар	
22-сабақ. Елім қандай десең, салтыңды біл	
23-сабақ. Қыз көрейік, қыз көрейік, қыз көретін жігітті біз көрейік	
24-сабақ. Ағайын тату болса, ат көп, абысын тату болса, ас көп	
25-сабақ. Құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық	
26-сабақ. Алланың өзі де рас, сөзі де рас	
27-сабақ. Біз тегіміз түрік, дініміз ислам екенін ұмытпауымыз керек	
28-сабақ. Адам досы үшін даналық сөзден артық ешнәрсе сыйлай алмайды	

II БӨЛІМ

29-сабақ. Туған елдей ел болмас	
30-сабақ. Ісінің құрылысы түзелмей, ешкімнің тұрмысы түзелмес	
31-сабақ. Туған жерге туың тік	
32-сабақ. Елтаңба – мұра	
33-сабақ. Демократиялық құқықтық мемлекет	
34-сабақ. Бас алқаңыз бар болса, жанған отқа күймессіз	
35-сабақ. Елді ер көтерер	
36-сабақ. Адамның күні адаммен	
37-сабақ. Бірлік түбі – тірлік	
38-сабақ. Сақтықта қорлық жоқ	
39-сабақ. Адам деген – ардақты ат	
40-сабақ. Адамның ақысын жеме	
41-сабақ. Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар	
42-сабақ. Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ	

43-сабақ. Білгенің – бір тоғыз, білмегенің – тоқсан тоғыз	
44-сабақ. Білімді болу деген сөз – белгісіз нәрсені аша алу қабілетіне ие болу.....	
45-сабақ. Денсаулық – зор байлық	
46-сабақ. Алыс жол атты сынайды, ауыр жол ерді сынайды	
47-сабақ. Жері байдың – елі бай	
48-сабақ. Шапқан озар, жатқан қалар	
49-сабақ. Ерінбеген емер, қажымаған жеңер	
50-сабақ. Табиғат – тал бесік	
51-сабақ. Табиғат – ұлы ұстаз	
52-сабақ. Жақсының аты өлмейді	
53-сабақ. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні	
Өлең – сөздің патшасы	
Ән – көңілдің ажары	
СӨЗДІК	
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ.....	

СӨЗДІК

Аа

абалау	иттің үруі
абзал	асыл, құрметті, ардақты
абысын-ажын	ағайынды кісілердің әйелдері
ағайын	бір әкеден тараған балалар
ағу	су және т.б. сұйық заттың қозғалысы ...
ағынды	судың қатты ағуы
адамгершілік	адамның жақсы қасиеттері
адасу	қателесу, басқа жолға түсу
ажал	өлім, қаза
ажар	адамның беті, әдемілігі
азап	қиын, ауыр
азшылық	аз болу
айқындалу	белгілі болу
аймақ	жердің географиялық бөлінісі, өлке
айналу	өз осімен қозғалу; жақсы көру
айрықша	ерекше, өзгеше
айырылу	жоғалту
айырғысыз құқық	ешкім бұза алмайтын, өзгерте алмайтын құқық
айырмашылық	ерекшелік, өзгешелік
ақпарат	хабар, мәлімет, дерек
ақы	ақша, баға, құн
ақыл	ой, кеңес
ақыры	соңы, аяғы
ала	бірнеше түстің араласуы
алақан	қолдың ішкі жағы, аясы
алауыздық	өзара келісе алмау
алдымен	біріншіден
алғашқы	ең бірінші
алып	күшті, батыр
алуан-алуан	түрлі-түрлі
аманат	біреудің міндетті түрде орындалуы тиіс өтініші
анық	түсінікті, ашық, айқын,
анықтау	нақты білу
аңду	сырттан бақылау
аң-таң болу	түсінбей қалу; қызығу
аңыз	әңгіме
апалы-сіңлілі	бір әкенің қыздары
апат	өте ауыр жағдай
араздық	реніш, өкпе
арал	су ортасындағы жер, құрлық
аралау	барып көру
арқа	дене мүшесінің атауы
арқалану	көтеру
арқан	жуан жіп
арлы	ұяты күшті, намысқой
арнайы, арнау	тек белгілі біреу үшін ғана немесе бірнәрсе үшін
арту	көбею; жүк салу

ар-абырой	ұят, намыс, бедел
ар-ождан	ұят, намыс
аскар	биік
арпа	дән, дақыл
артық	көп, мол, шамадан тыс
артылу	көп қалу
аспап	кұрал (мысалы: домбыра)
астар	киімнің, көрпенің ішкі жағы; сөздегі түпкі ой
асу	таудан өтуге қолайлы аласа жері
асығу	өте тез, жылдам қимыл
асық	сүйек
аруак	қайтыс болған адамның рухы
ат төбеліндей	өте кішкентай
ата жолын қуу	әке, аталардың ісін жалғастыру
атқару	жасау, істеу
атан	төрт жасар кестірілген түйе
ата тегі	ата-бабасы
атау	кез келген нәрсеге ат беру, оны айту
аумақ	белгілі бір шекарадағы жер
ауылшаруашылығы	ауылды жердегі іс, кәсіп (мал бағу, егін егу және т.б.)
ашу	қатты ренжуден болған жағдай
аякасты ету	керек болмай қалу, керек қылмау
аят	бөлім
Әә	
әзір	дайын
әдеп	тәртіп
әдет-ғұрып	дәстүр
әділет	дұрыстық
әйгілі	белгілі, танымал, атақты
әл-ауқат	жағдай, тұрмыс
әлгі	жаңағы
әлде	немесе
әрекет	іс, қимыл
әрдайым	әрқашан, қашанда, үнемі
әрне	кез келген нәрсе
әріптестік	бірге жұмыс істеу
әсемпаз	қызығатын, әуес
әсер	ықпал
әсер ету	ықпал ету
әскери	әскер қызметімен байланысты
әтір	иіссу
әуелі	ең біріншіден, алдымен
әулет	бірнеше ұрпақ, үрім-бұтақ
әулие тұту	ерекше қасиеті, қабілеті бар адам деп білу
әшекей	сән үшін қолданылатын бұйымдар
Бб	
байқау	көріп қалу; конкурс
бақташы	малға қарайтын адам
бала көтеру	екі қабат болу

барлау	алдын ала тексеру, бақылау, зерттеу
бас алқа	ақыл айтатын адамдар
бас-басына	әркім өзімен-өзі жүру
бас ұру	бағыну, мойындау
басқосу	бірігу
баспа ісі	кітап басу ісі
баспана	үй
бастама көтеру	жаңа ой, ұсыныс айту
бастау алу	басталу
бастыру	басып шығару: <i>кітапты баспадан басып шығартты</i>
баулау	үйрету
баяғы	ескі, бұрынғы
баяндама	белгілі бір мәселе бойынша жазбаша, ауызша ақпарат
бәйге	ат жарысы
бәлеге жолығу	жамандыққа ұшырау
бәсекелестік	жарысу, жарысқа түсу
безендіру	сәндеу, әдемілеу
бейнелеу	суреттеу
бекініс	қорған, бекет
бесті айғыр	бес жастағы жылқы
бесін намазы	түс кезінде оқылатын намаз
би	елге беделді, құрметті, сөзі өтімді адам
билер кеңесі	билердің бірігіп ақылдасатын жиыны
бидай	дән
билеуші	басқарушы
билік	басшылық
билік құру	басқару
бой	дене
босқын	үйсіз, елсіз, жерсіз қалу
бостандық	еркіндік, тәуелсіздік
бөгет	кедергі
бұйым	зат, нәрсе
бұқаралық ақпарат құралдары	радио, телевидение, газет, интернет
бұлт шалу	бұл жерде: <i>қиындыққа кездесу</i>
бұтақ	ағаштың
бүктеу	кабаттау
бүкіл	барлық, барша, күллі
білекті	күшті
бірауыздан	бәрі бірдей
бірен-саран	кейбір
бірлестік	бірігу, ұйымдасу
бірыңғай	бірдей, біркелкі
бітімгершілік	екі жақты татуластыру
ГҒ	
гүл шоғы	бір бума гүл, бірнеше гүл
ҒҒ	
ғаламшар	аспан денелері: Ай, Жер, Қызыл жұлдыз
ғаламшараралық	ғаламшарлардың арасы

ғарыш	аспан
ғарыш айлағы	ғарышқа ұшатын орын
ғарышкер	ғарышқа ұшатын адам
ғаріп	әріп
ғашық	жақсы көру
ғимарат	кұрылыс нысандары
ғұлама	оқымысты, білімді
Дд	
дағдылану	үйрену
дақыл	дән, тұқым: <i>бидай, тары дақылы</i>
дариға	шіркін, әттең, қайран
дастан	әдеби поэтикалық шығарма
дау-жанжал	ұрыс-керіс
дауыл	қатты жел
дауыл соғу	қатты жел тұру
дәрежеге жету	жетістікке жету
дәрет сындыру	дәретханаға бару
дәріптеу	мақтау
делдал	екі органы келістіретін адам
демек	яғни
демеу	көмектесу, қолдау көрсету
дербес	тәуелсіз, егемен
дерек	ақпарат, мәлімет
дерт	ауру
дертке шалдығу	ауырып қалу
дерттің дауасы	ауру емі
дирхам	алтын ақша
долы	ашуы қатты адам
дөп басу	дәл табу
дуал	қорған
дұшпан	дос емес, қас
дүние-мүлік	барлық заты
дүр сілкіндіру	ерекше таңғалдыру
дінбасы	дін қызметін басқаратын адам
дін	сенім, наным
Ее	
егес	келісе алмау, ерегесу
егін егу	бидай, жүгері сияқты дақыл, жеміс-жидек отырғызу
ежелгі	көне, ескі
езбе	көп сөйлейтін адам
елгезек	тілалғыш, пысық, ширақ адам
елестету	оймен көз алдына келтіру
елші	шетелге жіберілетін ел өкілі
елшілік	елшінің жұмыс орны
емін-еркін	ұялмай, еркін болу
ену	кіру
ереже	тәртіп, заң, қағида
ермек	жақсы көріп, бос уақытта айналысатын іс
еріну	іс істегісі келмеу, жалқаулық

ес	ми, жады
ескеру	ұмытпай, еске алу
ескерткіш	ұмытпау үшін берілетін сыйлық, орнатылатын белгі
Жж	
жабағы	малдың жаңа шығып келе жатқан жұмсақ жүні, түбіті
жабдық	керек, қажет зат, нәрсе
жабысу	заттардың бір-бірінен алынуы қиындап бірігіп қалуы
жағалау	өзеннің, көлдің, теңіздің шеті
жағымсыз	ұнамайтын, сүйкімсіз
жады	ес, ақыл
жазба	жазылған
жазык	тегіс
жазылу	аурудан емделіп жақсы болу
жайылымдық	мал азығы үшін қолайлы шөбі бар жер
жақ болу	қолдау
жақтыру	ұнату
жалауша	тудың кішкентай нұсқасы
жалғыз	бір өзі
жалмауыз	ертегілерде кездесетін қорқынышты кейіпкер
жанжал	ұрыс, керіс
жану	отқа айналу, өртену
жаппай	бәрі
жар салу	айту, хабарлау, жариялау
жара	дененің күюі, кесілуі, сырылуы арқылы зақымдануы
жарақталу	керек, қажет нәрселермен қамтамасыз етілуі
жарасым табу	бір-біріне лайықты болуы, сәйкес келуі
жаратқан, жаратушы	Алла тағала, құдай
жарғы	заң, ереже жинағы
жариялау	хабарлау, басып шығару
жарлық	заң күші бар қаулы
жаркылдау	сәуле, нұрдың ойнауы
жарық көру	шығу: <i>кітабы жарыққа шықты</i>
жарыс	сайыс, байқау
жасанды серік	адам қолымен жасалған ғарыш құралы
жатқа айту	оқымай, қарамай есте сақтау бойынша айту
жатталу	есте жақсы сақталу, ұмытылмау
жатық	әдемі, жағымды
жауапқа тарту	тәртіпке шақыру, жазалау
жаулап алу	елді, жерді күшпен алып қою
жаушы	маңызды хабарды тез жеткізетін адам
жая	жылқының майлы еті
жегу	байлау; тарту: жұмысқа жекті.
жедел	тез, жылдам
желбіреу	жел, самал әсерінен болатын қозғалыс
жеңілдік	бағаны азайту

жеңімпаз	жеңіске жеткен адам
жер қойнауы	жердің асты
жергілікті	белгілі бір жерде тұратын
жер-жаһан	бүкіл әлем
жер жырту	егін егу үшін жерді өңдеу
жер шары	жер беті
жерік болу	екіқабат әйелдің бір тағамды ерекше жақсы көріп тұруы
жесір	күйеуі қайтыс болған әйел
жете	ақыл, ми, сана
жетекші	алдағы, бағыт беруші
жеткізу	(хабар) алып бару, апарып беру, апарысып салу
жеткілікті	мол, көп
жетілдіру	дамыту
жетім	атасынан, анасынан айырылған адам
жетістік	табыс
жиын	бір жерде топталып жиналу
жойылу	жоқ болу
жоқ-барды	барлығын
жолға қою	тәртіпке салу, істету
жою	жоқ қылу, жоқ ету
жусан	шөп
жұлу	тартып алу
жұмсау	тапсырма беріп жіберу
жұмылдыру	барлық адамды, техниканы бір іске тарту
жұмыр	толық, жуан, мықты
жұмыспен қамту	жұмыс беру
жұму	жабу: көз жұму
жұрт	ел, халық
жүдеу	арық, салмақ тастаған, көңілсіз
жүзеге асыру	іске асыру, орындау
жүйе	рет
жүйрік	тез жүру, жүгіру, шабу
жүк салу	талап қою, міндет қою
жүріп-тұру	ары-бері барып келу
жыл құсы	көктемде келіп, күзде ұшып кететін құс
жылқы	ат
жымындасу	күлу, күлімдеу
жыр	өлең
жою	жоқ ету
жілік	сүйек
жіп есу	жүнді бұрап, созып жіп жасау
33	
зайырлы	білімді
залал қылу	жамандық жасау
замандас	бір тарихи кезеңде өмір сүретін адамдар
заңды түрде	заңға сәйкес
зая кету	босқа әуре болу
зеңгір көк	аспан түсті көк
зұлымдық	жамандық

Ии	
игеру	үйрену, білу
игі	жақсы
игілік	жақсылық
иелену	меншікке алу
илеу	теріні, камырды, балшықты өңдеу
иман	сену, сенім
инвестор тарту	инвестор шақыру
Кк	
кәсіпкер	жеке өз ісімен айналысу
кәсіпорын	өндіріс орны
кәмелетке толу	үлкею, есею
кеден	шетелге бару және шетелден келуді реттейтін орын
кезекті	келесі бір
кейіпкер	көркем шығармадағы басты адам, қаһарман
келеке қылу	мазақтау
келешек	болашақ
келісім	өзара келісу
келісімшарт	екі жақтың құқықтары мен міндеттерін реттейтін құжат
кемде-кем	өте аз
кеме	су көлігі
кепілдеме	бір нәрсені растайтын құжат
кен орны	жер астындағы, үстіндегі қазба байлық орны
кенже	кіші бала
кент	қала
кеңестер одағының батыры	атақ
кепіл	дәлел, айғақ, растаушы зат
керісінше	басқаша
кесене	қайтыс болған адамға орнатылатын ескерткіш
кесек ет	кесілген ет
кетік	шеті сынған зат, нәрсе
киіз басу	жүннен киіз жасау
көбі	жартысынан көп
көгал	жасыл шөп басқан жер
көде	далада өсетін майда шөп
көз жұму	қайтыс болу
көзге ұру	бірден көзге түсу
көзқарас	адамның жеке ойы
көз ілу	ұйықтап кету
көкірек	дененің мойыннан төмен кеуде тұсы; менмен адам
көлеңке	заттың күн түскендегі бейнесі
көмек	жәрдем
көмескі	көзге нақты көрінбейтін
көңіл	сезім, ой
көрік	әдемілік
көрікті	әдемі
көрінген	кез келген, бәрі

көріпкелдік	алдағы уақытта болатын істі айту
көрісу	Наурыз айында сәлемдесудің түрі; адам қайтыс болғанда бір-бірін құшатап жұбату түрі
көш	бір жерден екінші жерге орын ауыстыру
көшірме	бірінші нұсқа бойынша қайта жазу, салу
көшет	жас ағаш, гүл, жеміс-жидек бұтақтары
куәландыру	сендіру
күзетші	қараушы, сақтаушы, қорғаушы
күлкі ету	мазақтау
күллі	бүкіл, барлық, барша
күлімдеу	жымию, езу тарту
күмбез	ғимараттың үлкен шаңырағы; қайтыс болғанға қойылатын ескерткіш
күйге толы	ән салып, өлең, жыр айтқысы келетін кез
күннен-күнге	күн өткен сайын
күн шалу	бұл жерде: жағдайы жақсы кез
күнкөріс	тіршілік жасау, өмір сүру үшін жасалатын әрекеттер
күндестік	бір-бірін ұнатпайтын адамдардың бәсекелестігі
күркіреу	найзағай жарқылдағанда аспаннан естілетін дыбыс
күріш	дәнді дақыл: <i>күріштен палау жасайды</i>
күтім	қарау, жағдай жасау
күш-жігер	әл, қуат, қайрат
күю	жану
кімнің арқасында	кімнің көмегімен
кіндік	адамның, мал қарынының дәл ортасы
кіндік кесу	жаңа туылған нәрестенің кіндігін кесу рәсімі
кірісу	істі бастау
кісі	адам, қонақ
Қж	
қабырға	үйдің төрт жақтауы, адамның оң және сол жағындағы сүйегі
қабу	иттің тістеп алуы
қабылдау	қарсы алу; сынақ алу; сезіну
қабілет	адамның бойындағы ерекше қасиеті: <i>ән салу</i>
қаған	ең жоғары атақ: <i>хан</i>
қағида	ереже, заң, тәртіп
қадағалау	қарап, бақылап жүру
қадалу	кіру: <i>қолына ине кірді</i>
қажымау	шаршамау
қаз-қаз басу	баланың енді-енді жүре бастауы
қазба жұмысы	жер астында жатқанды алу мақсатында жүргізілетін жұмыс
қазылар алқасы	беделді, әділ адамдар тобы
қазына-дәулет	байлық
қайғы/лы	аянышты, өте ауыр жағдай
қайрат/ты	күш/күшті
қайсыбір	кейбір
қайырым/ды	өте жақсы, мейірімді адам

қайырымдылық	біреу үшін жақсы іс жасау
қайта жаңғырту	тағы да жаңа іс бастау
қайтыс болу	өлу, о дүниеге аттану
қайтiп	қалай
қайырсыз	ешнәрсе бермейтiн, мейiрiмi жоқ адам
қақпа	есiк
қалау	керек, қажет ету
қалану	бұл жерде: <i>керегiне жарату</i>
қалдық	көптен қалған аз нәрсе
қалыпты	бұрынғыдай, өзгерiссiз
қам жеу	ойлау, уайымдау
қамқор болу	біреуге үнемі көмек көрсетiп жүру
қамтамасыз ету	керегiн тауып беру
қанағаттандыру	керегiн тауып берiп отыру
қансырау	көп қан жоғалту
қарағай	ағаш
қарастыру	қарау, iздеу
қара түнек басу	Күннiң немесе Айдың көрiнбей қараңғы болуы
қарсаңы	алды
қару, қару-жарақ	мылтық, пышақ сияқты құралдар
қарулы күш	әскер
қарусыздану	қарусыз қалу
қарыз	қайтару үшiн алынған ақша
қарым-қатынас	адамдардың өзара араласуы, барыс-келiсi
қасиет	ерекшелiк
қастасу	жек көру, жау болу
қастерлеу	құрметтеу
қатар	рет
қатерлi	өте, аса қауiптi
қатысты	байланысты
қаулы	жиналыста қабылданған шешiм
қауiп-қатер	қорқынышты жағдай
қауiп төну	қорқынышты жағдай жақын
қауiпсiздiк	еш қорқыныш жоқ
қашау	тасты темiр, балғамен үгiту
қашықтық	жердiң алыс немесе жақындығы
қиналу	жаны ауыру, жағдайдың нашарлауы
қирау	бұзу, талқандау
қисса	дiни сюжеттегi дастан
қиыр	шығыс
қиыстыру	бiр нәрсе мен екiншi нәрсенi келтiру, үйлестiру
қия	биiк тау басы, шың
қиял	арман
қиямет-қайым	жер бетiндегi соңғы, ақырғы күн
қиянат қылу	жамандық жасау
қоздыру	асыру, еселеу, өршiту
қоғам	топ, одақ
қол	әскер
қол астындағы	билiгiнде, басшылығында
қол сұғу	араласу

қолай(лы)	ыңғай, ыңғайлы
қолдану	пайдалану
қолданыс	пайдалану
қону	түнеу
қор	қаржы, байлық; одақ
қорған болу	қорғап жүру
қорғаныс	қорғану үшін жасалатын әрекет
қорғасын	металл
қорлау	сыйламау, жәбірлеу
қорыту	металды қайнату
қоршаған орта	табиғат
қос	екі
қос қолдасу	екі қолын беріп сәлемдесу
қоспа	қосылған
қосымша	тағы да қосылған
қоршау	қоршалған жер
қоныс	адам мекені
қолжазба	қолмен жазылған, көшірілген
қорытынды	соңы, нәтиже
қуу	бұл жерде: ата жолын қуу, яғни ата ісін жалғастыру
құбыр	су, мұнай ағатын іші қуыс ұзын зат
құймақұлақ	естігенін ұмытпау
құйрық	дене мүшесі: адам құйрығымен отырады
құлан	жануар
құлын	бір жасқа жетпеген бие төлі
құмырсқа	жәндік
құндылық	бағалы, қымбат зат, нәрсе
құрам	бүтін нәрсенің бөлшегі
құрау	бөлшекті біріктіру
құрғақ	сулы емес
құр қалу	бос, пайдасыз қалу
құрлық	су ортасындағы жер
құрмет тұту	сыйлау, мақтану
құрсақ	дене мүшесі: <i>қарын</i>
құрт	сүзбеден жасалатын тағам; <i>жәндік: алмада құрт болады</i>
құрылтай	жиын, жиналыс
құрылым	бір нәрсенің құрамы: <i>университет факультет, кафедрадан тұрады</i>
құт	береке, байлық, жақсылық
құтылу	бір нәрседен азат, бос болу: <i>қарыздан құтылу</i>
құшақ	екі қолдың аясы
құшақ айкастыру	кезек, кезек екі қолмен құшақтасып көрісу
қызғалдақ	дала гүлі
қызғаншақтық	сезім: өзінікін өзгеге бермеу
қызмет	жұмыс, іс
қызмет көрсету	өзгелерге жұмыс істеу, пайда табу
қызметтес	бірге жұмыс істейтін әріптес
қызығушылық таныту	ұнатты, жақсы көрді, тамашалады

қыл	шаштың, жалдың бір талы
қырағы	өте сақ
қырып-жою	өлтіру
қыш	күйдірілген балшық
Лл	
лас	кір, таза емес
ластану	кірлеу, таза болмау
лауазым	қызмет, жұмыс
лезде	тез, жылдам
лек	топ
Мм	
мағына	сөз ұғымы, мазмұн, мән
майдан	соғыс
мақұлдау	келісу
малсақ	малжанды, малқұмар
мал шаруашылығы	мал өсірумен айналысу
маман	қызметкер, жұмысшы
мамандану	белгілі бір қызметті үйрену
манар тау	биік тау
маң	айнала, қасы, жаны
марапаттау	сыйлық беру
мас	арақ ішкен
мәдени	мәдениетке қатысты
мәжіліс	жиналыс, жиын
мәлімдеу	айту, жариялау, хабарлау
мәміле	келісім
мәлімет	ақпарат
мән	мазмұн, мағына
мәртебе	абырой, атақ, дәреже
мәслихат	мәжіліс, кеңес
медресе	діни оқу орны
мейірбан	жақсылығы көп, рақымды
мейірімділік	жақсылық, жылылық, қайырымдылық
мекендеу	белгілі бір жерде тұрып, өмір сүру
мекеме	жұмыс орны
меншік иесі	белгілі бір заттың иесі, қожасы: <i>үй иесі</i>
меңгеру	бір нәрсені жақсы үйрену, білу
мерей	абырой, атақ, дәреже
мешіт	Алла үйі
миуа	жеміс-жидек
молайту	көбейту
монша	жуынатын орын
мөр	бетінде жазу бар зат, ол құжатты растау үшін боялып басылады
мұқаба	кітаптың тысы
мұқабалы	тысталған кітап
мұқтаж	бір нәрсені аса қажет керек ету
мұрагер	заттың, нәрсенің заңды түрде екінші адамның иеленуі
мүдде	алға қойған мақсат, міндет

мүдделі	арман, тілегі бір адамдар
мүйіз	сыыр, ешкі сияқты жануарлардың басында болатын өсінді
мүйіс	бұрыш
мүлде	тіпті
мүлтіксіз	кемшіліксіз, мінсіз
мүше	дене бөлігі; белгілі бір ұйымға кіретін адам, мекеме
мызғымастық	берік, мықты болу
мықты	күшті
мырыш	химиялық элемент
мін	кемшілік
мінез-құлық	әр адамның бойынан көрінетін жаман, жақсы қасиеттер
Нн	
найзағай	жауын жауғанда аспанда көрінетін от, жаркыл
найзалы	найзамен қаруланған
нақты	дәл
намыс	ұят, ар
намысқор, намыстылық	ар, ұяты күшті адам
наным-сенім	бір нәрсеге (тіпті көзге көрінбейтін) сену
нар	бір өркешті түйе
насихаттау	айту, жеткізу
нәресте	жаңа туылған бала
нәтиже	істің қорытындысы
негіз	бір нәрсенің бастауы, түп-төркіні
негізін қалау	бір істі бастау
неғұрлым	мүмкін болғанша, мүмкіндігінше
некеге отыру	үйлену, тұрмысқа шығу
ниеттену	ықылас білдіру
нұсқа	үлгі, алғашқы
нығайту	күшейту
нышан	белгі
Оо	
озбырлық	күш көрсету
озық	алдыңғы қатарлы
ой	ақыл, ес, сан, пікір
ой қорыту	ойды жинақтап, түйін жасау
ойдағыдай	жоспарлағандай, күткендей
ойшыл	көп ойланатын, дана, данышпан
олжа	қазына, тауып алынған нәрсе
ор	қазылған жер, терең шұңқыр
орналасу	орын алу, орын табу
орнату	тұрғызу, қою: <i>ескерткіш орнату</i>
орта	толық емес, жарты; жер, орын
орталық	белгілі бір аралықтың дәл ортасы; бас, негізгі
ортеке	тауды мекендейтін ешкі тұқымдас жануар
осылайша	тура осылай
ою-өрнек	әдемі сурет, нақыш

Өө	
өзгеріс	бұрынғыдан басқа болу
өздігінен үйрену	ешкімнің көмегінсіз үйрену
өзге	басқа
өкпе	тыныс алатын дене мүшесі
өзгешелік	басқаға ұқсамайтын белгі
өкіл	ұйым, мекеме мүддесін білдіретін ресми адам
өкілдік ету	ұйым, мекеме атынан іс-әрекет жасау
өкілетті	толық ерікті, құқылы
өлке	жер, аймақ
өлексе	өлген жануар, аң денесі
өлі	өліп қалған
өмір сүру	тіршілік ету, тірі болу
өндіру	жасау, істеу
өндіріс	өнім жасаумен айналысатын жұмыс орны
өндіріс күші	жұмысшылар
өндіріс орны	өнім жасаумен айналысатын жұмыс орны
өндіріске енгізу	жаппай пайдалану, қолдану
өнегелі	үлгілі
өнер	шеберлік; шығармашылық жанр
өнерлі	дарынды, қолынан іс келетін адам
өну	өсу
өңдеу	жақсарту, әдемілеу
өңкей	тек, біркелкі
өңір	жер, аймақ
өркендеу	даму
өрт	от
өртену	отқа орану
өсиет ету	өзінен кейінге ақыл, кеңес беру
өткір	
өнерпаз	өнерлі адам
Пп	
пайда болу	жоктан бар болу
пайдасын кетіру	қолында бар нәрсені жоғалту
пайыздық үлес	заттың белгілі бір бөлігі
пара	ақша
парасат	ақыл, ой, сана
парыз	міндет
патша	ел басқарушы
пәк	таза
пәктік	тазалық
пәрменді	күші бар, белсенді
перзент	бала, ұрпақ
періште	күдайдың көмекшілері
пиғыл	ой
пырақ	канатты тұлпар
пысықтай түсу	қайта, қайта жетілдіру, мұқият тексеру
Рр	
разы болу	қуану

растау	дұрыстығын айту, мақұлдау
расында	шын, шынымен, шындығында
рақат	жанға жайлы, жан тыныштығы, ләззат
ресми	арнайы, ерекше
рухани	адамның ішкі жан дүниесі, жанына байланысты
ру-тайпа	туыс адамдар тобы
рухани игілік	адамның жан-дүниесіне қатысты жақсылықтар
Сс	
сабақ	үлгі, өнеге; өсімдіктің бір бөлігі; оқу сағаты
сағыныш	аңсау, қалау
садақа	жағдайы төмен адамдарға қайтарымсыз берілетін зат, ақша
саз аспабы	музыка аспабы
сақа	асықтың ең үлкені; тәжірибелі, беделді адам
сақ болу	абайлау, қорғанып жүру
сақтаулы	ұзақ уақыт тастамау; аман алып қалу
сақтық	абай, қырағы болу
сала	бөлім, бөлік, тармақ
салауатты өмір салты	зиянды нәрседен аулақ болу: темекі, ішімдікті қолданбау
салдар	себеп, нәтиже
салтанатты түрде	үлкен дайындықпен мереке түрінде
салық	адамдардан, мекемелерден мемлекет қазынасы үшін ақшалай алынатын алым
салыстыру	екі, одан да көп заттардың өзара артық-кемшіліктерін анықтау
сан, саналық	заттың есебі
санақ	белгілі бір нәрсенің, заттың санын анықтау
санаққа ілінбеу	саналмай қалу
сапа	нәрсенің, заттың ерекшелігі
сараңдық	ешнәрсені өзгеге бермеу
сараптау	талдау, зерттеу
саудагер	тауар сатумен айналысатын адам
саясат	ел, адам мүддесін қорғау бағыты
саяси	саясатпен байланысты
саялы дарак	(көлеңкесі) үлкен ағаш
сәтті болу	жақсы аяқталу
себепші болу	бір нәрсенің болу, болмауына әсер ету
сүйену	бір нәрсеге тірену
сирек	өте аз
сия	баяу
сәті жету	кезі келу
сегіз қырлы	жан-жақты, өнерлі
сезім	құбылыстар мен адамдардың бір-біріне әсерін байқау қабілеті
секілдену	ұқсау
сенімділік	сену, сенім арту
серуендеу	қыдыру, саяхаттау
серт ету	уәде беру
соңына еру	біреудің артынан ілесіп жүру, айтқанын істеу

сора	өсімдік
сөз сарасы	таза, анық, айқын сөз
сөзсіз орындау	бірден орындау
сыпайылық	әдептілік, кішіпейілдік
сынақтан өткізу	байқау өткізу, емтихан алу
сынақшы-ұшқыш	жаңа ұшақты айдап тексеретін
сұлы	өсімдік
сұраныс	қажет ету
сүріншек	тайып кету, құлауға сәл қалу
сыртқы	ішінде емес
сыйласу	адамдардың бір-бірін құрметтеуі
сыр	бәріне бірдей айтыла бермейтін құпия
сырласу	ішкі ойларымен, құпияларымен бөлісу
ТТ	
табанды	тұрақты, тиянақты
табандылық	тұрақтылық, тиянақтылық
табиғи	табиғат өзі жаратқан, жасанды емес
тағайындау	қызмет беру
тақтай	жұқа кесілген ағаш
талап	міндет, жауапкершілік
талап ету	міндеттің сөзсіз орындалуын қажет ету
талқылауға жатпау	зерттеуді, тексеруді қажет етпеу
талу	естен айырылу, есінен ауып қалу
тамақ өнеркәсібі	тамақ жасаумен айналысатын сала
тамшы	судың ең кішкене бөлігі
тамшылау	судың бөлініп, бөлініп ағуы
танымал болу	белгілі, әйгілі болу
таңба	белгі, сурет
таңғал(дыр)у	өзгелерді еріксіз қызықтыру
таңырқау	не болғанын бірден түсіне алмай ойланып не қарап қалу
таптау	басып кету
тарап	екі немесе үш жақ
тарату	үлестіру, хабарлау, көпшілікке жеткізу
тарихи	тарихқа байланысты
тарту ету	сыйлыққа беру
тас көмір	қара түсті, жанатын қазба байлық
Тасқын	сел
тасымалдау	бір жерден екінші жерге апару
тату	өзара ұрыспай дос болу
татулық	достық
тауар	сатылатын зат
тауардың өтімділігі	тауардың сатылып кетуі
тауысу	бітіру, жоқ ету
тәж	патша, ханның бас киімі
тәжірибе	белгілі бір істі ұзақ уақыт бойы істеп, оны жақсы меңгеру
тәкаппар	өзімшіл, менмен
тәкаппарлық	өзімшілдік, менмендік
тәлім-тәрбие	үлгі, өнеге

тән	дене
Тәңір	Құдай, Алла, Жаратқан, Жаратушы
тәрбиелеу	белгілі бір әрекетке үйрету
тәсіл	әдіс
тегін	ақшасыз, пұлсыз
тегіс	біркелкі, жазық
тең	бірдей
теңелу	бірдей болу
терең	түбі көрінбейтін қашықтық
теру	жинау (мысалы: гүл теру, алма теру)
тері	адам, жануар денесін орап тұрған қабы
тиек	домбыра сияқты аспаптардың ішегін көтеріп тұратын тіреу
тиімді	пайдалы
тобық	аяқтың өкше тұсындағы томпақ сүйек
тозақ	діни наным бойынша азап тартатын орын
тоқталу	тұру, аялдау, қою
толғану	ұзақ ойлану
толғату	әйелдің босанар алдында киналуы
толық	жартылай емес, түгел
топырақ	жер беті
тою	асқазанда асқа толтыру
төбе	топырақ, құм немесе тас үйіндісі
төгу	шашу, ақтару
төл басы	үй жануарының бірінші төлі
төңірек	айнала
төр	есіктен жоғары орын
төс	кеуде, көкірек сүйегі
төтенше	күтпеген, ерекше, айрықша
тура	дәл
турашылық	дұрысын айтатын, әділдік
туыстық	бір туған
тұқым	дән; түр; жұмыртқа;
тұрғызу	орнату, салу: <i>үй салу</i>
тұл	бос, құр, бекер
тұлға	көрнекті адам
тұлым	кішкентай баланың шашы
тұрақтылық	өзгермеу
тұрғызу	орнату, салу
тұрғын	тұратын адам
тұрлау	тұрақ, тұрақты
тұрмыс-тіршілік	күнделікті өмір
тұсы	қасы, жаны, маңы
тұт	ағаш: <i>жібік құртын өсіру үшін пайдаланылады</i>
тұтас	түгел, бәрі
тұтастық	бірлік
тұтынушы	белгілі бір тауар, қызмет түрін пайдаланушы
тұщыту	судың тұзын азайту, ішуге жарамды ету
түгел	бәрі, тегіс
түсінік	бір нәрсе туралы қалыптасқан ұғым, білім

түз	дала
түзеу	дұрыстау
түзу	қисық емес, оқтай
түйе	төрт түліктің бірі, өркешті жануар
түйін	қорытынды, байлам, шешім
түлек	жас ұрпақ, жас буын
түн жамылу	түнде
тығыздық	қалыңдық, беріктік, мықтылық
тыйым салу	рұқсат бермеу
тым	өте, аса
тыну	біту
Тізгін	атты тоқтатуға арналған жіп
тілектес	тілегі бір
тілі орамды	тілі икемді, ыңғайлы, қолайлы
тікенек	өсімдіктің ине сияқты үшкір бөлігі
тірлік	іс-әрекет
тірі	өлмеген
тірілтіп алу	өлімнен құтқару
тіршілік	өмір
Уу	
у-шу	айғай
уағыздау	айту, насихаттау
уайымдау	ойлау, мазасыздану
уық	киіз үйдің шаңырағына шаншылып керегеге байланады
Үү	
ұғындыру	түсіндіру
ұғым	ой, түсінік
ұғымтал	ақылды, тез қабылдайды, түсінеді
ұждан бостандығы	ар, намыс бостандығы
ұзақ мерзімді	көп уақыт алатын
ұқсау	бірдей болу
ұлтарақ	аяқ киімнің табанына төселетін зат
ұлыс	ел, мемлекет
ұмтылу	алға басу, тырысу
ұрпақ	бала
ұсак	кішкентай, майда
ұстаздық ету	мұғалім, оқытушы болу
ұстану	белгілі бір бағытты сақтау
ұстахана	темір шеберханасы
ұсыныс	пікір, тілек
ұрлау	көрсетпей, рұқсатсыз алу
ұрпақ	бала
ұрыс қабілеті	соғыс, майдан жүргізу ерекшелігі
Үү	
үдеріс	қозғалыс
үйрену	білу
үйінді	бір орынға биік болып жиналған зат, құм
үлес қосу	ортақ іс үшін әркімнің өзінше еңбек етуі

үлгеру	кеш қалмау, кешікпеу
үлгі	өнеге, қалып
үміт	сенім
үміт ұзу	сенімді жоғалту, күдер ұзу
үндеу	жұртты бәр іске шақыру, ұран тастау
үрейі ұшу	қатты қорқу
үру	иттің абалауы
үстем	басым, күшті
Xx	
хайуан	жануар, аң
хандық	билік
хақылы	құқығы бар
хал үстінде жату	қатты ауыру
Шш	
шабу	шөпті кесу, ору; атқа мініп қатты жүріп кету
шабындық	мал азығын дайындау мақсатында шөп өсірілетін жер
шағу	тістеп алу: <i>маса шақты</i>
шағын	кішкене, үлкен емес
шам	жарық беретін зат
шанақ	домбыра, қобыз сияқты аспаптардың бөлігі
шапқат	жақсылық, жылу, шапағат
шапқыншылық	жаулап алу, басып алу
шаруашылық	іс
шаршы шақырым	километр
шаһар	қала, кент
шәкірт	оқушы
шәкіртақы	оқушыға берілетін ақша
шәр кітап	төрт негізгі діни кітап
шебер	өз ісін жақсы меңгерген адам
шеберхана	шебердің жұмыс орны
шегіну	артқа кету
шежіре	тарих
шекара	аумағы белгеленген жер
шекарашы	шекараны қорғайтындар
шексіз өмір	жалғаса беретін мәңгілік өмір
шектеу	шек қою, тежеу, мөлшерлеу
шенеунік	үкімет қызметіндегі адам
шеңбер	дөңгелек
шерік қол	көп жауынгер, әскер
шешен	жақсы сөйлейтін адам
шешім	соңғы сөз, қорытынды
шикізат	өңделмеген қазба байлық
шипa	ем, дауа
ширақ	пысық, епті
шоғырлану	бір жерге жиналу
шөбере	немеренің баласы
шөл	сусыз дала
шұғылдану	айналысу
шүкіршілік жасау	рақмет айту, ризашылық білдіру

шілдеhana	туылған нәрестеге қырық күннен кейін жасалатын салт
шығыстану	шығысты зерттейтін ғылым саласы
шылбыр	атқа байланатын жіп
шырақ	жарық, шам
шіркеу	христианша құдай үйі
Ыы	
ығыстыру	итеру
ықпал ету	әсер ету
ымырасыз	келіспеу
ықшамдау	азайту
ынтымақ	бірлік, татулық
ыңғайлы	қолайлы
Іі	
ілгерілеу	алға жүру, басу
ірі	үлкен
ірге	үй қабырғасының төменгі жағы
іргетас	үйдің қабырғасын тұрғызу үшін құйылатын негіз
іргетасын қалау	таңдап, сұрыптап алу
іріктеу	таңдап алу
іске асыру	жасау
іске епті	пысық
іскер	қолынан іс келетін адам
іс-шара	түрлі жиын, жұмыс
Әә	
эпикалық жыр	батырлық жыр, эпос
Яя	
яғни	демек
яки	немесе

Қысқарған сөздер

БАҚ – Бұқаралық ақпараттар құралы

БҰҰ – Біріккен ұлттар ұйымы

ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы

ЕҚЫҰ – Еуропадағы Ынтымақатастық және қауіпсіздік ұйымы

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1986.
2. Ақ бата / құраст.: С. Негимов, Т. Қазіұлы. – Алматы, 1992.
3. Ән шырқайық / құраст.: К. Қуатбаев. – Алматы, 1974.
4. Бизақов С. Элементарный курс казахского языка. – Алматы, 1996.
5. Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы, 1993.
6. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы, 1998.
7. Күнқожаев Н. Адам және қоғам. – Алматы, 2002.
8. Қазақ мақал-мәтелдері / құраст.: Ө. Тұрманжанов. – Алматы, 1997.
9. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: хрестоматия. – Алматы, 1993.
10. Қазақстан мемлекеті мен құқығының негіздері: хрестоматия. – Алматы, 1996.
11. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1996.
12. Қазақстан Республикасының рәміздері. – Алматы, 1998.
13. Қалқабаева С.Ә., Қарабаева Қ.Ә. Қазақ тілінде ресми іс қағаздар үлгілерін оқыту. – Алматы, 1999.
14. Машанов А. Табу. – Алматы, 1986.
15. Мәтіндер жинағы / құраст.: Қ. Қарабаева, Е. Әбдірәсілов, Р. Наралиева, Р. Әбдіқұлова. – Алматы, 2000.
16. Мұхамед Пайғамбарымыздың хадистері / ауд. Н. Қазыбеков. – Алматы, 1994.
17. Назарбаев Н. Қазақстан – 2030. – Алматы, 1997.
18. Нәрікбаев М. Тұғыры биік туған ел. – Астана, 2000.
19. Шешендік шиырлары / құраст.: І. Есхожин. – Алматы, 1993.